

Сулейман Демирель атындағы университет

Абнасырова Райхан Жалгасбаевна

ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОСТІЛДІЛІГІНДЕГІ ИНТЕРКАЛЯЦИЯ

Оқу құралы

Алматы 2014

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2.
А 15

Пікір жазғандар:

М.Малбақов – филология ғылымдарының докторы, профессор

Б.Сүйерқұл – филология ғылымдарының докторы

Қ.Мұхамеди - филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Абнасырова Р.Ж.

А 15 Қазақ-орыс қостілділігіндегі интеркаляция: оқу құралы/
Р.Ж.Абнасырова . – Алматы: С.Демирель атындағы университет, 2014. -110
б.

ISBB 978-601-7537-02-9

«Қазақ-орыс қостілділігіндегі интеркаляция» атты оқу құралы қостілділік жағдаятындағы қазіргі қазақ сөйлеу тіліндегі интеркаляция мәселесіне арналады.

Оқу құралында келтірілген тілдік деректер, нәтижелер қоғамның сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші бола отырып, бүгінгі тіл тазалығының қандай дәрежеде екендігін, лингвэкологияның қай бағытқа қарай ойысып бара жатқандығын және қай дәрежеде екендігін бағамдауға мүмкіндік береді. Жұмыста берілген бақылау нәтижелері, тұжырымдар мен қосымша материалдар *Әлеуметтік лингвистика, Жалпы тіл білімі, Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Практикалық стилистика, Тіл мәдениеті және Тілдік қатынастар теориясы* курстарын оқытуда қажеттілікті өтей алады.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBB 978-601-7537-02-9

КІРІСПЕ

Ғылымның кез келген саласынан өз кезеңінің қоғамдық-әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратын зерттеулерді талап етуі – заңды құбылыс. Мұндай күн талабынан туындаған өзекті мәселелердің өз шешімін табуы соны бағыттағы зерттеулердің ғылым кеңістігінде алдыңғы кезекке шығуына алып келеді. Бүгінгі таңдағы қазақ және орыс тілтанымында стилистика, сөйлеу мәдениеті, тілдің әлеуметтік диалектілерінің саралануы мен дамуы зерттеушілер назарын өзіне аударып отыр. Оның басты себептерінің бірі – қоғамдағы қарқынды өзгерістер және ол өзгерістердің тіл қызметінде көрініс табуы. Осыған орай тіл білімінің міндеті: біріншіден, тілде көрініс тапқан беталыстарды анықтау; екіншіден, айқындалған жаңа тілдік құбылыстарды сарапқа сала отырып, іріктеу және талдау; үшіншіден, мұндай тілдік ерекшеліктердің орын алуына себеп болған факторларды көрсету; төртіншіден, бұл өзгерістерді тілдің дамуымен байланысты жүзеге асатын тілдік ерекшеліктері ретінде тану, қабылдау немесе басқаша бағалаудың ғылыми негіздемесін жасау болып табылады. Бұл айтылғандар зерттеу жұмысының өзегін құрайтын қостілділік жағдаятындағы қазіргі қазақ сөйлеу тіліндегі интеркаляция мәселесіне де қатысты. Ана тілінің басқа тілдермен қарым-қатынасы нәтижесінде туындаған интерференция мәселесі таза лингвистикада ғана емес, психолингвистика және әлеуметтік лингвистика үшін де өзекті саналады.

Қазіргі қазақстандықтардың сөйлеу тілінде көп ұшырасатын, тіпті кейбір жағдайларда «сөйлеу нормасы» ретінде қалыптаса бастаған жаңа тілдік көріністер міндетті түрде лингвистикалық талдауды қажет етеді. Бұл қостілділік пен көптілділікке қатысты келелі мәселелерді анықтау барысында тіл үйретудегі интерференцияға қатысты туындаған көптеген сауалдардың өз шешімін табуына септігін тигізеді.

Интерференция қостілдінің сөйлеу тіліндегі бірінші тілдің T_1 әсерінен болған екінші тілдегі T_2 нормадан ауытқушылық болса, интеркаляция екінші тілдің T_2 әсерінен болған қостілдінің бірінші тіліндегі T_1 нормадан ауытқушылық. Тілтанымда қостілділік құбылысы У. Вайнрайх, Е.М. Верещагин, М. Джусупов, А.Е. Карлинский, М.М. Копыленко Э.Д. Сүлейменова, Б. Хасанұлы, Э. Хауген, Д.Д. Шайбакова, Л.В. Щерба еңбектерінде лингвистика, психолингвистика, лингводидактика деңгейінде және контрастивтік тұрғыда жан-жақты қарастырылған. Мәселен, ішкі және сыртқы лингвистика тоғысындағы тілдердің өзара әсері А.Е. Карлинскийдің еңбектеріне нысан болса, Б. Хасанұлы қазақ-орыс қостілділігін әлеуметтік лингвистика тұрғысынан үдеріс ретінде анықтап, оның даму бағдарын бақылауға болатындығын дәлелдеген. Жалпы қостілділік құбылысына

қатысты зерттеулердің басым бөлігі оның жалпы сипаттамасын жасаумен байланысты болып келеді (О.Б. Алтынбекова, З.К. Ахметжанова, Ю.Д. Дешериев, Ю.А. Жлуктенко, М.М. Копыленко, Н.Б. Мечковская, Э.Д. Сүлейменова, К.Х. Ханазаров). Ал қостілділікке тікелей қатысты интерференция мәселесі үш түрлі аспектіде жүргізіліп келді: фонетикалық (Г.А. Абдусаматова, К.М. Байбульсинова, М.К. Исаев, Н.А. Любимова, А.И. Рабинович), лексика-семантикалық (С.А. Абдигалиев, Э.М. Ахунзянов, В.М. Дебов, К.З. Закирьянов, А.Е. Карлинский, М.В. Никитин, М.Т. Тезекбаев), грамматикалық (З.К. Ахметжанова, Л.Н. Ковылина, М.М. Копыленко, С.С. Сорокина, Л.М. Уман). Сондай-ақ, студенттік микроәлеуметтік қауымдастықтағы орысша-қазақша типті қостілділік әлеуметтік лингвистикада Г.А. Досмухамбетова тарапынан зерттелген. Аталған еңбектерде қостілділік мәселесіне, көп жағдайда, орыс тіліне қазақ тілінің немесе басқа тілдердің әсерін айқындау тұрғысынан келеді. Бұл, яғни ана тілінің екінші тілге әсері жалпы интерференцияға байланысты еңбектердің басым көпшілігіне тән. Ал керісінше, екінші тілдің ана тіліне ықпалы және қазақ ауызекі сөйлеу тіліне орыс тілінің тигізетін кері әсерін көрсету, нақты айтқанда, түрлі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тіл деңгейлерінде көрініс беретін қалыпты сөйлеу нормаларынан уәжді/уәжсіз ауытқулардың болуы және оны тудырушы факторлар ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Жұмыс барысында қостілділік мәселесіне қатысты З.К. Ахметжанова, Л.И. Баранникова, У. Вайнрайх, Д.Ю. Дешериев, М. Джусупов, Ю.А. Жлуктенко, К.З. Закирьянов, М.К. Исаев, А.Е. Карлинский, В.Ю. Розенцвейг, Э.Д. Сүлейменова, Б. Хасанұлы, Э. Хауген және т.б. ғалымдар еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды.

Ұсынылып отырған еңбекте қостілділік және фонетикалық, лексикалық, грамматикалық интерференциялардың зерттелуіне толық тоқтала отырып, интеркаляцияның табиғатын ашуға және интерференция мен интеркаляцияның ара жігін ажыратуға тырыстық. Қазақ-орыс қостілділігінде кездесетін интеркаляциялық бірліктердің де интерференция тәрізді тілдің барлық деңгейлерінде көрінетіні мысалдар арқылы дәлелденді.

Қазақ-орыс қостілділігіндегі ауызекі сөйлеу тілінде ұшырасатын интеркаляциялық бірліктерді анықтау мақсатындағы зерттеудің *дереккөздері* ретінде 2006-2010 жылдары Қазақстан телеарналарынан көрсетілген түрлі бағдарламалар және күнделікті қарым-қатынастағы бақылау әдісі арқылы жинақталған қазақ сөйлеу тілінде кездескен материалдар алынды: «Қазақстан» телеарнасынан 2009 жылдың қыркүйек–желтоқсан айларында көрсетілген «Екі жұлдыз» бағдарламасына қатысушылардың және «Ел арна», «Хабар» телеарналарындағы түрлі жаңалықтар мен бағдарламалар тілі;

Алматы қаласында тұратын А. және Қ. отбасы мүшелерінің сөйлеу тілі; Сүлейман Демирел атындағы университеттің инженер, филология факультеті 1-курс студенттерінің сөз қолданыстары; Сүлейман Демирел атындағы университет оқытушылары және түрлі жағдайлардағы қоғамдық-әлеуметтік салада кездескен адамдардың сөйлеу барысындағы сөз қолданыстары; қала тұрғындарының әр түрлі жағдайлардағы сөйлеуі мен жарнама тақталарының тілі алынды.

Кітапта келтірілген тілдік деректер, нәтижелер қоғамның сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші бола отырып, бүгінгі тіл тазалығының қандай дәрежеде екендігін, лингвоэкологияның қай бағытқа қарай ойысып бара жатқандығын және қай дәрежеде екендігін бағамдауға мүмкіндік береді. Жұмыста берілген бақылау нәтижелері, тұжырымдар мен қосымша материалдар *Әлеуметтік лингвистика*, *Жалпы тіл білімі*, *Тіл біліміне кіріспе*, *Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы*, *Практикалық стилистика*, *Тіл мәдениеті* және *Тілдік қатынастар теориясы* курстарын оқытуда қажеттілікті өтей алады,

БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚОСТІЛДІЛІК ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ

Қостілділік – әлеуметтік лингвистикалық құбылыс

Өзінің ұлттық ортасынан тыс жерлерде өмір сүріп отырған қандайда бір ұлттың немесе ұлт бөлшектерінің жаппай екі тілде не одан да көп тілде сөйлеуі өмірлік қажеттіліктен туындайды. Негізінен, өзінің ана тілімен қатар сол ортадағы жетекші рөл атқаратын басқа ұлттың тілін қарым-қатынас жасау үшін пайдаланады. Қазіргі заманда екі не одан да көп тілді қолданбайтын қоғам (мемлекет) әлемде сирек кездеседі. Демек, бұл – жалпы адамзат қоғамына тән әлеуметтік лингвистикалық құбылыс. Ол «қостілділік» деп аталады.

Қостілділік қазақтың қос («екі» сөзімен мәндес) және «тіл» (адамдардың өзара қарым-қатынас құралы) деген сөздерінен тұрады. Бұл – орыстың «двуязычие» («два», «язык» деген сөздерінен тұрады) және билингвизм (bi – «екі» және lingua – «тіл» деген сөздерінен, орыс тілінде – кірме сөз) сөздерінің қазақша баламасы.

Қостілділік тіл білімінде жаңа пайда болған жоқ. Бұл проблеманы ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Г. Грюнбаум, Э. Виндишем, Г. Шухардт қарастырып еңбектер жазған. Кейіннен осы мәселені тереңінен үңіліп қарастырған ғалымдар И.А. Бодуэн де Куртенэ, В.А. Богородицкий, Е.Д. Поливанов, Л.В. Щерба, В. Розенцвейг т.б. болды. Әсіресе, осы ауданға үлкен мән беріп, «Languages in Contact» атты белгілі еңбек жазған ғалым – У. Вайнрайх. Алайда Р. Якобсон өз еңбегінде «Изучение двуязычия, которое в течение долгого времени недооценивалось или вообще не рассматривалось, постепенно становится одной из центральных задач нашей науки» деген мәселені алға тартты [1, 201 б.].

Қостілділік – тілдің қызметі, құрылымымен байланысты көп аспектілі құбылыс ретінде лингвистика, әлеуметтану, психология, этнолингвистика, этнопсихологиямен байланысты. Тілдер қатынасы теориясының негізін салушы У. Вайнрайх анықтамасы бойынша, екі тілді алма-кезек қолдану практикасы – қостілділік.

Отандық тіл білімінде қостілділік мәселесі М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е. Байбульсинова, М.К. Исаев, А.Е. Карлинский, М.К. Мурзағалиева, Ж.Ж. Нуртаева, А.И. Рабинович, М.Р. Сабитова, Э.Д. Сүлейменова, Т.Я. Зенкова, Г.А. Габдуллина, Н.С. Мұстафа, Б. Хасанұлы, К.М. Абишева, Б.Х. Исмагулова т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Жалпы кеңес және шетел тілшілерінің еңбектерінде тілдік қарым-қатынас мәселелері үш түрлі: *лингвистикалық, әлеуметтік және психологиялық* тұрғыдан қарастырылады. А.Е. Карлинский тілдік қатынастарды зерттеудің әрбір әдісінің ерекшелігін былай анықтайды: «Тілдердің қарым-қатынасының әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері қостілділіктің туындауы себептерін, ал психоллингвистикалық факторлар – тілдік қарым-қатынастың механизмін ашса, лингвистикалық аспекті тілдік қатынастың нәтижелерін қарастырады. Алайда бұл нәтиже екі түрлі жолмен: қостілді адамның пайдаланатын екі тілінің кез-келгенінде сөйлеуі (мұны сөйлеу мутациясы деп атайық) немесе тілдік жүйедегі белгілі бір себептер арқылы (бұл құбылысты диффузия делік) көрінуі мүмкін» [2, 31 б.].

Қазіргі таңда қостілділік құбылысының кең ауқымды түрде қарастырылып, тілдердің әр түрлі деңгейде қолданылуы, халықаралық байланыстардың нәтижесінде тілдер қатынасының кең орын алуы тілшілердің, психологтардың, әлеуметтанушылардың назарын аударуда. Қостілділікті әр түрлі аспектіде, яғни лингвистикалық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, этнографиялық аспектіде қарастырудың нысаны болып отыр. Бұл аспектілердің әрқайсысы қостілділік құбылысының жеке бір тармағын қарастырады. Тілдік қатынас мәселесіне арналған еңбектерде қостілділік мәселесін жан-жақты қарастырудан гөрі, тілдер қатынасының бір аспектісі ретінде қарастыруды алға тартады.

Кең көлемде қарастырылып отырған осы қостілділік түсінігін әр зерттеуші әр түрлі анықтайды. Кей ғалымдар қостілділікті екі немесе бірнеше тілдерді әр түрлі деңгейде білу десе, ғалымдардың бір тобы екі немесе бірнеше тілді ана тілін білу деңгейінде меңгеруі деп қарастырып жүр.

Белгілі ғалым Б. Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әр түрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші бір тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады», – деген тұжырым жасайды [3, 132 б.].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке жеткеннен бері қостілділіктің дамуы және оның әл-ахуалы күн тәртібінен түспей отыр. Қостілділікті дамыту – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі, сондықтан да, оны жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеу қоғамның еншісінде. Ғалым Б. Хасанұлы қостілділіктің төмендегідей қажеттілігін атап көрсетті: «*Біріншіден*, қостілділік – еңбек саласындағы қажеттілік. Өйткені, өндірістік байланыс әлдеқашан ұлттық шеңберден шықты, қазір республикамызда көпұлтты

еңбек ұжымдары басым. Әр ұлт өкілдерінің өндіріс үстіндегі (республика ішінде және одан да тыс жерлерде тәжірибе алмасуда) тікелей қарым-қатынасы – қостілділіктің таралуының пәрменді факторлары. Сайып келгенде, қостілділіктің өзі – еңбек. *Екіншіден*, қостілділік – таным кілті, өйткені, екінші тілді меңгеру деген сөз – тілді, оны туғызатын халықты, оның дәстүрі мен тұрмысын білу, сол арқылы ұлтаралық қатынастың интернационалдық принциптерін орнықтыруға апарып саяды. *Үшіншіден*, қостілділік – ұлтаралық қарым-қатынастың күшейіп келе жатқан қуатты құралы; ол – бірге қызмет етіп, бір жерде тұрған әр ұлт адамдарының өзара байланыс құралы. Бір сөзбен айтқанда, қостілділік – көпұлтты халықтың қарым-қатынасындағы өндірістік әрі тұрмыстық қажеттілік. *Төртіншіден*, ситуация алмасуы (рекреация) кезінде қостілділіктің екі компоненті алма-кезек қолданылады» [3, 140 б.].

Тілді білу – оңай шаруа емес. Ешкім тумысынан қостілді болып тумайды. Бұл үрдіс қажеттіліктен туындайды. Қазіргі уақытта көп тіл білу – өмір қажеттілігі. Осы қажеттілік негізінде қостілділік (көптілділік) пайда болып қалыптасады және қоғамда ұлт саны қаншама көп болса, ол үшін қостілділік пен көптілділік соншама қажет.

Қостілділік құбылысы қазіргі заманда күллі жер жүзінде үздіксіз өріс алууда. Қостілділік – қоғам тарапынан ретке келтіріп отыруға болатын құбылыс. Сондықтан да оның қолданыс аясын кеңейтіп, дамыта түсу – әр қоғамның өз қолында. Қазіргі уақытта көз алдымызда қазақ-орыс, қазақ-ағылшын, қазақ-түрік т.б. қостілділіктің түрлері қарқынды даму үстінде.

Қазақстан жерін мекендеген түрлі ұлт өкілдері арасында әр кезде қостілділіктің алуан түрлері кездеседі. Екі тілді меңгеру арқылы халық бір-бірімен еркін сөйлеседі. Жалпы айтқанда, қостілділік – екі халықты жақындатып, ұжымдастыратын тілдік көпір.

Қостілділіктің түрлеріне тоқталатын болсақ, Е.М. Верещагин билингвизм типологиясының үш түрін (психологиялық, әлеуметтік лингвистикалық және лингвистикалық) атап көрсетті.

Қостілділікті лингвистикалық аспектіде қарастырған У. Вайнрайх қостілділік мәселесі лингвистикалық тұрғыдан бірнеше қатынастағы тілдік жүйелерді сипаттау, бір тілді меңгеру барысында туындайтын қиындықтарды интерференция құбылысы, яғни қатынастағы әр тілдегі ауытқулармен байланыстырады. Қостілділік мәселесі лингвистикалық аспектіде тілдің әр түрлі деңгейінде көрінетін интерференция мәселесіне алып келеді. «Интерференция» ұғымын оқып-үйреніп отырған тілде бірінші тіл әсерінен туындайтын түрлі ауытқулар құрайды. Тілдік қатынас мәселесін кез келген аспектіде зерттеу кезінде тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау, тіл мен қоғам арақатынасы ескерілуі тиіс. Сонымен қатар қостілділікті лингвистикалық

тұрғыдан зерттеу – қатынастағы екі тіл элементтері мен құрылымының қатынасы, қостілді ортадағы тілдің қызметі. Екі немесе бірнеше тілдер жүйесінің бір-біріне ықпалы қандай деңгейде болатыны, тілдік бірліктердің (дыбыс, сөз, оладың сөзтіркес, сөйлем, мәтін құрамында қолдануы т.б.) белгілерін салғастыру мәселелері лингвистикалық болып табылады.

Соңғы уақытта қостілділік психолінгвистика тұрғысынан да кеңінен қарастырылуда. Психолінгвистика нысаны ретінде сөйлеуді қабылдау және айту механизмдері зерттеліп жүр. Осы бағытта екінші тілді меңгеру барысында оның сөз байлығын, дыбыс және грамматикалық жүйесін, сөйлеу заңдылықтарын дағды деңгейде игеруге алып келеді.

Сонымен, қостілділікті психологиялық және лингвистикалық тұрғыдан қарастыру барысында фонетика, морфология, синтаксис, стилистика деңгейінде интерференцияның пайда болуы немесе қостілдінің екінші тілде айту/сөйлеу ерекшеліктері екінші тілде сөйлеу іс-әрекетінің психологиялық механизмдерін анықтауға жатады.

Қостілділіктің психологиялық типологиясы *рецептивтік*, *репродуктивтік* және *продуктивтік* болып бөлінеді. *Рецептивтік қостілділік* жағдайында жеке тұлға сөзді екінші тіл арқылы түсінуге мүмкіндігі бар (пассивтік қостілділік деп аталады). *Репродуктивтік қостілділікті* меңгерген адам естіген сөзін басқа тілде айта алады. *Продуктивтік қостілділік* дегеніміз өз сөзіне мағына беріп, шығармашылық жағынан құрастыруы.

Сөйлеу механизмдерінің ара қатынасы негізінде *таза* және *аралас* қостілділік болып бөлінеді. *Аралас қостілділік* дегеніміз – индивидтердің әр кезде бір жағдайда екі тілді қатар қолдануы. Егер ол бір жағдайда бір тілді қолданып, басқа жағдайда екінші тілде, бірінші тілмен араластырмай, сөйлесе, мұндай қостілділік *таза қостілділік* деп аталады.

Қостілділіктің осы екі түрін белгілі орыс ғалымы Л.В. Щерба ғылыми қолданысқа енгізген. Ғалымның пайымдауынша, *таза* қостілділіктің іске асырылатын негізгі шарты – екінші тілді меңгеру барысында ана тілге жалтақтамай, тек қана бір тілде сөйлеу, мысалы, бұрынғы Ресейде ақсүйектер француз, ағылшын, неміс тілдерін орыс тілін білмейтін, күнделікті тұрмыста пайдаланбайтын мұғалімдерден үйренген. Оқытушылары екінші тілді білмегендіктен, француз / ағылшын /неміс тілін сол мұғалімдерден таза түрінде игеріп, өзінің ана тілімен (орыс тілі) салыстырмай, шетел тілінде таза, жетік сөйлеп кеткен. Ал аралас қостілділік жағдайында қостілді тұлға өзінің ана тілін жақсы игергендіктен, екінші тілді үйрену барысында ана тіліне жалтақтап, үнемі екі тілдің жүйесін салыстырып отыру барысында екі тілді қатар пайдаланған. Осы жағдайда қостілді тұлға ана тілімен қатар екінші тілді қолданып, сөйлемдер құрғанда, оны ана тіліне аударып, әрдайым

жалтақтап отырады. Қорыта айтқанда, қостілдінің ана тілі екінші тілдегі сөздерді қолданып, сөйлем құруына әсер етіп, үнемі әлсіретіп отырады [4, 102 б.].

Әр тілдегі сөздің ойлау жүйесімен байланысу тәсілі бойынша қостілділіктің келесі үш түрі жіктелінеді: 1) *тура қостілділік* (екінші тіл ойлау жүйесімен тығыз байланыста болады); 2) *аралас қостілділік* (белгілі бір ситуацияда билингв ана тілі мен екінші тілді бірге қолданады); 3) *тура емес қостілділік* (екінші тілдегі сөздік дағдылар ой жүйесімен тікелей байланыста болмайды. Екінші тілдегі сөздік дағдылар ойлау жүйесімен бірінші тілдегі үйреншікті сөздік дағдылар арқылы байланысады [5, 46 б.].

В.И. Беликов, Л.Н. Крысин тілдік қауымдастықтың жеке мүшелері қостілді болмайынша, қоғамда екі не одан да көп тілдің қызмет етуі мүмкін еместігін айтады. Жеке адамның екі тілді білуі «билингв», ал осы құбылыс «билингвизм» терминімен аталады дей келе, жеке билингвизмнің негізгі үш типін анықтайды. *Субординативтік билингвизм* (яғни сөйлеушілер екінші тілді өздерінің ана тілі арқылы қабылдайды және тілдік қатынаста ана тілінің заңдылықтары басым болып, екінше тілде сөйлегенде әсер етеді), *координативтік (таза) билингвизм* (бұнда әрбір тіл өз алдына дара, әрқайсысының грамматикалық құрылымдары өзгермейді), *аралас билингвизм* (сөйлеу синтезі мен анализдің бірыңғай механизмі) [6, 56-57 б.].

Жалпы лингвистикалық көзқарас тұрғысынан қостілділік *координативтік* және *субординативтік* болып бөлінеді. Е.М. Верещагиннің анықтамасы бойынша дұрыс сөз, яғни сөздік туындылар туғызуды қамтамасыз ететін продуктивтік билингвизм *координаттық* деп аталады. Сөздік туындылардың негізінде тілдік жүйенің бұзылуы *субординаттық* билингвизм деп аталады [7, 41 б.].

Қостілділіктің аталған түрлерінен басқа О. Алтынбекова өз еңбегінде қосымша мынадай түрлерін көрсетеді: *қатынастық* және *қатынастық емес. Қатынастық қостілділік* түрлі этникалық және тілдік топтар бірлесіп өмір сүру барысында пайда болады. Оған мысал, бұрынғы КСРО аумағындағы ұлттық-орыс билингвизмі болып табылады. Билингвизмнің тіршілік әрекеті барысында екінші тілді қолданушылармен тікелей қатынаста болмауы қостілділіктің *қатынастық емес* түрі болып табылады.

Қатынастағы тілдердің қолданылу бағытына қарай қостілділік *біржақты* және *екіжақты* болып бөлінеді: *біржақты қостілділік* – қатынастық тілдерді қолданушылардың кейбірі екінші тілді меңгереді, ал қалғандары екінші тілді меңгере алмайды. Қостілділіктің *екіжақтылығы* жағдайында тілдерді қос қатынаста қолданушылар билингвтер болып табылады. Билингвизмнің бұл түрлері тіларалық байланыстар нәтижесінде пайда болады.

Қолданушылар аясының кеңдігіне қарай *жеке* (белгілі бір ұлттың жеке мүшелерінің екі тілді білуі және пайдалануы), *топтық* (белгілі бір этникалық және әлеуметтік топ), *көпшілік* (екі тілді тұрғындардың көпшілігінің білуі және қолдануы) және *жалпыға бірдей* (барлық тұрғындар) болып бөлінеді [8, 115-122 б.].

Р.И. Хашимов қостілділіктің *отбасылық* түрін көрсетеді. Өйткені аралас некелерде билингвизм және мультилингвизмнің түрлі формалары кеңінен қолданылады [9].

Сонымен қоса, Э. Сүлейменова және Н. Шаймерденова жоғарыда көрсетілгеннен басқа қостілділіктің түрлерін анықтай отырып, толық сипаттама береді. *Аймақтық қостілділік* – елдің белгілі бір аудан тұрғындарының екі тілді білуі және пайдалануы, *ұлттық қостілділік* – елдің осы аталған этностарының екі тілді меңгеруі және пайдалануы. Республика тұрғындарының арасында орыс тілін меңгеру кеңінен тарағандықтан, қазақ-орыс билингвизмі ретінде сипатталады

Ғалымдар сондай-ақ *қосымша қостілділік* деп билингв екінші тілді ана тілінің құзіретін жоймай пайдалануын атайды, ал егер билингв екінші тілді меңгеру жағдайында бірінші тілдің құзіретін жоғалтатын болса, ол *орын басатын* қостілділік деп аталады.

Екі тілді жетік меңгеру *амблингвизм* деп аталады. *Семилингвизм* дегеніміз – индивидтің ана тілін де, екінші тілді де толық меңгермей, екі тілдегі күрделі конструкциялардың мағынасын беруде қиындықтарды сезінуі [10, 36 б.].

Сонымен бірге қостілділік тілді қолданушылардың тікелей өзара іс-әрекетінен пайда болған *табиғи қостілділік* және екінші тілді үйретуге арнайы жағдай туғызу нәтижесінде пайда болған *жасанды қостілділік* болып бөлінеді.

А. Залевскаяның пайымдауынша, бірінші жағдайда (табиғи) тіл қоршаған орта арқылы меңгеріледі. Тілді жетік білудің негізгі себебі: тілдік тәжірибенің болуы. Екінші тіл үнемі қолданылып, сөйлеуші адамның тілі күнделікті сөйлеу әрекетінде меңгеріледі. Ал екінші, жасанды, жағдайда екінші тіл бірінші тілдің арнайы әдіс-тәсілдерін қолданып, оқыту үрдісінің нәтижесінде үйретіледі; «тіл жігерлі түрде ынталану арқасында меңгеріледі. Оның ерекшелігі – екінші тілді игеру үшін арнайы «әдіс-тәсілдерді үнемі қолдану керек» [11, 163 б.].

Осы табиғи және жасанды қостілділікті М.К. Исаев *аудиториялық* (жасанды) және *аудиториялық емес* (таза) қостілділік деп бөледі. Ғалымның пайымдауынша, «аудиториялық қостілділікте билингвтің T_2 кодталған әдеби нормаға жақын. Бұл T_2 – де аудиториялық қауышу кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің нәтижесі. Бұл жағдайда оқытушы саналы

түрде оқушылардың оқу әрекетіне ықпал етеді. Аудиториялық жағдайда оқушылардың назары екінші тілдегі сөздің тазалығына және дұрыстығына аударылады. Ал *аудиториялық емес* қостілділікте T_1 екінші T_2 -ге әсер етеді. Сонымен қоса, T_2 -де бірінші T_1 -ге өз ықпалын көрсетеді, ал аудиториялық қостілділікте біржақтық ғана ықпал болады, себебі ана тілі екінші тілге үнемі ықпал етеді, қараңыз: «Табиғи қостілділікте T_1 екінші T_2 -ге әсер етуін және T_2 -нің де T_1 -ге өз ықпалын көрсетуін бақылауға болады, ал оқу қостілділігінде тек біржақты T_1 екінші T_2 -ге ықпалын көруге болады» [12, 183 б.].

Жасанды қостілділікті «бақылауға бола ма, жоқ па?» деген сұраққа зерттеушілер әр түрлі жауап береді. Мысалы, Ю.А. Жлуктенконың пікірінше, қостілділік үдерісі бақылауға келмейді «өзара әрекеттесу үдерісін бақылау мүмкін емес» [13, 21 б.]. Б. Хасанұлы бұл пікірді қолдамай, керісінше түсіндіреді, қостілділік үдерісін бақылауға болады, себебі екі тілді пайдаланудың өзін белгілі бір үдеріске жатқызуға болады. Сонымен қоса, қостілділік үдерісін оқу мақсатымен жасанды түрде ұйымдастыруға болады: «билингвтердің екі тілді пайдалануы – өзара әрекеттесу үдерісі болады. Ол жасанды жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін» [14, 21 б.]. Біздің ойымызша, қостілділіктің қай түрі – табиғи немесе жасанды – болса да, оны бақылап, зерттеуге болады.

Жалпы қостілділіктің түрлері әр салада жан-жақты тұрғыдан зерттеліп, олардың әр түрлі классификациясы жасалуда. Мысалы, Б. Хасанұлы әлеуметтік-лингвистикалық негізінде жасалған классификацияны ұсынады:

а) қостілділіктің түрлерін оның белгілі қауыммен сәйкестенуінің бағытына қарай *жеке, топтық және бұқаралық* қостілділік деп жіктеуге болады;

б) тілдерді игеру тәсіліне қарай *табиғи және жасанды* түрлерге бөлуге болады;

ә) тілдерді меңгеру деңгейіне қарай *координативтік (таза)* және *субординативтік* қостілділіктің түрлерін сипаттауға болады [14, 27 б.].

Ал белгілі ғалым Ф. Вальверду қостілділіктің он түрін айқындайды:

1) инструменталдық-интеграциялық. Аталған қостілділік жеке тұлғаның психологиялық мотивациясына қарай жіктелінеді;

2) реттелінген (координативтік) – реттелінбеген (субординативтік) қостілділік;

3) симметриялық (белсендік) – ассиметриялық. Бұл қостілділік тілдерді білу деңгейіне қарай бөлінеді:

4) органикалық жалпы қостілділік. Осы қостілділік қоғамда тарағанына қарай белгіленеді;

5) ерте жастағы – егде жастағы қостілділік. Мұндай жағдайда қостілділік адамның жас мөлшеріне, оның екінші тілді қандай жаста игергеніне қарай өзгешеленеді;

6) әулеттік – әлеуметтік қостілділік. Әулеттік қостілділік отбасы деңгейінде кездесе, әлеуметтік қостілділік бүкіл мемлекеттік деңгейде кездеседі;

7) бейтарап – диглоссиялық қостілділік. Бұл қостілділік тілдердің орындалатын функцияларына қарай белгіленеді:

8) ресми және бейресми. Ресми қостілділік мемлекетте заңды түрде бекітілуі мүмкін, ал бейресми қостілділік қуғынға ұшырайды, себебі екінші тілді осы мемлекетте қолдануға рұқсат бермейтін жағдай болуы мүмкін;

9) ассимилятивтік – ассимилятивтік емес қостілділік. Мемлекеттің тілдік саясатына қарай жіктелінеді, мысалы, мемлекеттік тілдік қостілділік ассимилятивтік қостілділікке жатады, себебі екінші тілді білу арқасында қостілді тұлға көпұлттық социумға интеграцияланады;

10) функционалдық-көркем қостілділік [15, 13 б.].

Тіл білімінде орын алған түрлі сараптамаларды қорыта келе, А.А. Серикова қостілділіктің келесі әлеуметтік-лингвистикалық типологиясын ұсынады:

1) координативтік, аралас, субординативтік;

2) жақын туыстағы – алыс туыстағы қостілділік;

3) контактілік – контактілік емес;

4) біржақтылық – екі жақтылық;

5) бұқара территориялық – жеке қостілділік;

6) балансталған – балансталмаған;

7) күнделікті-тұрмыстық, ресми және өндірістік қостілділік [16, 98 б.].

Қостілділіктің көрсетілген түрлерінің арасында бірінші қатардағы түрлері ерекше маңызды болып табылады. Белгілі кеңес ғалымы Ю.Д. Дешериев қостілділікті әлеуметтік-лингвистикалық және психоллингвистикалық тұрғыдан сараптама жасай отырып [17, 13 б.], билингв тек ең жоғарғы сатыда (тоғызыншы) екінші тілді аккумулятивтік қызметі екінші тіл арқылы оралғанда, билингв осы тілде жиналған қоғамдық, әлеуметтік тәжірибе мен білімдерін тек бір аяларда ғана қолданумен шектелмей, барлық салаларда еркін пайдаланады деп, осы сатыдағы қостілділікті *координативтік билингвизмге* жатқызады.

Қостілділіктің түрлерін зерделей келгенде, билингвтің екі тілді меңгеру деңгейіне әкеледі. Мысалы, К.Х. Ханазаров өз еңбегінде қостілділіктің үш сатысын айырады:

1) бастапқы кезеңі. Бұл кезеңде жеке тұлға тек екінші тілді ғана игере бастайды. Оның екінші тілді игерген деңгейі белгілі дәрежеге жеткені нәтижесінде қостілді тұлға екінші тілдің өкілдерімен пікір алмасады;

2) екінші саты. Бұл жағдайда қостілді тұлға тілді еркін қолданады, себебі оны жеткілікті деңгейде біледі;

3) үшінші саты. Қостілді тұлға екі тілді жақсы дәрежеде білетін болады [18, 179 б.].

Б. Хасанұлының пайымдауынша, қостілділіктің үш сатысын / деңгейін ажырату қажет, себебі қостілділіктің өз анықтамасында қостілділік белгілі бір континум ретінде қаралады. Сол континиумның бір шеті екінші тілді элементарлық деңгейде білуден басталса, екінші шеті қостілділікті толық және мүлтіксіз деңгейде білуге дейін барады [3, 28 б.].

Сонымен қоса, кейбір зерттеушілер қостілділіктің басқа сатыларының болатынын айтады. Олар:

- 1) қостілділіктің алдыңғы деңгейі;
- 2) қостілділіктің бастапқы деңгейі;
- 3) қостілділіктің соңғы деңгейі.

«Қостілділіктің алдыңғы деңгейі» терминін ғылыми қолданысқа Э. Хауген кіргізген. Ғалымның ойынша, бұл деңгейде адам екінші тілді игере бастайды, бірақ оның дағдылары әлі қалыптаспаған: ол екінші тілдің тек кейбір сөздерін ғана дыбыстауды үйренеді [20, 66 б.]. Э. Хаугеннің пікірінше, қостілділіктің бастапқы кезі адамның балалық кезінде дамиды; себебі бала тілдерді жаңа меңгеру кезінде екі тілді бірдей игеріп кетуі мүмкін [20, 66 б.]. Б. Хасанұлы бұл пікірді анықтап берді. Ғалымның ойынша, қостілділіктің бастапқы кезі адамның есейген кезінде де болуы мүмкін, ересек адамдар үлкен жасқа келгенде басқа тілді игеруге құштарлық білдіріп, оны үйрене бастауы мүмкін [3, 29 б.].

Ю.А. Жлуктенко де Э. Хаугеннің пікірін қуаттап, қостілділіктің алдыңғы сатысына келесі кезеңді жатқызады: қостілділік тұлға екінші тілдегі ұғымдарды түсіне бастайтын, белгілі ойды білдіретін сөйлемдерді құра бастайтын кезең [13, 18 б.]. Кейбір ғалымдар қостілділіктің алдыңғы кезеңін бөлмей, оның бастапқы сатысынан бастайды. Бұл сатыда қостілді тұлға екінші тілде басқа тілдің иегерлерімен пікір алмаса алады.

В.Ю. Жлуктенко, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Т. Саина т.б. ғалымдардың еңбектерінде қостілділіктің дамуы адамдардың жас мөлшерінің ерекшеліктерімен байланыстырылған. Ғалымдар өткізген әлеуметтік-лингвистикалық байқаудың нәтижесінде келесі факторлар белгіленді. Ересектертің туған төл тілі эмоционалдық ореолмен қоршалған. Сондықтан, егде жастағы адамдар тілді ауыстырмайды, оларға оны ауыстыру қиындықтар туғызады (сана-сезіммен, эмоционалдық ореолымен

және жалған сенімдермен) [12, 18 б.]. Үлкен буын қостілділікке бейімделмейді, ал жастардың сөйлеу әрекетінде екі тіл (қазақ, орыс тілі) бірталай функцияларды орындайды. С.Т. Саина өзінің «Жас мөлшері және қостілділік» деген мақаласында келесі қорытындыға келеді: мектеп жасына жетпеген балалар арасында қостілділіктің табиғи түрі кең тараған, ал мектеп жасындағы балалар арасында жасанды қостілділік жүзеге асырылған. Егде адамдар, көбінесе, туған тілін әр жағдайда қолдануға тырысады [21, 7 б.].

Адам бойындағы екі тілдің үйлесім табуы – өзін-өзі байытудың, дамытудың айқын жолы. Бұл үйлесім әлеуметтік қажеттілікте дамып, адамның қос тілді болуы қалыптасады. Қостілділік адам қажеттілігін өтеу үшін керек. Оның қалыптасу жолында талай қиындықтар туындайды және екінші тілді меңгеру барысында түрлі тілдік құбылыстар пайда болып, тіл мамандарының назарына интерференция, интеркаляция сияқты феномендер түседі. Келесі тараушаларда солар қарастырылады.

Интерференция – қостілділік жағдаятындағы тілдік құбылыс

«Интерференция» термині лингвистикада түрлі тілдік жүйелердің қатынасы нәтижесінде байқалатын түрленуді белгілеуге арналған тілдік қатынастардың мәселелерін зерттеуге байланысты қолданылады. Тілдік қатынастар теориясының негізгі қағидалары мен мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылған (Ю.Д. Дешериев, Л.И. Баранникова, О.С. Ахманова, К.Х. Ханазаров, М.М. Михайлов, З.У. Блягоз, В.А. Аврорин, Ю.В. Бромлей, Ю.А. Жлуктенко, Л.В. Щерба, В.Ю. Розенцвейг, Б.А. Серебрянников, Ю.С. Сорокин, А.Д. Швейцер, У. Вайнрайх, Э. Хауген, Б. Гавранек, А. Мартине, А.Е. Карлинский, Е.М. Верещагин, Э.Д. Сүлейменова, Б. Хасанұлы т.б.).

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте берілген интерференцияның дәстүрлі анықтамасы мынадай: «Интерференция – (лат. inter ‘аралық’+ferio ‘жақындау’, ‘соғысу’) – тілдік қатынастар немесе бөтен тілді жеке меңгеру кезінде қалыптасатын қостілділік жағдайындағы тілдік жүйелердің қарым-қатынасы; ана тілдің ықпалынан екінші тілдің нормалары мен жүйесінің ауытқуы арқылы көрінеді» [22, 67 б.]. Бұл жерде тілдік норма «қоғамдық қатынас барысында таңдалған және бекітілген тілдік жүйенің неғұрлым тұрақты дәстүрлі іске асырылуының жиынтығы» ретінде түсініледі [23, 89 б.].

«Интерференция» термині тіл біліміне физикадан ауыстырылып, қазіргі уақытта психология, лингводидактика т.б.гуманитарлық пәндерде кеңінен тарап отыр.

Соның нәтижесінде «интерференция» термині физикадан басқа биология, химия, медицина сияқты жаратылыстану ғылымдарында қолданылатын терминнің омониміне айналғаны анық.

Жаратылыстану ғылымдарының терминологиялық аппаратына жүгіну интерференцияны анықтаудың анағұрлым маңызды сәттерін көрсетеді.

Медицинада «вирустар интерференциясы» деген ұғым бар, яғни аралас инфекция кезіндегі бір вирус әрекетінің екіншісінің әсерінен әлсіреуі. Мұндайда бірінші вирус интерференциялаушы, ал екіншісі үміттенуші деп аталады [24, 102 б.].

Биологиядағы «вирустар интерференциясы» – екі вирус аралас жұққан жасушадағы бір вирус репродукциясының екіншісінің әсерінен әлсіреуі байқалатын вирустар арасындағы қарым-қатынас типі [25, 97 б.].

Физикада интерференция «кеңістікте бірдей таралу кезінде біріне-бірі қойылған екі толқынның күшеюін немесе әлсіреуін» білдіреді [26, 56 б.].

Терминнің тіл біліміндегі алғашқы қолданылуына қатысты пікірлер әрқалай. Б. Гавранек бұл терминді (interference) Прага мектебі енгізді десе [27, 97 б.], И. Южастың айтуынша, бұл термин «алғаш Эпштейнде пайда болған» [28, 34 б.]. Алайда Ю.А. Жлуктенко «интерференция терминін қолдануда А. Мейеге басымдылық берген жөн» деп санайды [13, 13 б.]. Румын зерттеушісі А. Граур интерференция мәселесі лингвистиканың өзі сияқты бұрыннан келе жатыр деген қорытынды жасайды [29, 27 б.]. Осы пікірлерден тіларалық қатынастағы интерференция көрінісі Г. Шухардт, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба, У. Вайнрайх және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде ғылыми зерттеулерде қолданылған деп пайымдауға болатындығын көреміз.

Ал А.И. Шаповалов «Семантическая интерференция в условиях искусственного билингвизма» атты еңбегінде ана тілдің меңгерілетін тілге ықпалы (интерференция терминін қолданбай-ақ) мәселесін Қазан мектебінің өкілдері көтергендігін атап көрсетеді [30, 65 б.]. Осыған байланысты Южастың ана тілдің шет тілге кедергі келтірер ықпалын алғаш атаған В.А. Богородицкий болуы ықтимал, – деген пікірін келтіреді. Шынында да, 1933 жылдың өзінде-ақ, В.А. Богородицкий чуваштардың ана (чуваш) тілінің әсерінен орыс тіліндегі қателерді сараптайды [30, 108 б.]. И.А. Бодуэн де Куртенэ о баста-ақ «пайда болғаннан бастап, дамығанға дейін басқа бір тілдің (немесе басқа тілдердің) әсеріне ұшырамаған тілдің жоқ» екенін айтады [31, 204 б.].

Интерференция құбылысы (әрине, термин қолданылмай) Л.В. Щербаның [32] және В.Д. Поливановтың [33] еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Алайда интерференция проблемаларын зерттеу, У. Вайнрайхтың «Языковые контакты» атты монографиясы жарық көргеннен кейін қарқынды

дами бастады. У. Вайнрайх тиісті тілдердің бір-бірінен қаншалықты айырмашылығы барына қарамастан, тілдік қатынас пен қостілділікті кең мағынасында қарастырады: «Жүйелер арасында айырмашылық көп болған сайын, яғни әрбірінде тек өзіне ғана тән нысандар мен модельдер көп болған сайын, интерференцияның потенциалды аймағы да, зерттеу мәселесі де зор», – дейді [34, 23 б.].

Бұл қағида отандық лингвисттердің көптеген еңбектерінде жалғасын тапты. Қазіргі уақытта «интерференция» термині психологияда, лингвистикада, лингводидактикада және өзге тілді оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылады. Бірақ интерференция ұғымын түсінуде әлі бірізділік жоқ. Біреулер интерференцияны ана тілдің меңгерілетін тілге оң, сондай-ақ теріс ықпалы деп түсінсе, басқалары тек теріс ықпалы деп санайды. Айтылған мәселенің біз үшін маңызы зор болғандықтан, бірнеше көзқарасты қарастырып, талқылайық.

Олардың бірқатары интерференцияны тіл нормаларымен байланыстыра қарайды. Олар келесі:

У. Вайнрайх интерференцияны «қостілділер сөйлеуіндегі бір тілден аса білуінің нәтижесінде, яғни тілдік қатынас салдарынан тілдің кез келген нормаларынан ауытқу құбылысы» ретінде қарастырады [34, 22 б.].

Тіл нормаларын бұзу В.Ю. Розенцвейгтің интерференцияға берген анықтамасының негізгі ұстанымы болып табылады. Ол үшін интерференция – «қостілдінің сөйлеуіндегі нормадан ауытқуы арқылы байқалатын қатынасқа түсуші тілдердің ара қатынас ережесін бұзуы» [35, 4 б.].

Осы У. Вайнрайхтың пікірі Г.П. Ильященко еңбегінде әрі қарай дамып, толықтырылған, себебі ол интерференцияға байланысты екінші тілдегі ауытқушылық сол «ауытқушылық» болып қала беруі де мүмкін, кейде оның таралуы, әдеби тілде тұрақтануы, тұтыну өрісінің кеңеюі мүмкін, мұндай жағдайда бұл – интерференция арқылы тіл тініне жаңа элементтердің ену құбылысы болып табылады» – деген ойда [29, 47 б.].

Басқа ғалымдар интерференцияға анықтама беру кезінде бір тілдің жүйесі мен бірліктерінің басқа тілдің жүйесі мен бірліктеріне ықпал ету мүмкіндіктеріне сүйенеді. Л.И. Баранникова «басқа тілдің ықпалымен бір тілдің құрылымындағы немесе құрылым элементтеріндегі өзгерісті интерференция», – деп санайды [36, 89 б.].

Ю.А. Жлуктенконың пікірінше, «қарым-қатынастағы тілмен өзара ықпал ету салдарынан туындайтын тіл құрылымындағы, сондай-ақ бірліктерінің мәніндегі, қасиетіндегі және құрамындағы бүкіл өзгерісті интерференция деп санау қажет» [13, 17 б.].

Аударма мәселелерімен айналысатын В.А. Виноградовтың пайымдауында да интерференция: «билингвал бір тілден аса тіл білетін

болса, байланысқа түсетін тілдердің бірінің немесе әр бірінің нормасынан ауытқушылығы ретінде сипатталады» [37, 304 б.]. Сонымен, психоллингвистика мен лингводидактикада интерференцияға: «бір тілден екінші тілге немесе меңгерілетін тілдің ішіндегі дағдыларды теріс тасымалдау үрдісі және нәтижесі» деген анықтама беріледі [38, 56 б.].

Біздіңше, отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінде кездесетін «интерференция» ұғымының көптеген анықтамаларының ішінен жоғарыда көрсетілген У. Вайнрайхтың «қостілділердің сөйлеуіндегі көп тіл білуінің нәтижесінде, яғни тілдік қатынас салдарынан кез келген тілдің нормасынан ауытқу жағдайлары» деген анықтамасы интерференция құбылысының мәнін толық ашады [34, 22 б.].

Басқа ғалымдар интерференцияға анықтама беру кезінде бір тілдің жүйесі мен бірліктерінің басқа тілдің жүйесі мен бірліктеріне ықпал ету мүмкіндіктеріне сүйенеді. Сонымен, Л.И. Баранникова интерференцияны «басқа тілдің ықпалынан тіл нормаларынан ауытқу» дей келе [39, 5 б.], «басқа тілдің ықпалымен бір тілдің құрылымындағы немесе құрылым элементтеріндегі өзгерісті интерференция», – деп санайды [39, 88 б.].

Ю.А. Жлуктенконың пікірінше, «қарым-қатынастағы тілмен өзара ықпал ету салдарынан туындайтын тіл құрылымындағы, сондай-ақ бірліктерінің мәніндегі, қасиетіндегі және құрамындағы бүкіл өзгерісті интерференция деп санау қажет» [13, 3 б.].

С.Л. Рубинштейннің жалпы психологияға жақынырақ интерференцияға берген анықтамасы, белгілі бір деңгейде оның туындау себептерін де білдіреді. «Интерференция – жаңа дағдылардың қалыптасуын төмендететін дағдылардың тежеуіш қарым-қатынасы. Адам белгілі бір қызметке қажетті дағдылары жоқ болып кіріседі. Сонда ол жаңа қызметке қажет дағдыларды байланыстыруға талаптана отырып, бұрын басқа қызметке қолданған дағдыларын пайдаланады» [40, 62 б.].

А.Е. Карлинский: «психологияда интерференция жаңа қызметті табысты жүзеге асыруға кедергі келтіретін, дағдылардың теріс тасымалы деп түсініледі» деп жаза отырып, «сөйлеу қызметінің адам қызметінің кез келген басқа түрінен айырмашылығы жоқ» екенін ескертеді [41, 62 б.].

Аударма мәселелерімен айналысатын В.А. Виноградовтың пайымдауында да интерференция: «билингвал бір тілден аса тіл білетін болса, байланысқа түсетін тілдердің бірінің немесе әрбірінің нормасынан ауытқушылығы ретінде сипатталады» [37, 322 б.].

Екінші тілді оқыту әдістемесінің аясында елтану бағытының іргетасын қалаушы Е.М. Верещагин шет тілде сөйлеу нормасының бұзылуын интерференциямен байланыстырмайды, себебі оның әрекет ету саласы тек тілдік жүйе деп санайды [42, 104 б.]. Автор лингвистикада интерференцияны

психикалық интерференцияның сөйлеуде көрінуі, яғни екі басқа тілге жататын және билингвалға тән іскерлік дағдылардың өзара қарым-қатынасы нәтижесіндегі сөйлеу туындысы деп атауды ұсынады [43, 119 б.].

Сонымен, психоллингвистика мен лингводидактикада интерференцияға: «бір тілден екінші тілге немесе меңгерілетін тілдің ішіндегі дағдыларды теріс тасымалдау үрдісі және нәтижесі» деген анықтама беріледі [44, 67 б.].

А.И. Шаповалов өзінің кандидаттық диссертациясында шетелдік авторлардың еңбектерінде де «интерференция» терминін ортақ бір мағынада түсінбеушілік орын алғандығын көрсетеді. Автор осы тұрғыда бірнеше анықтамаларды мысалға келтіреді: «Э. Хауген интерференцияға тілдік бірлік екі жүйенің элементі болатын лингвистикалық өрім деген анықтама берген болса, Дибольд интерференцияны «екі тілдің қатынасының нәтижесі болып табылатын тілдік өзгеріс» деп түсінеді, ал Ч. Хокет үшін интерференция – «шеттен алып пайдаланудың дербес әсері» [28, 67 б.].

Интерференция құбылысына көзқарастардың кеңдігінің дәлелі ретінде мына анықтамаларды қосымша келтіруге болады:

Интерференция – «тілдік жүйе нормаларының басқа тіл шегіне енуі» [34, 22 б.], «басқа тілдің ықпалынан бір тілдің құрылымындағы немесе құрылым элементтеріндегі өзгерістер» [45, 88 б.], «қостілдінің сөйлеуіндегі бір немесе екі тілдің де нормаларынан «көзге ұратын ауытқулары» арқылы көрінетін іштей бақыланатын үрдіс» [46, 160 б.].

Сонымен бірге, «теріс тілдік материалдың туындауына апарып соқтыратын тілдік немесе тілден тыс (мәдени) элементтердің бір-біріне ықпалының кез келгені интерференция деп атала алады» [47, 23 б.], «ана тіл құрылысының ықпалынан бөтен тілде сөйлеушінің түрлі дәлсіздіктерді жіберуі» [48, 11 б.], «ана тіл базасында құралған стереотиптердің ықпалынан шет тілде сөйлеу қателерін туындататын сөйлеу механизмдерінің қайшылықты қарым-қатынасының үрдісі» [60, 99 б.], «қалыптасқан дағдылар жаңаларын қалыптастыруды қиындататын дағдылардың тежеуіш қарым-қатынасы» [60, 242 б.], «ана (доминант) тілдің фонетикалық, грамматикалық немесе лексикалық элементтерінің үйренетін тілге немесе үйренетін тілдің келесі үйренетін тілге (тілішілік) қате енуі» – [50, 74 б.] деген анықтамаларды келтіре отырып, интерференцияның әлі күнге дейін нақты бір анықтамаға мазмұны симаытын, өте күрделі құбылыс екенін дәлелдемекпіз.

Бұл жерде, сөйлеушінің екінші тілде сөйлеуіндегі теріс құбылыстың, көбіне «жасырын» сипатты оң құбылысқа қарағанда, оңай бақыланатыны мен сарапталатыны белгілі бір мәнге ие болған сияқты. «Интерференция» терминінің аясына теріс пікірмен қоса оң құбылысты да тоғыстыратын авторлар қатарындағы Ю.Д. Дешериев пен И.Ф. Протченконың «Лингвистикалық аспектіде қарастырылатын интерференция қостілді

халықтың қатынас барысындағы екі тілдің құрылымы мен құрылымдық элементтерінің қарым-қатынасы құбылысын білдіреді» деген анықтамасында интерференция құбылысын теріске шығармағандығын көреміз [48, 72 б.]. Ал Е.Н. Ершова: «*Интерференция* (педагогикада, әдістемеде, психологияда) дағдылар тасымалын білдіреді, яғни бұрын қалыптасқан дағдылардың жаңа дағдылардың қалыптасуына әсер ететін дағдылар қарым-қатынасы», – дей келіп, «интерференцияның жекелеген жағдайлардағы оң рөлін жоққа шығармауымыз керек» деген тұжырым жасайды [49, 130 б.].

Ана тілінің екінші тілге теріс немесе оң әсерінен гөрі интерференцияны тілдер қатынасының нәтижесі ретінде «екінші тіл модельдерін модификациялау» (Т.Е. Бертагаев), «қатынастағы тілдердің өзара енуі» (А. Мартин) деп түсіну де орын алады.

Сонымен қатар тіл білімі мен әдістемеде интерференцияны кең және тар көлемде қарастыру кездеседі. Мысалы, Х.Г. Агишев, кең мағынада интерференцияны «бір тілдің басқасына ықпал етуінің кез келген жағдайы» деп түсінсе [51, 11 б.], О.М. Ким интерференцияны ана тілі нормаларының сөйлеу кезінде басқа тілге ауыстырылуы ғана деп қабылдады: «Интерференция деп бинарлы бетпе-бет келген тілдердің принципиялды айырмашылықтары нәтижесінде ана тіл дағдыларынан «арылмауы» салдарынан туындайтын «бөтен» тілдегі сөйлеу құбылысы», – деп жазады [52, 5 б.].

У. Вайнрайх өз еңбегінде интерференцияның теріс құбылыс екендігін айта отырып, «біздің теориямыз, қостілді сөйлеуіндегі интерференцияның екі жақты бағытта жүруі мүмкіндігін ескеретін икемді болуы тиіс», – дегенді атап көрсетті [50, 25 б.].

Жалпы тіл білімі саласында интерференцияны зерттеуде екі заңдылықтың қажеттілігі анық:

1. Тілралық идентификация заңы;
2. Тілдік норма.

Интерференция – екі тілдің арасындағы ара-қатынастан туындайтын құбылыс. Оның саны және сапасы тілдік қатынаста болған тілдердің субстанционалдық қасиеттеріне байланысты. Екінші тілде сөйлеу әрекетінде немесе мәтіндерде байқалған ауытқулар екі тілдегі тілдік бірліктердің белгілі қызмет атқару ережелерімен де байланысты.

Интерференция – тілдік қатынастардың нәтижесі. Ол қостілді тұлғаның екінші тілде сөйлеу әрекетінде болады. Интерференция екінші тілдің T_2 нормаларына қажет бағаланады. Осындай интерференцияның бірнеше түрлері бір-бірінен жіктелінеді. А.Е. Карлинскийдің саралауында интерференцияның төрт түрі айқындалады:

1. Интерференцияның бірінші түрі T_2 -нің әр түрлі деңгейіндегі (фонологиялық, лексикалық, грамматикалық) және қатынастарындағы (парадигматикалық, синтагматикалық) нормаларынан ауытқулармен байланысты;

2. Интерференцияның екінші түрі қостілді тұлғаның екінші тілдегі сөйлеу әрекетінің өзгешеліктерімен байланысты;

3. Интерференцияның үшінші түрі T_1 және T_2 -нің байланысына тәуелді;

4. Интерференцияның төртінші түрі коммуникация актіінде жасаған ықпалына қатысты (коммуникативтік-релевантты және коммуникативтік-иррелевантты (релевантты емес) қателер); [2, 48 б.]

Осындай лингвистикалық деңгейде тілдік қатынастардың нәтижесінде пайда болатын интерференцияны кірме үдерісінен айыра білу керек.

Л.И. Баранникова кірме сөз бен интерференцияның арасындағы айырмашылықты былай ажыратады:

1. Кірме үдерісінде қабылдаушы тілдің жүйесіне бөтен элемент кіріп, сол тілге қарай икемделеді, ал лингвистикалық интерференцияда жергілікті тіл басқа тіл ықпалының нәтижесінде өзгеріске ұшырайды;

2. Кірме үдерісінде бір тілден басқа тілге тек ғана материалдық элементтер ауысады, осы элементтердің байланыстары, қарым-қатынастары басқа тілдерге кірмейді; ал интерференция құбылысында бір тілден басқа тілге, көбінесе, осы элементтердің байланыстары, олардың арасында қалыптасқан қарым-қатынастары енеді;

3. Кірме үдерісінде, көбінесе, толық ұйымдаспаған тілдік тезаурустарға басқа тілден енген сөздер кіреді, ал интерференцияда құрылымдық жағынан тығыз ұйымдасқан деңгейлерді қозғайды;

4. Кірме сөздер тіпті көп мезгілге созылмаған тілдік қатынастарда да пайда болуы мүмкін, ал интерференцияда тілдегі өзгерістер ұзақ мерзімде өтетін қатынастарда ғана болады;

5. Кірме сөздер қабылдаушы тілдің құрылымында көп өзгерістер жасай алмайды, интерференция үдерісі екінші тілдің жүйесінде көзге түсетін өзгерістерге келтіреді [39, 88 б.].

«Интерференция» терминін ең алғаш психологиядан У. Вайнрайх алып, мәтінге байланысты қатыстырған: «Бұл біздің көзқарасымызда кездейсоқтық емес, өйткені еңбектің өзі лингвистиканы анықтайды. Бұған себеп болған лингвистикадағы қиындық, интерференцияның кірме сөзге қатыстылығы, егер екінші тілден енген элемент жай ғана сөзге қосымша болса, ол – кірме сөз болады, ал қосымша бірліктің анықталған деңгейін жүйелі түрде бұзылуға әкелсе, ол – интерференция» [34, 23 б.].

Екінші тілді оқыту әдістемесінде *интерференция транспозициядан* ажыратылады: біріншісі ана тілінің теріс әсері болса, екіншісі (*транспозиция*) ана тілінің оң әсері болып анықталады [53, 171 б.].

Сонымен, лингводидактикада кеңінен орын алған пікір бойынша, интерференция құбылысы жалпы жағымсыз үдеріс болып саналады, себебі туған тілден екінші үйреніп жүрген тілге бұрынғы қалыптасқан дағдыларды ауыстыру барысында интерференция дағдыларды қалыптастыруға жол бермейді, оған теріс ықпал етеді.

Ал психологияда «интерференция ұғымын осы ғылым саласында жиі қолданатын *«трансфер»*, яғни ауыстыру, тасымалдау үдерісімен шатастырады. Егерде *интерференция* жағымсыз тасымалдау ретінде қаралса, жоғарыда айтылғандай, *трансфер* жағымды тасымалдау. Ол жанадан қалыптасып келе жатқан дағдыларды игеруге мүмкіншілік тудырады», – деп, белгілі әдіскер-ғалым К.З. Закирьянов *транспозиция* құбылысын ана тілдің жағымды ықпалына жатқызады. Екі тілдің (ана және екінші) ортақ ұғымдары мен категориялары екінші тілді меңгергенде біршама тірек болатынын айтады. Тасымалдауды психологиялық заңдылықтары тұрғысынан қарасақ, келесі түйінді жасауға болады: ана тілдің категорияларын және қасиеттерін игеру екінші тілді игерудің негізі бола алады [54, 80 б.].

Ал жағымды немесе жағымсыз тасымалдау үдерісін жүзеге асыру үшін екі тілде де жалпы дағдылар болу керек немесе бірінші тілді меңгеру барысында қалыптасқан дағдылар екінші тілді игеру кезінде пайда болатын дағдыларға ұқсау керек. Сонда ғана үйреншікті дағдылар жаңа қалыптасып келе жатқан әдеттердің орнына қолданылады.

Интерференцияның жағымсыз тасымалдау деп қарастыра отыра, оның жағымсыз жағына назар аударсақ, оның келесі терістеу қасиеттерін атауға болады:

- а) жаңа тілді үйрену барысында кедергілер жасау;
- ә) жаңа үйреніп жатқан дағдыларды тез игеру үдерісін тежеу;

Ал *транспозиция* – жағымды тасымалдау. Ол екі тілдегі ұқсас элементтерді табу арқылы жаңа тілді үйренгенде қалыптасып келе жатқан дағдыларды игеруді жеңілдетеді, себебі ана тілдің құрылымын, элементтерін білу арқасында екінші тілді жеңіл игеруге болады. Ол үшін жаңа және ана тілдерде ұқсас фактілерді, элементтерді тауып, салыстыру қажет. Осы туралы Л. В. Щерба былай деген: «адамға сөйлеу тәсілдерін талдау нәтижесінде ойды талдауды үйретсе ғана, тілді үйретудің жалпы білімдік маңыздылығы іске асады. Осындай ойды талдау тәсілдерін білу үшін осы екі тілде сәйкес элементтерді үнемі іздеп тауып, отыру керек. Сонда ғана тіл ойды сомдау, қалыптастырудың пәрменді факторы бола алады» [55, 98 б.]. Егер индивид екінші тілді үйрену барысында оны жүйелі түрде оқыса

(фонетика, лексика, грамматика), екі тілдегі тілдік формаларды, тұлғаларды салыстырып, ұқсас элементтерді табады, оларды салыстырады. Осы саналы түрде өткізген екі салыстыру негізінде, саналы түрде үйренуге жағдай жасайтын, оқу үдерісін басқаруға болатын лингво-әдістемелік жүйе жасауға болады. Сондықтан да жағымды тасымалдаудың рөлі орасан зор. Оны оқу үдерісінде қолдану керек.

М. Джусупов интерференция құбылысын әлеуметтік-лингвистикалық, лингводидактикалық қырдан қарастырады. Өзінің еңбектерінде интерференция туралы айтылған әр түрлі көзқарастарды талдай отырып, интерференцияны тілдік қатынастардың жағымсыз нәтижесі ретінде көрсетеді. Интерференция құбылысы кезінде туған тілдің көрсеткен ықпалынан екінші тілдегі ережелер бұзылады (У. Вайнрайх); жағымсыз және жағымды тасымалдардың жиынтығы (Н.А. Любимова); туған тілдің ерекшеліктерін үйреніп жатқан шетел тіліне тасымалдау (Д.Э. Розенталь, М.А. Теленкова); [56, 214 б.].

М. Джусуповтың ойынша, тілдің әр деңгейінде интерференциялық құбылыс өзін әр түрлі көрсетеді (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және стилистикалық). Сонымен қатар интерференцияда тілдердің әр қабатында да ерекше көрініс береді, мысалы, қазақ-орыс фонетикалық, қазақ-орыс морфологиялық т.б. Ғалым қазақ-орыс фонетикалық интерференцияны қарастырып, олардың парадигматикалық және синтагматикалық түрлерін сипаттайды [56, 214 б.].

Жалпы берілген анықтамалардың негізінде интерференцияның келесі маңызды белгілері шығады:

1. Бұл, ең алдымен, екінші тілде сөйлеудегі нормадан ауытқушылық;
2. Қостілділердің (қостілді жеке тұлғаның) сөзінен байқалады;
3. Қатынастағы бірінші тілдің екінші тілге әсерінен туындайды ($T^1 — T^2$).
4. Интерференция әлеуметтік ерекше себептердің әсерінен туындайтын нақты бір жағдайда пайда болады (қостілділікте);

Жоғарыда айтылған интерференцияны сипаттайтын төрт өлшем мынадай типологиялық жіктеудің негізіне тиісті болады:

1. Тілдік нормадан ауытқу түріне қарай (лингвистикалық көзқарас);
2. Сөйлеу әрекетінің ерекшелігіне қарай (психологиялық көзқарас);
3. Тілдер аралық қатынастың диалингвистикалық түріне қарай (интерлингвистикалық);
4. Қоғамдық жағдайдың ерекшелігіне қарай (әлеуметтік және этнолингвистикалық көзқарас);

Қостілділер тіліндегі интерференцияның типологиясы

Интерференцияны зерттеудің көптеген мәселелері У. Вайнрайхтың «Языковые контакты» атты еңбегіне өзек болған. Автор интерференцияны теріс ықпал деп бағалағаны оған берген анықтамасынан байқалады: «қостілділер сөйлеуіндегі бір тілден көп тіл білуінің нәтижесінде, яғни тілдік қатынас салдарынан тілдің кез келгенінің нормаларынан ауытқуын интерференция құбылысы деп атаймыз» [34, 22 б.].

Ғалым тиісті тілдердің бір-бірінен қаншалықты айырмашылығы барына қарамастан, тілдік қатынас пен қостілділікті кең мағынада қарастырады. «Жүйелер арасында айырмашылық көп болған сайын, яғни әрбірінде тек өзіне ғана тән нысандар мен модельдер көп болған сайын, интерференцияның потенциалды аймағы да, зерттеу мәселесі де зор», – дейді автор [34, 23 б.].

Бұл қағида отандық тілшілердің көптеген еңбектерінде жалғасын тапты.

Л.И. Баранникова бір тілдік жүйенің екіншісінің ықпалынан өзгеруінің үш негізгі типін атап көрсетті:

1. Бұрын жүйе үшін маңызды мәні болған айырмашылықтардың жойылуы немесе әлсіреуі;

2. Жаңа қатынастарды анықтауға басқа жүйенің ықпалы негіз болғанда жаңа мағыналарды, мағыналардың қырларын, қатынастарды бейнелеу қажеттілігінен туындайтын жаңа нысандардың дамуы;

3. Басқа жүйенің ықпалынан тілдік жүйедегі нысандар қызметінің немесе мәнінің өзгеруі [36, 89 б.].

Ғалым А.Е. Карлинский интерференция құбылысын қарастыра отырып, лингвистикалық интерференцияны төмендегідей 3 топқа бөліп қарастыруды жөн санайды:

1. *Экстенсивті интерференция* – екінші тілдің бірліктері мен модельдеріне бірінші тіл элементтерінің сипаттамаларын беру (сверхдифференциация, плеосегментация);

2. *Интенсивті интерференция* – екінші тілдің бірліктері мен модельдеріне көңіл аудармай, бірінші тіл элементтерінің сипаттамаларын беру арқылы оларды қарапайым жағдайға келтіру (недодифференциация, миосегментация);

3. *Пермутациялық интерференция* – екінші тілдің бірліктері мен модельдерінің бөлшектік құралдарының сипаттамаларын бірінші тілдің әсерімен қайта бөліп құру (переразложение, интеркатенация, репласация» [20].

Қатынастағы тілдердің арасында құрылымдық айырмашылық интерференцияның негізгі факторы болады, сондықтан ана тілінің

интерференциясын ойдағыдай жеңу үшін, ең алдымен, ана тілі мен үйренетін тілдің арасындағы құрылымдық айырмашылықты нақты білу қажет.

Интерференцияны зерттеу барысында оның типтерін зерттеудің түрлі тәсілдерін пайдалану мүмкіндігі анықталды. Шекке бөлуге негіз болатын белгілерге қарай, интерференцияның мынадай типтері ажыратылды:

- 1) қалыптасуына қарай – *сыртқы және ішкі*;
- 2) ана тіл дағдыларының тасымалдану сипатына қарай – *тікелей және жанама*;
- 3) көріну сипатына қарай – *айқын және жасырын*;
- 4) тілдік табиғатына қарай – *фонетикалық, грамматикалық, лексика-семантикалық* (лексикалық және семантикалық) [57, 182 б.].

Бұл типтер – интерференцияны сипаттаудың күрделілігі мен зерттеу тәсілдерінің айырмашылығының көрнекті көрінісі.

Жіктеуге негіз болған түрлі белгілер авторлар қолданатын терминологияда да көрінеді. Авторлардың бөлген негізгі белгілеріне қарай, А.А. Дарбеева терминологиялық көп түрлілік жинағын жасады [58, 191 б.]. Ғалым атап көрсеткендей, бұл айырмашылықтар мынаған келіп саяды:

1. Сөйлеудегі интерференция құбылысы мынадай терминдермен белгіленеді: а) *интерференция* (бұл көзқарасты У. Вайнрайх, Е.М. Верещагин, Л.И. Баранникова, Е. Хауген, Ю.Д. Дешериевтер ұстанады); б) *интерференция және интеркаляция* (А.Е. Карлинский).

2. Тілдік жүйелер деңгейіндегі интерферентті құбылыстар мынадай терминдермен белгіленеді; а) *интеграция* (У. Вайнрайх, Е.М. Верещагин); б) *транскаляция, трансференция* (А.Е. Карлинский).

3. Екінші тілдің ықпалымен ана тілінде сөйлеудегі интерференция құбылысы мынадай терминдермен беріледі: а) *интеркаляция* (А.Е. Карлинский); б) *интерференция* (Э.М. Ахунзянов); в) *жанама интерференция* (В.Ю. Розенцвейг).

4. Ана тілдің ықпалымен екінші тілде сөйлеудегі интерференция құбылысы мынадай терминдермен беріледі: а) *интерференция* (А.Е. Карлинский); б) *трансференция* (Э.М. Ахунзянов) в) *тікелей интерференция* (В.Ю. Розенцвейг).

Интерференцияны барлық (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және т.б.) деңгейлерде зерттеу кезінде қостілділіктің қай деңгейі туралы екендігін ескеру қажеттілігін айрықша атап өткен жөн. Әдетте, қостілділік *координативті* және *субординативті* болып бөлінеді. *Координативті қостілділік* кезінде қостілді адам екі тілді де тең дәрежеде еркін меңгерген және қатынас жағдаятына қарай, бір тілдік кодтан екіншісіне еркін ауыса алады. *Субординативті қостілділік* кезінде қостілді адам екінші, бөтен тілдік санада бағындыратын, ана тілін ғана еркін меңгерген болады.

Қостілді адамның сөйлеу қызметінің ерекшелігіне қарай, интерференция екінші тілдегі сөйлеуді түсіну заңдылығына байланысты *импрессивті* және қостілді адам тудырған сөйлеуден көрінетін *экспрессивті* болып бөлінеді. Интерференцияны көрсетілген типтерге бөлуді И.Н. Горелов ұсынған.

Қорыта келгенде, интерференцияны бірінші тілдің әсерінен қостілдінің сөзінде көрінетін екінші тілдің нормадан ауытқуы деп түсінеміз. Екінші тілдің сөзінде басқа себептермен пайда болған қателер (мысалы, сөйлеу аппаратының ақауы) интерференцияның ұғымына кірмейді. Коммуникативті әсер бойынша интерференцияны *коммуникативті-релевантты*, яғни өзара түсінікті бұзу және *коммуникативті-релевантты емес* өзара түсінікті қиындату және қостілдінің екінші тілінің сәйкессіз иеленуін куәландыру деп бөлуге болады. Бірінші түр «айқын» деген атпен көбірек белгілі, екіншісі «жасырын» интерференция [қараңыз, Уман 59] немесе «тура» және «жанама» дегенге сәйкес [Розенцвейг 60]. Қорыта айтқанда, «тура», «айқын», «коммуникативті-релевантты» интерференция тілдік жүйенің және тілдік норманың бұзылуы ретінде көрінуі мүмкін, ал «жанама», «жасырын», «коммуникативті-релевантсыз» интерференция – тілдегі (сөздегі) узустың бұзылуы тәріздес, яғни сөйлеу жағдайындағы тілдік жүйенің жүзеге асқаны әдеттегі болып қабылданады [61]. Қазіргі уақытта интерференция *дағды интерференциясы* және *сөйлеу интерференциясы* болып қолданылып жүр.

Қалыптасуына қарай интерференция *сыртқы* және *ішкі* болып бөлінеді. «Сыртқы және ішкі интерференция пайда болу көзіне қарай бір-біріне қарама-қарсы қойылады: *сыртқы интерференция* ана тілдің типке жатпайтын көріністерін үйренуші тілдің сөзіне ендіретінін көрсетеді, сондықтан да оны *тіларалық* деп те атайды. *Ішкі интерференция* тіларалық ұқсастықтардан пайда болады, сондықтан да оны *тілішілік* деп те атайды.

«*Ішкі*» (*тілішілік*) *интерференция* термині берілген көріністің табиғатына онша сай келмейді, сол себепті тілішілік ұқсастықтан пайда болған қателерді мақсатқа сәйкес қарағанда, сөздегі интерферентті көріністерге көптеген әдіскерлер мен тілші ғалымдар келіспейді.

Негізінде интерференцияны «бір жүйенің екінші тілге әсері» (лингвистикалық түсіндіру) немесе «өз ана тілінің бөтен көріністерін ана тілі емес тілдің сөзіне өткізу» (әдістемелік түсіндіру) деп түсінсек, ішкі интерференцияны сол белгілерге байланысты бөлсек, сонда сыртқы (тіларалық) да орынды болмай шығады. Әрине, *ішкі* интерференцияның көрінісі – бір тілдің белгілерін екінші ішкі бір тілге тасу – тілден орын алады, бірақ *сыртқы* интерференцияның белгілеріне қарағанда оның табиғаты мүлдем бөлек және олар мүлдем басқа негізге қарай бөлінеді. *Ішкі* интерференция біртүрлі, яғни тек өзінің ана тілін ғана білетін адамның да

сөзінен көріне береді, сыртқы интерференция тек қостілдінің (полиглот) ғана сөзінен көрінуі мүмкін.

Лингвистикалық әдебиеттерде ғалымдар түрліше атайтын интерференцияның бір түрі бар. Бұл – осы мәдениетке тән экстралингвистикалық жағдаят пен белгілі бір сөйлеу қалыбы арасындағы тұрақты байланыс деп түсінілетін тілдік практика нормасынан ауытқу. Болгар ғалымы К. Бабов, сондай-ақ Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров мұндай интерференцияны «лингвоелтанымдық», ал А.Е. Карлинский – «жағдаятты» деп атайды.

Жасырын интерференциядан жүйе мен норманың бұзылуымен байланысты емес *жағдаятты интерференцияны* айыру қажет. Жағдаятты интерференция осы мәдениетке тән экстралингвистикалық жағдаят пен белгілі бір сөйлеу қалыбы арасындағы тұрақты байланыс деп түсінілетін тілдік нормасынан ауытқуы (интерференцияның этнолингвистикалық аспектісі)» [63, 12 б.].

Болгар әдіскері К. Бабов ұсынған *лингвоелтанымдық интерференция* «тілден тыс факторларға, яғни жалпы білімінің болмауына немесе тіл иесі – халықтың мәдениеті туралы танымның дұрыс болмауына байланысты шетелдік оқушылардың сөйлеуіндегі қателіктерді» [38, 96 б.] білдіреді.

Интерференцияны теріс құбылыс ретінде ғана қарастыратындар, бұзылуды *жүйе, норма және узус* деңгейінде бөлуді ұсынады. Бұл туралы Т.Н. Степкина былай деп жазады: «Тілдердің *жүйелік* айырмашылығымен белгіленген интерференция мағыналық қатеге апарып соқтырады; *норма* деңгейіндегі интерференция сөйлеу мәдениетінің санаттары сияқты сөйлеудің дұрыс еместігін сезінуде байқалады; *узусты* бұзу, яғни тіл жүйесінің заңдылығы тұрғысынан дұрыстығын сақтау кезіндегі сөйлеудің жағдаяттық сәйкессіздігі *жасырын интерференцияға* апарып соқтырады» [62, 11 б.].

Интерференцияны жеке белгі негізіндегі саралайтын жіктемелермен бірге жан-жақты қамтуда бір емес бір топ белгілерге сүйенген классификациялар да орынды. С.А. Абдығалиев осы топтар шеңберінде интерференцияның мынадай түрлері мен бес белгісін ұсынады:

1. қатынасқа түсуші тілдердің біріндегі дифференциалды белгілердің екіншісінде бар не жоғы негізінде

- 1.1. Жоғары дифференциация,
- 1.2. Жеткіліксіз дифференциация,
- 1.3. Реинтерпретация;

2. Интерференция «көзіне» қарай

- 2.1. Тілішілік,
- 2.2. Тілралық,

3. Көріну нысанына қарай
 - 3.1. Айқын,
 - 3.2. Жасырын;
4. Күші мен нәтижесіне қарай
 - 4.1. Қатынастың күшті, қиратушы акті,
 - 4.2. Біркелкі, бүлдіруші,
 - 4.3. Әлсіз, тек қатынасты қиындататын;
5. Сөйлеу қызметінің түрлеріне қарай
6. Қабылдау кезіндегі;
7. Сөйлеу тудыру кезіндегі [64, 23 б.].

Жалпы айтқанда, авторлардың интерференцияның түрлі қырларын толығырақ қамтуға талпынуына қарамастан, топтаудың көрсетілген белгілері бір-бірімен байланыссыз, жіктеудің құбылыстың барлық ерекшеліктерін біріктіретін берік желісі жасалмай, өз шешімін күтуде.

Жоғарыда талдаған интерференцияның түрлері көбінесе бұл құбылыстың психологиялық табиғаты, көрініс және қызмет ерекшеліктері, күші сияқты белгілерге негізделіп жіктелген. Ал нағыз тілдік белгілеріне байланысты түрлеріне келсек, ең алдымен А.Е. Карлинскийдің тілдің қандай бірлігі (жүйе бөлігі) бұзылғанына байланысты *парадигматикалық* және *синтагматикалық* интерференция деп бөлуін айту керек. Берілген интерференцияның түрлерін бұдан бұрынғы қиылысатын топтарға құрастыратындықтан (тілдің деңгейіне қарай), интерференцияның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық парадигматикасы және интерференцияның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық синтагматикасы қарастырылады.

Парадигматикалық интерференцияның түрлері:

1. *Субституция*: Интерференцияның бұл түрі екінші тілде (T^2) жоқ нақты бір элементтің бірінші тілдегі (T^1) элементке ауыстыруынан туындайды; Мысал ретінде орыс тілінің Э, Ф, Я, Ю, Ч әріптерін айтуға болады (поэт-пайет, конфеты-кәмпійт, чай-шай, чайник-шәйнек). Сонымен қоса, ауызекі сөйлеу тілде қолданылатын *точно-тошна, срочно-срошна, так что-так што, че та-шо та, шофер-шопыр* сөздерін де айтуға болады.

2. *Недодифференциация*: екінші тіл T^2 мен бірінші тілдің T^1 ауысқан элементтерін айыра алмайтындығымен байланысты (*на выставке-на выстатке, комплекс-комлексон, фильмы-фильмы, часто-шасто, заочно-заошна*);

3. *Сверхдифференциация*: Екінші тілдің T^2 бір элементі бірінші тілдің T^1 ықпалынан екіншіге ыдырайды. Интерференцияның бұл түрі недодифференциацияға симметриялы. Мысалы, орыс тілінің к және г, а және о әріптерін қазақ қ және ғ, ә және ө деп қолдануы мүмкін. Сол тәрізді орыс

тілінің (*брат – младший брат, старший брат* – қазақ тілінде *аға* – «ст. брат»; *іні* – «млад. брат»);

4. *Реинтерпретация*: екінші тілдің T^2 жүйесіндегі бірлік (парадигматика) бірінші тілдің ықпалынан екі элементті синтагматикалық өзекке байланыстырудан бөлшектеледі (*лицо-лицо, птица-птица*)

Жоғарыда айтылған интерференцияның төрт түрінің атаулары ағылшын тілінің терминдеріне сәйкес аударылып, аудармалары ұсынылған (*substitution, underdifferentiation, overdifferentiation, reinterpretation*). Бұл интерференцияның түрлері ең алғаш У. Вайнрайхтың фонетикалық интерференцияның жағдайын қарастырғанда толық сипатталған.

Біздің ойымызша, жоғарыда қаралған диалектикалық қатынастың типтері мен интерференцияның түрлерінің сәйкестігі бірдей сатыдағы *сөйлеу мәнерінің* жоспарына да, *мазмұн жоспарына* да лайық.

Е.Д. Поливанов ең алғаш қарастырған (тек қана мазмұндау жоспарында ғана) синтагматикалық интерференцияны: *плюс-сегментация* және *минус-сегментация* – деп ажыратады.

Плюс-сегментация. Екінші тілдің T^2 сөйлеу сатысындағы элементтердің бірінші тілдің T^1 дистрибутивтік заңды әсерінен үлкеюімен байланысты: орыс тіліндегі «смен» сөзі қазақ тілінде «сімен» болып айтылады. Элементтің қосылуы [i] қазақ тілінің заңды әсерінен болған. Мысалы: [трактор-тырактор, звук-звук, строй-ыстрой, справка-ысправка, смородина-сымародина, область-обылыс, штраф-ыштырап т.б.].

Минус-сегментация. Бір әріптің қысқаруын білдіреді. Орыс тілінің аталған сөздерін қазақ тілінде төмендегідей қолданылады: [газета-газет, институт-инистут, теория-тория, туалет-тулет, акционер-аксонер, секунда-секунт].

К.З. Закирьянов ғылыми еңбегінде интерференция және интеграция деп бөлгенді дұрыс деп есептейді. Ол интерференцияны: «бұл бөтен тілде сөйлеушінің өзіндік және өзге тілдік жүйені қабылдаушы тілге ақырын, жайлап енгізуінің ажыратылмас бір құрамдық бөлігі», – дей, келіп, «бұл үдеріс лингвистикада араласу немесе сіңісу (диффузия) деп аталады», – дейді. Араласу (сіңісу) үдерісі екі сатыдан тұрады:

- 1) интерференция;
- 2) интеграция.

Бірінші сатыда қостілдінің лингвистикалық өзгертуі нормадан ауытқушылық болып қабылданады, алайда кейін ол тілдік нормаға енуі мүмкін (енбеуі де мүмкін). Мұндай жағдайда тілдік бақылаудағы өзгеріс *интеграция* сатысына еніп, кірме тілдің құрамдық бөлігіне айналады. Мысалы, қолданылып жүрген сөзді екінші тілді меңгерушілер бөтендігін сезінбеген жағдайда ғана ол сөз интеграция фазасына айналады. Мұндай

сөздердің қатарына қазіргі орыс тілінде қолданылып жүрген мына сөздерді келтіруге болады: *лошадь, карандаш, школа, мастер, аркан*. Бұл сөздердің осы уақытта өзге тілден енген сөз екендігі мүлдем сезілмейді десек те болады. Осы процеске фонетикалық және грамматикалық өзгерістерді енгізсек те болады.

Кездейсоқ қатынастың әсерінен пайда болған, алайда көпшілікке таралмаған, тілдік нормаға енбеген тілдік құбылысты интерференция саласына жатқызамыз [65, 80 б.].

Э.М. Ахунзяновтың пікірінше, «алғашында интерференция қостілдің сөйлеу тілінде көрінеді, бірақ қолайлы жағдай туған шақта тілдік тұрақтылық ретінде көптілдің де ортасына тарауы әбден мүмкін... Сондықтан да, интерференция әрқашанда тілдік нормадан ауытқу деп қарастырылатын интерференция болып қалуы шарт емес. Жиі қайталаулардан кейін ол өзі де тілдік нормаға енеді» [61, 134 б.]. Сонымен қоса, ол өз ойын: «Интерференцияны тілдердің өзара ықпалының барлық түрлері мен типтерін қамтитын өте үлкен бір көрініс деп білуіміз қажет», – деп толықтырады.

Олай болса, интерференцияны біз кей жағдайларда оңды құбылыс ретінде қарастырғанымыз дұрыс. Ол – байланысқан тілдердің өз ара баюына мүмкіндік туғызатын, жалпы саланың өркендеуіне апаратын, құрылымдық элементтің бір тілден екінші тілге енуіне жағдай жасайтын және тілдік жүйелерді дамытатын әрі болашақта сапалы алға басудың алғышартын жасайтын құбылыс.

Интерференцияны үйренуші тілге ана тілінің дағдыларын таситын және екінші тілді үйренуге кедергі болатын кері құбылыс деп түсіну – ол мүлдем өзінше бөлек мәселе. Өзге тілге тасу үйренуші тілдің міндетті түрде қандайда бір көзге түсерлік нормасын және белгіленген бір құрылымын өзінен-өзі бұза бермейді. Өйткені, мұндай жағдайда ол тілдердің өзара ықпалынан орын алмайды. Біз тек ана тілінің сезінбеген қате нормасын екінші, үйренуші тілге тасудың ақиқатымен ғана кездесіп тұрмыз.

Э.М. Ахунзянов бұл құбылысты тілдің басқа әрекеттерінен шектеу мақсатымен, яғни интерференция деп аталатын және ғылыми нақтылық тудыру мақсатымен әрі қолайлы болуы үшін өзіне мағынасы жақын трансференция терминімен атайды. *Трансференция* (латын тілінен *transfere* – тасу) өзге тілдің элементтері мен белгілерін және құқын тасу.

«Бұл терминді қолдану, біздің ойымызша, нақтылықты тудырады және лингвистикалық әдебиетте интерференцияның мәнін түсінуде қолданылып жүрген қайшылықты жояды», – деп толықтырады [61, 135 б.].

Әдіскер-ғалым жалпы трансференцияны оң құбылыс ретіндегі интерференцияға қарағанда шектен тыс сөйлеуді тудыратын, екінші тілді меңгеру жолында едәуір кедергі келтіретін келеңсіз құбылыс ретінде

қарастырады. Автордың ойынша, *трансференция* екінші тілді үйренуде кедергілер тудыратын қате құбылыс, әйтсе де, ол оның құрылымына тимейді. Алайда интерференцияны диахрондық жоспардағы тілдік өзара әрекет ретінде қарсы қою және трансференцияны қостілдің тілдік қызметінің нәтижесі деу терминологиялық қиындықтарды туындатады. Өйткені, қостілділік туралы жұмыста *трансферді* (немесе трансференция) екінші тілді T^2 үйренуде пайда болатын дағдының оңды тасымалы деп атаса, керісінше *интерференцияны* кері құбылыс ретінде қабылдайды. Трансфер үнемі жай ғана тасымал деп аталады, сондай-ақ ол өз кезегінде жаңа терминологиялық қиындықтарды әкеледі. Өйткені, тасымалмен бірге әрқашанда тек пен түр де түсіндіріледі. Осы жұмысымызда дағдыны тасымалдаудың екі түрі ажаратылады: дұрыс – фацитация, теріс – интерференция. Сонымен, балама (альтернативной) интерференция пайда болады. Лингвистикалық қатынаста ол екі тілдің үлгісінің үйлесуін қарастырады, сол себепті бірінші тілдің T^1 ұқсас үлгілері болғанда басқа тілдің материалдары екінші тілдің T^2 нормасын бұзбайды. осындай құрылым бірінші тіл T^1 үлгісімен екінші тілдің T^2 сөйлеуінде екінші тіл T^2 нормасының бұзылуына жол бермейді.

Осы көзқарас жөнінде А.Е. Карлинский: «Біздің ойымызша, бұрыннан қалыптасқан терминді бұлай жіктеудің қажеті жоқ сияқты. Біріншіден, «интерференция» терминінен о бастан-ақ жалпы лингвистикалық әдебиеттерде көрінетін кері мағына бекітілген. Екіншіден, бұл терминнің дұрыс мағынаның мүмкіндігін жақтап жүргендер онсыз да интерференция мен кірме сөздің арасындағы әлсіз шекараны шайып жіберулері мүмкін: соңғысы шын мәнінде қатынастағы тілдердің қайсысының болса да, өзара баудың факторы болады (интерференцияға байланысты бұны мақұлдауға болмас), сонда да «тек қана қостілді адамның интерферленген сөзі арқылы ғана өзге тілдің жүйесіне бөтен элементтің енуі мүмкін», – деп қорытады [66, 5-6 б.].

Дегенмен, А.Е. Карлинский бір еңбегінде «интерференция қостілді адамдардың сөйлеуінде көрінеді, оның тамыры тілде жатыр» [20, 5-6 б.] десе, екінші еңбегінде «басқа тіл жүйесіне бөтен элементтер тек қостілді адамның интерференцияланған тілі арқылы енеді» [63, 12 б.] дейді.

Алайда, Е.Н. Ершова интерференцияны оң құбылыс, трансференцияны теріс құбылыс деп бөлмегенімен де, оның тек қана теріс құбылыс болып қалмауын дұрыс деп есептейді. Соған орай, «интерференцияның жекелеген жағдайлардағы оң рөлін жоққа шығармауымыз керек» деген тұжырым жасайды [49, 132 б.].

Интерференция мен интеркаляция

Қазіргі уақытта айналамызда ауызекі сөйлесу кезінде *остановка* (*остановкаға тоқтай саласыз ба*), *проезд* (*проезд бере салыңыздар*), *пробка* (*Алматының пробкасынан шаршадым*), *короче* (*короче, айтатының не?*), *вообще* (*мен вообще оқыған жоқпын*) т.б. басқа тілдің сөздерін араластырып қолдануды жиі кездестіреміз. Б. Хасанұлы осы екі тілді араластырып, тілін шұбарлатып сөйлеу мен қостілділік туралы өз ойын былай қорытады: «Екі тілдің сөздерін орынсыз араластырып сөйлеу мен қостілділіктің арасы жер мен көктей. Біріншісі – сөйлеу мәдениеті жетілмеген, әдеби тіл нормасын білмейтін адамның далбасасы. Оларды қазақ «тіл шұбарлаушы», немесе «дүбәра», деп дұрыс атайды. Екіншісі – екі тіл мәдениетін кәдери халінше қатар меңгерген, меңгере алмаған күнде екеуін өз алдына жеке-жеке қолдана алатындардың ісі. Қостілділік деген, біріншіден, ол белгілі бір социумның (ұжым, қоғамның) ішкі қарым-қатынасында екі тілді қолдану процесі. Екіншіден, қостілділік – екі тілдің ұзақ уақыт бойы өзара байланысының нәтижесі» [3, 87 б.].

Бұндай кері құбылысты, яғни тілдік нормадан басқа тілдің әсерімен ауытқушылықты, тіл білімінде интерференция деп атайды. Екінші тілді меңгеру процесінде ана тілі үйренетін тілдік жүйесін интерференцияға алып баратыны айдан анық. Сондықтан белгілі ғалымдар бұл себеп-салдар байланысты байқап, оны зерттеу қажет екенін дәлелдеген. Алайда, В.Ю. Розенцвейг «интерференциясыз қостілділік болмайды» деген пікірді қабылдағанымызды мақұлдайды. Бұл тұжырымды «екінші тілді меңгеру әрқашанда интерференцияға төзуді қажет етеді», – деп О.С. Ахманова толықтырып отыр.

Біз қарастырып отырған мысалдарымыз интерференция құбылысының көріністері екені даусыз. Ал дәлірек айтсақ, жоғарыда келтірілген мысалдар интеркаляцияға жатады. Сонымен, интерференция мен интеркаляция ... Екеу де – қостілділіктің туындысы, қостілді тұлғаның сөйлеуінде бір тілдің басқа тілге тигізетін теріс ықпалы. Осы екі бір бірімен туыстас құбылыстың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын талдаудан бұрын терминдерге назар аударайық.

Интерференция (лат. *inter* – аралық, *ferio* – жақындау, тасу) – қостілді тұлғаның екінші тіліндегі тілдік нормадан бірінші тіл әсерімен ауытқушылықтары болса, үлкен кеңес энциклопедиясының анықтамасы бойынша, *интеркаляция* (лат. *intercalatio* – кірме, қоспа) – қалыптасқан жүйеге жаңа құрылым, үдерістердің (биологиялық) енуі. Лингвистика тұрғысынан келгенде, интеркаляция – қостілді тұлғаның бірінші тіліндегі тілдік нормадан екінші тіл әсерімен ауытқушылықтары. Қарасақ, бұл

құбылыстардың негізгі түбі, себептері бір екен. Біріншіден, екеуі де қостілді тұлғаға тән, екіншіден, тілдік нормадан ауытқуды білдіреді, үшіншіден, сол ауытқушылықтар басқа тілдің әсерінен пайда болады. Сондықтан болар, интерференция мен интеркаляция құбылыстары тіл білімінде ұзақ уақыт ажыратылмай, нақты айтқанда, тілдік құбылыс У. Вайнрайх т.б. ғалымдардың еңбектерінде аз да болса, жалпы түрде суреттелгенімен, белгілі атауға ие болып, қажетті деңгейде қарастырылмаған.

Тіл білімінде интерференция жан-жақты сарапталып, зерттелген болса, интеркаляция енді-енді зерттеу нысанына айналып келеді. Осы бағытта отандасымыз А.Е. Карлинскийдің интерференция мен интеркаляцияны ажырата бөлуі – тіл біліміне, соның ішінде тілдер қатынасы, қостілділік, интерференция теорияларына қосқан үлесінің зор екендігін ерекше айтуымыз қажет.

Ғалымның айтуы бойынша, У. Вайнрайхтың ұсынған интерференцияның анықтамасында, берілген көріністерге күрделі талқылауды тудыратын маңызды кемшіліктер бар. Өйткені, У. Вайнрайхтың интерференциясында қостілдінің сөйлеу тіліндегі екі жақтың да бағыттық әсеріне мән бермеген: интерференцияны ол бірінші тілдің T^1 екінші тілге T^2 немесе керісінше екінші тілдің T^2 бірінші тілге T^1 әсері деп түсінеді. Егер өзара әрекеттің барлық факторлар мен механизмдерінің (лингвистикалық, экстралингвистикалық тәрізді) есебін талап ететін, тілдің өзара әрекетінің тек қана тілдік нәтижесін ғана қарастырсақ, мұндай түсінік мүлдем дерексіз болады, ең негізгісі, біртекті емес, өйткені ол табиғатынан екі түрлі көріністі қамтиды. Осыған сәйкес, кейбір авторлардың терминологиялық бөлу талпынысының мақсатқа лайықтылығын мойындауымыз қажет.

Мысалы, Л. Джекобовиц «жай интерференция» және «кері интерференция» деп бөлуді ұсынады. Воронин қостілдінің сөйлеу тіліндегі қатені «ана тілінен» пайда болған және «үйренуші тілден» пайда болған деп бөлу қажет деп есептейді. В.А. Ицкович пен Б.С. Шварцкопф басқа тілде сөйлейтін *инкустрация* туралы айтады, мысалы: каз. *Мен, конечно оған жазамын*» (Я конечно, ему напишу) және т.б.

Осыған қарағанда, екі ұғымды бөлу қажеттілігі өз-өзінен анықталып, сұранып тұр.

А.Е. Карлинский интерференцияны қостілдінің сөйлеу тіліндегі тек қана бірінші тілдің T^1 әсерінен болған екінші тілдегі T^2 нормадан ауытқушылық деп түсінуді ұсынады. Ал екінші тілдің T^2 әсерінен болған қостілдінің бірінші тіліндегі T^1 нормадан ауытқушылықты интеркаляция деп атайды [20, 75 б.]. Әрі қарай, өз еңбегінде автор интерференция мен интеркаляцияның толық түсінігін, айырмашылығын және интеркаляцияның

түрлерін көрсеткен. Біз де өз зерттеуімізде А.Е. Карлинский ұсынған осы анықтамалар мен айырмашылықтарды көрсетіп кетуді жөн санадық.

Тілдік ықпалдың бағытына байланысты (ал екі тілдің ықпалына теориялық екі балама болуы мүмкін: $T^2—T^1$ немесе $T^1 — T^2$), А.Е. Карлинский сөздің өзгеруін *интерференция* және *интеркаляция*, ал тілдік араласуды өзіне сәйкес *трансференция* және *транскаляция* деп бөлуді ұсынады. Тілдік ықпалдардың төрт түрін А.Е. Карлинский [66, 5-6 б.] төмендегідей сипаттайды:

1. Интерференцияның мәселесі қостілдің сөзінде ауызша және жазбаша екінші тілде T^2 көрінуін, тілдердің өзара әрекетінің нәтижесін оқумен байланысты. Бұл міндет әр түрлі деңгейдегі (фонологиялық, лексикалық және грамматикалық) және жоспардағы (парадигматика, синтагматика, трансформатика) сөйлеу интерференциясының типологиясымен байланысты.

2. Интеркаляцияның мәселесі екінші тілдің T^2 заңды ықпалы бірінші тілдің T^1 сөзіне енуін оқумен байланысты. Міндеті – өзге бірліктердің және оның байланыстарының бірінші тілдің T^1 сөйлеуіне енген бөтен сөздердің ерекшелігін белгілеу.

3. Трансференцияның мәселесі – бірінші тіл T^1 ықпалының қорытындысы екінші тіл T^2 жүйесіне енген мәселелермен байланысты. Ықпал қостілдің сөзінде емес, екінші тілдің T^2 тілдік жүйесінде, сондай-ақ тілдік бірліктердің жиынтығы мен түрінде және қызмет істеу құқында байқалады. Бұл, ең алдымен, бір тілге екінші тілдің ықпалынан туындаған дивергенттік өзгерістің мәселесі.

4. Транскаляцияның мәселесі екінші тілдің T^2 ықпалы бірінші тілдің T^1 жүйесіне қостілді адамның сөйлеу әрекеті арқылы енуімен байланысты. Бұл, ең алдымен, кірме сөздің және суперстартты көріністің мәселелері. Бұл еңбекте интерференция тілдік байланыста пайда болатын таза сөйлеу құбылысы ретінде қаралады. Мұндай анықтамадан интерференция, біріншіден екінші тілдің T^2 сөйлеу тіліне бірінші тілдің T^1 жүйелерінің әсерінен нормадан ауытқушылықты (оның сапасы мен көлемі бұл тілдердің өзара байланысындағы жүйелерінің ерекшелігімен байланысты); екіншіден, ол тек сөзден ғана байқалады, сол себепті екінші тілге T^2 қостілдің тілдік қызметінің ерекшелігімен байланысты; үшіншіден, ол қостілділік жағдайда қатынас барысында пайда болады [66, 5-6 б.].

Ең алғаш рет интеркаляция ұғымы И. Эпштейн еңбегінде берілген. Жоғарыда интерференция мен интеркаляцияның ұқсас жақтарын анықтап едік, енді осы қос ұғымның айырмашылықтарына тоқталған жөн болар.

1. Интерференция қостілді тұлғаның бұрынырақ жинақталған тілді қолдану тәжірибесінен туындаса (екінші тілде сөйлеу әрекетін толық

игермегендіктен), интеркаляцияның психикалық тетігі басқаша. Себебі ана тілін әркім бала кезінен игергендіктен, билингвтің ана тілінде сөйлегенде тілдік норманы бұзып, үйреніп жүрген екінші тілдің элементтерін қолдануы тілдік себептерден емес, психикалық немесе әлеуметтік жағдайларға тіреледі. Интерференцияның қайнар көзі қатынастағы тілдер арасындағы барлық өзгешеліктер болса, интеркаляция қостілдінің ана тілінде баламалары бар бола тұра, екінші тілдің элементтерін қолдануы (*Полкаңды жинадың ба? Ертеңгі расписание қандай?*).

2. Егер интерференция әрқашанда санадан тыс сипат алып, сөйлеушінің немесе тыңдаушының бақылауына көнбесе, интеркаляция қостілдінің санасында тура немесе жанама түрде бақылауда болады (*Бассейнге жүзуге кім барады? Губка сатып алу керек.*)

3. Интерференция біріктірілген қостілділікке көбірек лайық, әсіресе оның алғашқы сатысына тән болса, интеркаляция екі тілді де меңгеру деңгейі шамамен бірдей болып, ара қатынастық қостілділікке тән (*Өте керемет, оригинально, еще өте логично! Кухняның светін өшіре салындаршы!*). Сондықтан қатынастағы тілдердің заңдылықтарын зерттегенде, тек біріктірілген қостілділікті ғана емес, алшақтатылған ара қатынастық қостілділікті де қарастыру қажет екені түсінікті.

4. Интеркаляцияның маңызды ерекшелігі (интерференцияға қарағанда) билингвтің ана тіліне тек екі жақты, мағынасына формасы сәйкес, тілдік бірліктер ғана ене алады. Олар жеке морфемалардан бастап күрделі сөз тіркестеріне дейін екінші тілге тән өзіндік грамматикалық белгілерін бірінші тілге енгенде толық сақтай алатындықтан көзге түсіп, бөтен тілден енгендігі айқындалады (*Детский садтан қалыптасып қалған; Не очень екен билері*), қысқаша айтқанда, бірінші тілге екінші тілдің тек екі жақты тілдік бірлік пен олардың байланыстары ғана тиесілі. Ал екінші тілге (T^2) тән дыбыстар мен олардың ерекше тіркестері екі жақты тілдік бірліктеріне жатпағанмен бірінші тілге (T^1) ену жолдары өзгеше: олар дербес түрде, яғни сөз немесе сөз тіркесі сияқты, бірінші тілге екі жақты болмағандықтан ене алмайды. Бірақ оған қарамастан қостілді сөйлеушінің ана тіліндегі сөйлеуінде кездеседі. Қалай десек, сол дыбыс құрамында бар сөздер арқылы: екінші тілдің әсерімен бірінші тілге құрамында ерекше дыбысты сөздер кірсе, сол екінші тілге тән дыбыстар да қоса кіреді. Мысалы, қазақ тілінде жоқ [**Ч, Ф, Ц**] дыбыстарды келесі ауызекі тілде кездескен сөйлемдерде анық айтылғанына кірістірілген бақылау кезінде куә болғанымызды айтып кету жөн: *Интернеттен скачатъ етіп алу керек; Ол бірінші задачаны спокойно бітіріп тастады; Фирменныйдың аты фирменный; Давай, мен мына страницаны бітіріп тастаймын; Больницаға бардым, әлі реанимацияда жатыр екен*). Бұл орыс тіліне тән дыбыстарды қостілділер ешбір қатесіз орыс тілінің орфоэпиялық

нормасына сәйкес айтқаны, олардың екінші тілді жоғары деңгейде меңгергенін білдіреді.

5. Интеркаляцияның тағы бір ерекшелігі: екінші тілдің (T^2) элементі бірінші тілдің (T^1) сөздік қорына енгенде, алдымен, бірінші тілдің (T^1) интерференциялық әсеріне ұшырап, сөйлеу мәнерінің жоспарына байланысты түрленуі ықтимал. Мысалы, келесі сөйлемдердегі орыс тілінен еніп отырған сөздердің қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарына бағынуы: *Мына старостыға берем, көбейтіп алыңдар!* – орыс тіліндегі «староста» сөзінің **-А** жалғауы қазақ тілінің **-БИ** жалғауына ауыстырылып отыр. Орысша «в субботу контрольная» деген сөйлем қостілдінің қазақ тілінде сөйлегенінде *Бізде суббота контрольный* – деп, орыс тіліне тән зат есімнің табыс септіктегі **-У**, сын есімнің **-АЯ** жалғаулары ауысып, **В** предлогі мүлдем жойылды.

Кесте 1 – А.Е. Карлинскийдің интерференция мен интеркаляцияны салыстырмалы сипаттауы.

Интерференция	Интеркаляция
1	2
<p>Тілдік әсердің бағыты: $T^1 \rightarrow T^2$. Құрылымдық себебі: Екі тілдік жүйелердің барлық деңгейдегі кез-келгенінің айырмашылығы; Құрылымдық емес себептері: тіларалық идентификация және ықпалды тасудың психологиялық әмбебап заңдылықтары; Интерференцияның мөлшері екінші тілді T^2 кері пропорционалды дәрежеде меңгеруі; Интерференцияның механизмі қостілдінің санасына мүлдем бағынбайды; Табиғи қостілдіге де, жасанды қостілдіге де тән.</p>	<p>Тілдік әсердің бағыты: $T^1 \leftarrow T^2$. Құрылымдық себебі: екі тілдік жүйе аралығындағы тек лексикалық деңгейдегі айырмашылық; Құрылымдық емес себептері: берілген қостілді ұжымға екінші тілдің T^2 маңызды әлеуметтік рөл атқаруы; Интеркаляцияның мөлшері екінші тілді T^2 тура пропорционалды дәрежеде меңгеру; Интеркаляцияның механизмі қостілдінің санасында айтарлықтай сатыда бақыланады; Тек қана табиғи қостілдіге тән.</p>

Сонымен, кестеде көрсетілгендей, интерференция үйренушінің ана тілі екінші тілді меңгеруіне ететін теріс әсері болса, интеркаляция, керісінше, екінші тілді меңгеру деңгейі жоғары болғандықтан ана тілінде сөйлеуіне теріс әсер етуі. Сонда неғұрлым екінші тілді жете меңгерсе, үйренушінің екінші тілде сөйлеу кезінде ана тілінің кері әсері азая бастайды да

интеркаляция көріністері пайда болуы мүмкін. Интерференцияға себеп болатын екінші тілді жете меңгере алмау болса, интеркаляцияны тудыратын себептер басқа: екінші тілді белгілі бір деңгейде меңгерген сөйлеуші не соны тыңдаушыларға паш етіп көрсеткісі келгені, не әлі екі тілді қажеттілікке байланысты ажыратып қолдана алмауына байланысты, не орыс тілінде жадында тұрған сөздің ана тіліндегі баламасы аузына дәл сол кезде түспеуі де болуы мүмкін.

Жоғарыдағы классификация интерференция мен интеркаляцияның салыстырмалы сипаттамасына арналған болса, интеркаляция құбылысы соншалықты көпқырлы да, күрделі де, тереңірек назар аударсақ, оның тағы да маңызды қырларын байқаймыз.

Төмендегі сараптамада интеркаляцияның екі ғана ерекшелігі басты болып, негізге алынған. Олар: бірінші тілдің (T^1) сөзіне тек екінші тілдің T^2 сөзі мен олардың сөз тіркестері ғана енуі мүмкін; екінші тілдің (T^2) бөтен элементтері, өз кезегінде, бірінші тілдің (T^1) интерференциялық әсеріне ұшырауы мүмкін және осыған сәйкес өз белгілерін өзгертуі немесе өзгермеген күйінде қалуы да мүмкін. Осыған байланысты белгілі ғалым, отандасымыз А.Е. Карлинский интеркаляцияның төрт түрін бөледі: *инвентарлық, фразалық, бірінші жақтан, таза және түрленген*, екінші жақтан.

Инвентарлық интеркаляция – бұл екінші тілдің (T^2) жеке сөздері бірінші тілдің (T^1) сөйлеу туындысына енуі: *Может, бүгін кешке казиноға барсақ қайтеді, егер свободный болсаң*. Бұл құбылыстың өзі екі түрлі болады: қатынастағы тілдердің лексикалық жүйесіне тигізетін ықпалына қарай *номенклатуралық және редунданттық* интеркаляция деп бөлінеді.

Номенклатуралық интеркаляция қостілдінің бірінші тілінде (T^1) белгілі бір сөзге лайық аударма жоқ уақытта сол тілде сөйлегенде екінші тілдің (T^2) лексикалық элементтері енеді. Бұл элементтер – атау септіктегі тұрмыстық заттардың атаулары мен ғылыми терминдер. Бара-бара қолданыста көбірек кездесіп бұл сөздер бірінші тілдің (T^1) лексикалық қорына кірме сөздер ретінде еніп, тіл жүйесіне сіңе бастайды. Бұл қолданыстар бірінші тілдің сөздік қорын байытады десек, артық болмайды: *Құжаттарды архивтен қарау керек. Шашыма укладка жасатсам деген едім. Фермаға жұмысқа шығу қажет. Сельсоветке барасың ба?*

Редунданттық интеркаляция – бұл бірінші тілге (T^1) екінші тілдің (T^2) элементі артықшылық болып енеді. Мысалы, қазақ тілінде «теледидар» деген атау болып тұрып, сонымен қатар орыс тіліндегі «телевизор» деген атау жиі қолданылатыны жүргізілген байқауымызда дәлелденді. Қазақша сөйлеуде «телевизор» сөзі – тілдік қажеттілік емес: қазақ тілінде тура осы мағынадағы

баламалық лексема бар. Интеркаляцияның бұл түрі кеңінен таралғаны анықталды.

Бірінші тілдің сөзіне енген көп элементтердің мағыналары мен сөз таптарына қарай *номинативті және референционды* интеркаляция деп бөлу тіл білімінде орын алады.

Номинативті интеркаляция – қостілді сөйлеушінің бірінші тіліне өзге тілдің нақты мағыналы зат есімдердің енгені (*Ол библиотекаң қай жақта? Бүгін далаға шығып, тағы да снеговик жасайық.*)

Референционды интеркаляция қандайда бір көріністің атауымен байланысты емес, бір нәрсеге қатынасты білдіруімен байланысты. Негізінде, бұл зат есім емес, сөйлеушінің эмоционалды жағдайын суреттейтін, көңіл-күйін білдіретін сөздер. Олар көбінесе зат есім емес, басқа сөз таптарына жатады. (*Сен, вообщем, сабақ оқисың ба, оқымайсың ба?! Мына жерге дейін аяқтауыңыз қажет! Понятно?*)

Фразалық интеркаляция екінші тілдегі (T²) бүтін қалыптағы сегменттің бірінші тілге (T¹) енуін білдіреді және бірінші тілдің (T¹) күрделі сөйлемінің құрамына екінші тілдің екі бөліктен тұратын сөз тіркесінен бастап толық пікірге дейін бірнеше типтік тармақтарынан тұрады. *А у вас колбаса бар ма? Киноға барайық, вместе с Данкой.*

1. Екі бөліктен тұратын қоспа: *Стоп машина; Товарищ начальник; Андрей Андреевич деп жауап берді; Көршіден паяльная лампа сұрап көрші;*

2. Тілдік калькалар: бірінші тілдің лексикасына біртіндеп (асимметриялық калька) немесе толық түрде (симметриялық калька) өзге тілдің сөз тіркестері немесе композит үлгілері еніп, қолданылады:

а) ассимметриялық калька екінші тілдегі сөйлемді сөзбе сөз аудару немесе тура аударма нәтижесінде пайда болады (мысалы: *Жаңа жылыңмен! – С новым годом!* («Жаңа жыл құтты болсын!»), – *деудің орнына*)

б) симметриялық калька бір тілдің сөзін екінші тілге жанама аудару нәтижесінде енуін білдіреді («көгілдір экран» – «голубой экран» ‘теледидар’ деген мағынада, «ақ алтын» – «белое золото» ‘мақта’ деген мағынада)

3. Өзге тілдік (иноязычная) эпентеза екінші тілдің (T²) ережесіне сай жасалған сөйлемдерді білдіреді. *Білесің бе, [что Жанара сказала] Ринаттар тойдан келгенде? Знать не хочу дейді; Знать не знаю қайдан болса да тап. «Молодой – исправлюсь», деп айт.*

4. Фразалық интеркаляцияға цитаталар да жатады. Ол қостілді бірінші тілде (T¹) сөйлеп тұрып, біреудің пікірінен (немесе құжаттан) үзіндіні сөзбе-сөз бергенін білдіреді: *Ол маған [я родителей уважаю] деп жылады.* Интеркаляцияның бұл түрі кодтың алмасуымен ұқсас болып келеді.

Жоғарыдағы классификациялар бірінші тілге енген тілдік бірліктердің көлемі, құрылымы, теріс әсер еткен екінші тілмен қатынастарына, яғни тілдік

құбылыстарға сүйенсе, келесі топтама екінші тіл ықпалының күші, бірінші тілдің заңдылықтарына бағынудың мөлшеріне (дәрежесіне) негізделеді. Осыған байланысты *таза және түрленген* интеркаляция ажыратылады.

Таза интеркаляция – бірінші тілдің Т¹ сөйлеу тілінде барлық типті толық табиғи белгілерін сақтайтын (фонетикалық, графикалық, мағыналық) өзге тілдік бөтен сөздер. *Мен больничный лист алдым. Быстро айт, барасың ба, бармайсың ба? Совсем түсінбейді. Давайте жұмыс істеңдер. Осылай вот өмір сүреміз. День рождения жасадың ба? Правда ол ауыр жерде жұмыс жасайды.*

Түрленген интеркаляция – бірінші тілдің Т¹ интерференциялық әсеріне ұшыраған және осының себебінен бірнеше өз белгілерін өзгерткен (фонетика-графикалық, сөзжасамдық, грамматикалық және (немесе семантикалық) өзге тілдік бөтен сөздер. *Сәлем! Қалың қалай? - Нормальный (нормальной), пойдет. Өзіңде? Звонить еттің ба? Картошка жарить еттім; Ешкім жаловаться етпеді ма? Ол опасный адам ғой; Неге оны обижать етесің.*

Түрленген интеркаляцияның өзін А.Е. Карлинский төмендегідей бірнеше топқа бөледі:

- *Фонетика-графикалық түрленген интеркаляция*
- *Сөзжасамдық түрленген интеркаляция*
- *Грамматикалық түрленген интеркаляция*
- *Семантикалық түрленген интеркаляция* [20, 147 б.].

Ғалымның бөліп көрсеткен түрленген интеркаляцияның қазақ-орыс қостілдінің ана тіліндегі көрініс тапқан топтарға келсек, *фонетика-графикалық түрленген интеркаляция* ауызекі тіл мен жазбаша тілде орын алады. Ол орыс сөздерінің құрамындағы орыс тіліне тән дыбыстарды айтуына немес орыс тілінің жазу ережелерін бұзумен байланысты: «менің [шопырым] бар, егер ол келмесе, таксимен қайтамын», «[полотенсамды] жуып едім, әлі кеппеген сияқты», «басқа [с]веті бар ма?», «[шота, чёта] телефон істемей тұр ғой деймін», «[памит] көп па сотқанда?», «Магазиннен «Караванның» свежий номерін алдым».

Сөзжасамдық түрленген интеркаляция мен *грамматикалық түрленген интеркаляция* да қазақ-орыс қостілдінің ана тілінде сөйлеген кезде жиі кездесіп, көзге бірден түседі. Оның себебі, біздің пайымдауымызша, қатынастағы қазақ және орыс тілінің типологиялық айырмашылықтарының алшақтығында. Мысалы, орыс тіліндегі род категориясының қазақ тілінде көрініс таппағындықтан осы ажырату анықтауыш қатынастағы сөз тіркесі қазақ тілінде қолданса да орыс тіліне тән род ажырату ережесі бұзылады: «бір **новый общий тетрадь** бар болса, берші», «**записной книжканың** ішінде Гүлнұрдың адресі болу керек», «**последни время** сабақтар қиын», «менде

зубный паста бітіп қалды», «Әсел, *красный паста* бар ма?». Біздің байқауымызша, қазақша сөйлегенде соңғы кездері әсіресе орыс етістіктерін «қазақшалау» кеңінен тарауда. Оның себебі – тіршілікке еніп жатқан ғылыми-техникалық жаңалықтар, олардың қазақша баламалары әлі қолданысқа ұсынылмағаны, деп ойлаймыз. Қарасақ, бұл сөздер – көбінесе компьютерлік технология саласына қатысты іс-қимылдардың атаулары: «менің номеріме *скидывать етші*, *сохранить* етейін», «пожалуйста, маған рефератты *скачай!*», «маған *нужно антивирус обновить*», «*изменить гиперссылку*, болды ғой, сосын *выделить етсей*, болды», «бір папка *создать етіп*, соның ішіне *сохранить ету* керек», «бұрынғы номерді қайтадан *восстановить етпесем*», «просто *возврат требовать етпеу* керек», «сотқадағы номерлерді қайтадан *переименовать ету* керек». Бұл қазақ тіліндегі жаңа етістіктер қазіргі өмірдің жаңа бейнесін анық суреттейді, олардың қазақша баламаса болған күнде де (*обновить – жаңарту, требовать етпеу – талап етпеу, сохранить – сақтау, изменить – өзгерту*), жаппай қолданысқа айналмағаны анық. Ауызекі сөйлеу тілінде орысша атаулар аузымызға тезірек түсіп кететіні сөзсіз.

Бұдан басқа да сөзжасамдық интеркаляция көріністері байқалды. Оның басымдысы – орыс тіліндегі түбірге қазақ тіліндегі етістіктің жұрнақтарын қосу арқылы жасалған «неологизмдер»: «полды *краскілеген* бе?», «жақсы *клейтейтін* клей қарау керек», «*нылесостауға* не мешай деп қояды» т.б.

Түрленген интеркаляцияның төртінші тобы, яғни семантикалық түрленген интеркаляция, басқаларына қарағанда сирек кездесетіні сөзсіз. Осы топқа, біздің ойымызша, жанама аударманың нәтижесі болып келетін симметриялық калькалар әкеледі.

Интерференцияны зерттеуде ғалымдар оның психологиялық, әлеуметтік-тарихи және лингвистикалық аспектілеріне көңіл аударудың қажеттілігін көрсеткен. Соның ішінде, нақты айтқанда, интерференция үдерісі жүзеге асатын жағдайларды және интерференция механизмін, тілдік жүйелерде көріну ерекшелігін зерттеу маңызды екені белгіленді. Алайда, Л.И. Баранникова «интерференция көрінетін тілдік жүйелер белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қолданылатындықтан және интерференцияның көріну ерекшелігі көбіне соңғысына тәуелді болғандықтан бұл аспектілерді ажырату, толықтай бөлу мүмкін еместігін» айтады [46, 93 б.]. Осындай бір бірімен байланысып, сол себептен тілдік құбылыстарды зерттеуде қиыншылықтар туғыздыратын мәселелердің бірі – қатынастағы тілдердің бір біріне тигізетін әсерінен туындайтын интерференция мен интеркаляция болса, соның тілдік көрінісі мен нәтижесі болып қалыптасқан ережелерден ауытқулар десе болады.

Қостілділік, қостілді тұлға мәселелерінің көп қырларының бірі – екі тілдің бір біріне ықпалы. Тіл мамандарының, әлеуметтанушы, психологтардың, әдіскерлердің жан-жақты зерттеп жатқанына қарамастан, қостілділердің сөйлеуіндегі тіл нормаларының бұзылу мәселесі түбегейлі шешілген жоқ. Оның себептері, біріншіден, интеркаляция мен тілдер қатынасы теориясынан туындайтын басқа тілден пайда болған кірме феномені, оның қабылдаушы тілдегі көрінісін ажырату жігінің нәзіктігі, екіншіден, тілдік норма, узус, жүйе, қолданыс ұғымдарының өзара қатынастарының нақты белгіленбегендігі.

Жоғарыда аталған мәселелердің ішінде көбірек интерференция мәселесі, яғни бірінші тілдің әсерінен екінші тілдің нормасының бұзылуы зерттелгенін көріп отырмыз. Алайда, керісінше мынадай қоғамдық жағдай болуы мүмкін, яғни бірінші тілдің нормасы бұзылып, интеркаляцияға әкеледі. Интеркаляция табиғи қостілділік жағдайынан орын алады, ол қостілді екінші тілді бірінші тілден гөрі жоғары меңгерген кезде және ұзақ мерзімдегі (уақытқа қарай) қостілдінің жағдайында туындайды. Сондықтан да интеркаляция тура бағыттағы тілдік әсерден өзгеше болады және қостілдінің проблемасын зерттейтін әлеуметтанушылардың айтарлықтай қызығушылығын тудырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда қостілділік құбылысының кең ауқымды түрде қарастырылуы тілдердің әр түрлі деңгейде қолданылуы, халықаралық байланыстардың нәтижесінде тілдер қатынасының кең орын алуы тілшілердің, психологтардың, әлеуметтанушылардың назарын аудартуда. Қостілділік әр түрлі аспектіде, яғни лингвистикалық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, этнографиялық аспектіде қарастырудың нысаны болып отыр. Қостілділік дегеніміз – бір адамның екі тілді қатар жетік меңгеруі.

Адам бойындағы осы аталған екі тілдің үйлесім табуы – өзін-өзі байытудың, дамытудың айқын жолы. Бұл үйлесімділік әлеуметтік қажеттілікте дамып, адамның қос тілді болуы қалыптасады. Қостілділік адам қажеттілігін өтеу үшін керек. Алайда, екінші тілді меңгеру үрдісі ана тілдің тілдік жүйесін интерференцияға алып баратыны айдан анық. Интерференция екінші тілді меңгерумен шарасыз бірге жүреді.

Отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінде кездесетін «интерференция» ұғымының көптеген анықтамаларының ішінде жоғарыда көрсетілген У. Вайнрайхтың «қостілділердің сөйлеуіндегі көп тіл білуінің нәтижесінде, яғни тілдік қатынас салдарынан кез келген тілдің нормасынан ауытқу жағдайлары» деген анықтамасының қолданысы жоғары [34, 22 б.].

Аталған анықтама тілдің екі жағын да қарастырып тұр. Бірінші тілдің әсерінен болған екінші тілдегі нормадан ауытқушылық немесе екінші тілдің әсерінен болған бірінші тілдің нормадан ауытқуы.

Көптеген зерттеуші ғалымдар интерференция ұғымын тек бірінші тілдің әсерінен пайда болған екінші тілдің нормадан ауытқуы деп қабылдап, өз еңбектерін ана тілдің әсерінен екінші тілдегі нормадан ауытқушылықты талдауға арнаған. Қазақстанда қазақ тілінің әсерінен болған орыс тіліндегі қателерді жіктеуге арналған еңбектер біршама. Ал орыс тілінің әсерінен туындаған қазақ тілінің бұзылуына арналған арнайы еңбектер жоқтың қасы. Қостілділік екі жақты болғандықтан, бір жағын ғана қарау – зерттеудің шеңберін тарылтып, нәтижелерінің толық болмауына әкеледі.

Зерттеу барысында қазақ-орыс қостілділігінде үйренуші тілге ана тілінің кері әсері ғана емес, ана тілге үйренуші тілдің де кері әсерінің бар екендігі анықталды. Қазақстан жеріндегі қазіргі «жаңа қазақтардың» сөйлеу тілінде орыс тілінің әсерінен болған қазақ тілінің нормадан ауытқуы жиі кездесуде. Осы құбылысты А.Е. Карлинский интеркаляция деп атауды ұсынады. Автордың пайымдауынша: «интерференция – қостілдінің сөйлеу тіліндегі тек бірінші тілдің әсерінен болған екінші тілдегі нормадан ауытқушылық, ал екінші тілдің әсерінен болған қостілдінің бірінші тіліндегі нормадан ауытқушылық – интеркаляция» [20, 75 б.]. Сонымен, интерференция ұғымымен қатар интеркаляция ұғымы да қостілділікпен байланысты.

Қазақ-орыс қостілділігінде интерференция да, интеркаляция да кездеседі. А.Е. Карлинскийдің бөлуі бойынша, қостілділіктің әсерінен туындаған тілдік қатынастағы интеркаляцияны бір жақты құбылыс деп қарастыруымызға болады, алайда бұл сол ертеден талданып келе жатқан интерференция құбылысымен сабақтас қаралады. Бұл қос құбылыстардың ұқсастығы да, айырмашылықтары да бар, зерттеу барысында соны ескерген жұмыстың тиімділігін арттырады.

Интерференция мен интеркаляцияның айырмашылықтары: біріншісі екінші тілді меңгеруге ана тілінің теріс әсері болса, интеркаляция, керісінше, екінші тілді меңгеру деңгейі жоғары болғандықтан ана тілінде сөйлеуіне теріс әсер етуі. Сонда екінші тілді меңгеру деңгейіне байланысты, үйренуші екінші тілде жаттыққан сайын интерференция азаятын болса, интеркаляция көріністері пайда болып, көбеюі мүмкін.

Интерференция мен интеркаляцияның себептері мен психологиялық механизмдері де басқа: біріншісі еріксіз, екінші тілді дұрыс игере алмағандықтан пайда болса, сөйлеуші екінші тілдің элементтерін ана тіліне не өз еркімен, түрлі мақсатты алға қойып, қолданады.

Интеркаляция құбылысы көпқырлы да, күрделі де, сондықтан оның типологиясы да сатылы, күрделі болып келеді: *инвентарлық*

(номенклатуралық және редунтанттық, номинативті және референционды), фразалық (екі бөліктен тұратын қоспа, асимметриялық және симметриялық калька, өзге тілдік эпентеза, цитаталар), таза және түрленген интеркаляция (фонетика-графикалық түрленген, сөзжасамдық түрленген, грамматикалық түрленген және семантикалық түрленген)

І тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Билингв» және «билингвизм» терминдерінің мағынасы.
2. В.И.Беликов пен Л.Н.Крысиннің билингвизмнің қандай үш түрін анықтайды?
3. Әр тілдегі сөздің ойлау жүйесімен байланысу тәсілі бойынша қостілділіктің түрлерін атаңыз.
4. О.Алтынбекованың қарастырған қатынастық және қатынастық емес қостілділікті қалай ажыратасыз?
5. Жинақтау әдісі арқылы қостілділіктің түрлерін көрсетіңіз.
6. Қостілділікке байланысты ғалымдардың типологиясын жинақтап, бір-бірімен салыстырыңыз.
7. Қостілділік үдерісін бақылауға бола ма? Сіз қалай ойлайсыз?
8. Қостілділіктің деңгейлері туралы не білесіз? Осы туралы қандай ғалымдардың пікірлері бар?
9. Интерференция терминін қалай түсінесіз, лингвистикаға аталған термин қай саладан енген?
10. Ғалымдардың лингвистикадағы интерференция туралы берген анықтамасын талқылаңыз және сіз қай ғалымның пікіріне сүйенер едіңіз?
11. А.Е.Карлинскийдің саралауы бойынша интерференцияның қандай төрт түрі кездеседі?
12. Кірме сөз бен интерференцияның айырмашылығын ажыратыңыздар.
13. Транспозиция дегеніміз не? Оның интерференциямен ұқсастығын және айырмашылығын анықтаңыз.
14. Жинақтау әдісі арқылы интерференцияның түрлерін көрсетіңіз.
15. Айқын және жасырын интерференция дегеніміз не? Басқа ғалымдар басқаша қандай терминмен атайды?
16. Сыртқы және ішкі интерференция туралы не білесіз?
17. А.Е.Карлинский лингвистикалық интерференцияны қандай топтарға бөлді?
18. Жүйе, норма және узус дегеніміз не?
19. Парадигматикалық және синтагматикалық интерференцияның түрлеріне мысал келтіріңіздер.

20. Интеграция дегеніміз не? Интерференциядан айырмакшылығы қандай?
21. Трансференция дегенімізді қалай түсінесіз? Интерференция мен трансференцияның ұқсастығы мен айырмашылығы ажыратып көрсетіңіз.
22. А.Е.Карлинский сөздің өзгеруін және тілдік араласуды қалай бөлуді ұсынады?
23. Интеркаляция мен интерференцияның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратыңыз.
24. Инвентарлық, фразалақ және таза, түрленген интеркаляцияларға мысал келтіріңіздер.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ТІЛ ҚАБАТТАРЫНДАҒЫ ИНТЕРКАЛЯЦИЯ

Қазақ-орыс қостілділік жағдаятындағы фонетикалық интеркаляция

Зерттеу барысында қазақ-орыс қостілділік жағдаятындағы қазақша сөйлеу тілінде қолданылып жүрген интеркаляциялық бірліктердің интерференцияның фонетикалық деңгейіне сәйкес кездесетіндігі байқалды. Фонетикалық интерференция (анықтап айтқанда, оның әсерінің нәтижесі) дыбыстардың әрекетіндегі бұзылу болып табылады. Сондай-ақ фонетикалық интерференция бірінші тілдің әсерінен болған екінші тілдегі екпін, ырғақ және тағы да басқа дыбыстардың өзгеруін қамтыса, фонетикалық интеркаляция – екінші тілдің әсерінен болған бірінші тілдегі дыбыстар мен екпіннің бұзылуы. Тіл білімінде осы күнге дейін интерференция У. Вайнрайхтың анықтамасы бойынша бірінші тілдің екінші тілге немесе екінші тілдің бірінші тілге тигізетін кері әсері тұрғысынан қарастырылып келді. Соған байланысты қазақ-орыс қостілділігінде кездесетін фонетикалық интеркаляцияға тоқталмас бұрын фонетикалық интерференция мәселесінің теориясын толық ашып алғанымыз жөн.

Халықаралық фонетикалық интерференция – жекеленген сөйлеу тәжірибесінде пайда болатын екі, кей жағдайда бірнеше тілдердің фонетикалық жүйелерінің (кеңейтілген мағынада) жасырынған ішкі механизмінің өзара байланысы. Оның әсері екінші бір тілдің фонетикалық жүйесін меңгергенде кері нәтижемен қоса оң нәтижені де береді. Қостілдінің сөйлеу тілінде және алғашқы дыбыстық жүйеде кері нәтиже, жүйенің бұзылуы нақты бір жағдайларда болатыны белгілі. Интерференцияның әсерінен пайда болатын оң құбылыс мынадай жағдайларда көрінеді: қарым-қатынастағы тілдердің фонемасының дыбыстық жүйесіндегі артикуляциялы-акустиканың барынша ұқсастығында, сөздің ырғақтық үлгісінде және акценттік ережеде т.б. Фонетикалық интерференцияның (сонымен қоса барлық интерференция) өзара әрекетте басқа тілдің сөйлеуінде пайда болатын фонетикалық ауытқуға тек бірінші тілдің дыбыстық жүйесіндегі ерекшелік қана емес, сонымен қоса екінші тілдің дыбыстық жүйелері де ұрындырады.

Фонемалық *«недодифференциация»*, *«сверхдифференциация»*, *«реинтерпретация»*, *«субституция»*, *«плюс-сегментация»*, *«минус-сегментация»* тәрізді У. Вайнрайх ұсынған интерференциялық құбылыс лингвистикалық зерттеулердің қолданылуына едәуір берік енген. Сонымен

қоса, У. Вайнрайх өз еңбегінде интерференцияның кері нәтижесіне әкелетін факторды төрт деңгейге бөледі. Ғалым фонетикалық факторларға кіретіндер синтагматикалық және парадигматикалық деп пайымдайды. М.М. Копыленко мен З.К. Ахметжанова да осыны ұстана отырып, қазақтардың орысша сөйлеу тіліндегі фонетикалық интерференцияны талдайды [67]. Интерференциялық құбылыстарды классификациялау У. Вайнрайхқа ғана тән емес, бұл орайда тілдік сыңарларды синхронияда ғана емес, диахронияда да барлық деңгейде тартқан А.Е. Карлинскийдің типологиясын айтуымыз қажет.

А.Е. Карлинский интерференцияның 30-ға тарта түрлерін бөледі, олардың ішінде фонологиялық та бар. Оның ойынша, фонологиялық интерференцияның әртүрлі ерекшелігіне байланысты тілдік, функционалдық, іске асу деңгейіне, экспрессивтік және соңында фонетикалық болуы мүмкін. Осыған қарама-қарсы Э. Хаугеннің диафониялық теңдестірудің үш түрі У. Вайнрайхтың интерференциялық құбылыстың типологиясын өзінше нақтылай түседі. Ол диафон терминін Д. Джоунздан ендіру арқылы қостілділік аллофонды анықтаған.

Фонетикалық интерференция ана тілінің фонетикалық жүйесінің қатты ықпалында тұрған қостілдің сөйлеу тіліндегі дыбыстық бірліктерінен көрінеді. Бөтен тілділердің орысша сөйлеуін зерттеп жүрген Н.А. Любимованың айтуынша, фонетикалық интерференция «есть прежде всего нарушение (искажение) вторичной языковой системы и ее нормы в результате взаимодействия в сознании говорящего фонетических систем и произносительных норм двух, а иногда и более языков, проявляющегося через интерференцию слуховых и произносительных навыков, сформированных на базе данных взаимодействующих систем» [68, 18 б.]. Берілген анықтама жасанды қостілділік кезінде қостілдің сөйлеу тілін зерттеуге қолайлырақ екенін көрсететін интерференцияның психологиялық тұжырымына сүйенеді.

Фонетикалық интерференцияны, яғни қостілдің сөзіндегі дыбыстық жүйенің іске асуын сегментті (дыбыстық) және жоғары сегментті (просодиялық және екпіндік) деңгейлерде қарастыруға болады.

Фонетикалық интерференцияға қатысты алғашқы зерттеулер тілдік дыбыстық жүйеде толық қарастырылған сөздің сегменттік деңгейі мәліметтері негізінде жүргізілді. Кезінде У. Вайнрайх дыбысталатын сөз сегментикасындағы интерференциялық құбылыстардың жан-жақты сипаттамасын берді. Интерференциялық құбылыстарды сипаттауда ол, ең алдымен, синтагматикалық және парадигматикалық фонетикалық факторларды, сонымен қатар экстрафонетикалық, экстралингвистикалық және қалған факторларды ескеріп отырды. У. Вайнрайх теориясының негізгі ережелері кейіннен кеңестік және шетелдік ғалымдардың көптеген

еңбектерінде жетілдірілді. Біздің елімізде сегменттік деңгейдегі фонетикалық интерференция мәселелері 70-жылдардан бастап арнайы тәжірибелік-фонетикалық зерттеулер пәніне айналып, кейіннен А.И. Рабинович [113], Г.И. Мелик [70], Д.Н. Тринив [71], М.Ю. Розенцвейг [72], В.А. Виноградовтың [73] танымал еңбектерінде, кешірек А.Е. Карлинский [74], М.М. Копыленко мен З.К. Ахметжанова [67], М.К. Исаев [75;76], Н.А. Любимованың [68; 77; 78] т.б. еңбектерінде теориялық тұрғыда жан-жақты сипатталды.

Фонетикалық интерференция зерттеулері түрлі тіларалық байланыс мәліметтері негізінде, яғни табиғи және жасанды билингвизм жағдайында жүргізіледі. Санкт-Петербург университеті ғалымдарының көпжылдық зерттеулері нәтижесінде «Интерференция звуковых систем» [79] атты ұжымдық монография жарыққа шықты. Еңбекте «дыбыстық интерференция зерттеулерінің түпкі мақсаты – интерференцияны анықтайтын факторлар қатарын құру», – деп атап көрсетеді. «Бұл қатар интерференциялық жүйелер (тіларалық және тілішілік интерференция) арасындағы байланысқа, сонымен қатар жалпы дыбыстық құбылыстардың (әмбебап және ерекше ұлттық) мәніне тәуелді; интерференциялық факторлар қатарын бөлуде сегменттік және супрасегменттік құралдар арасындағы өзара байланыстар да маңызды рөл атқарады» [79, 8 б.].

Отандық тілшілер фонетикалық интерференцияны, ең алдымен, түрлі тілдік қатынастар мәліметтері негізінде кең қарастыруда. Көп жағдайда ана тілін және ұлтаралық қатынас тілі болып табылатын орыс тілін еркін меңгеру жағдайы (табиғи билингвизм) зерттеледі. И.П. Поздеева, мысалы, удмурт-орыс қостілділік жағдайындағы интерференцияның фонетикалық-фонологиялық деңгейін зерттеді. Г. Бакиева өз еңбегін өзбек студенттерін орыс тілінің дыбыстарын айтып үйретуде шығатын дыбыстық интерференцияны жою мәселесіне (консонантизм мәліметтері бойынша) арнады. Д.Н. Тринивтің еңбегі [80] бұрынғы КСРО территориясындағы неміс диалектісі мәліметтері негізінде екі тілдің байланысы кезінде екіншісінің әсерінен бірінің фонологиялық жүйесінің өзгеру жылдамдығы мәселесіне арналды. И.А. Сапожникова [81] қырғыздардың орыс тілі мәліметтері негізінде фонетикалық интерференция әр түрлілігінің социолингвистикалық зерттеуін жүргізді.

Фонетикалық интеркаляцияға тоқталатын болсақ, жалпы даму заңдылықтары бойынша бүкіл тілдердің баюы мен дамуы табиғи жолмен өтеді. Өзінде бұрын болмаған зат пен ұғымға, құбылысқа басқа жұрттың қойған атауын қабылдаушы тіл өзінің сөзжасам мүмкіншілігіне сүйене отырып, дер шағында оларға ат қояды. Ұғым мен заттың және құбылыстың атаулары тілге елеусіз еніп кетіп, сонан соң оларға өзінің ат қою мүмкіншілігі

болмай қалса, жат жұрттық сол сөздерді қабылдаушы тіл оларды бөтен жұрт қалай атаса, солай атайды, бірақ өзінің дыбыстық (фонетикалық) және құрылымдық (грамматикалық) жүйесіне сәйкестендіріп алады. Бұл – тіл білімінде бөтен тілдік атауларды дыбыстық, құрылымдық жақтан игеру арқылы өз сөзіне айналдырып, сөздік құрамын байытудың бір жолы деп аталады.

Бұл мәселе туралы Халел Досмұхамедұлы: «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген еңбегінде былай деген еді: «Ауыздан кірген тамақ сіңу үшін, денеге «өзімдік» болу үшін дене заңымен өзгеруі керек. Дене заңымен өзгермеген тамақ, дене заңына көнбеген тамақ сіңбейді. Денеге зиян береді. Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ыңғайлап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер-дүниеде тіл жоқ деп айтса болады. Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалпымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар орасан зиян келтіреді.

Жат сөздерді өзгертпейінше жүргіземіз деп қазақтың тілін бұрағандар да, «мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз» деп арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адам денесін бұзса, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады»[82, 145-148 б].

Кезінде, яғни 1913 жылы қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлы «Шора» журналындағы «Қазақша сөз жазушыларға» деген мақаласында айтылған сөз бен оның жазылуының ара-қатынасы туралы былай деген еді: «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға менің ойымша былай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді – ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [83, 395 б.].

Ауызекі сөйлеу тілінде қазақ тілінің акцентуациялық ішкі жүйесіне еніп кетпесе де, орыс тіліне орынсыз еліктеудің нәтижесінде қазақ есімдерінің екпіндерін өзгертіп айту жастардың арасында жиі кездеседі. Мәселен, *Сара*, *Бақыт*, *Мәдинә*, *Кәмила*, *Бота* секілді кісі есімдері *Сара*, *Бахыт*, *Мадина*, *Камила*, *Бота* болып екпіннің қазақ тіліне тән қалыпты орнынан өзге буынға жылжуын байқаймыз. Осыған байланысты қазақ есімдерін (*Ләззат*, *Мөлдір*, *Біләл*, *Гүлім*, *Ерік*, *Әйгерім*, *Мұрат*) орыс тіліне бейімдеп (*Ляззат*, *Молдир*, *Билял*, *Гулим*, *Эрик*, *Айгерим*, *Мурат*) айтуды тек жастар сөйлеу тілінен ғана емес, ересектер арасынан да кездестіретініміз айдан анық. Сонымен қоса,

орыс тілінің (ь) жіңішкерту белгісімен жазылып жүрген *Асель, Ильжан* т.б. айтпағанда, *Дәулетов-Давлетов, Уәлиева-Валеева* және басқаларын да осы топқа жатқызуға болады. Ж әріпінің қасына д-ны қосып айту да әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Құрамында ашық **о, ө** ерін дауыстылары бар *Отан, орда, атау, бәбек* сияқты сөздер мен *Омар, Олжас, Оспан* тәрізді кісі есімдерін орыс тілінің ыңғайымен *атан, арда, атау, бабек, Амар, Алжас, Аспан* деп айтуды да еститініміз рас. Бұл жерде екпін орнының өзгерісі жоқ. Бірақ осындағы ерін дыбыстары **о, ө** дегендердің **а** боп өзгеруі тікелей орыс тілінің акцентуациялық нормасының ықпалына байланысты. Өйткені, екпін түспеген еріндік **о** дыбысы орыс әдеби тілінде редукцияға ұшырайды. Мысалы, *орбита, орех, корова* тәрізді сөздердің емлесі дәл осылай болғанымен, айтылуда *арбита, арех, карова* деп бірінші буындағы әлсіз позицияда тұрған ерін дыбысы **о**-ны **езу** дыбысы **а**-ға айналдырып айтады. *Шымкент, Есік* тәрізді жер аттары да кейбір қостілділердің ауызекі сөйлеу тілінде *Чимкент, Иссык* болып айтылуда.

Бақылау барысында кейбір қазақ есімдерінің *Жұмағайша, Ринат, Тоқтар, Фаля, Гүлім* алдыңғы дыбыстарын алу арқылы *Женя, Рина, Толя, Галя, Гуля* болып ауысуы да көрінді.

Қазіргі қазақ сөйлеу тілінде аталғандардан бөлек «*Сен немене тұзды сонша қосып өлдің ба?*» деген тәрізді (сөйлемдегі *бе* деген сұраулық шылаудың соңғы әріпі *ба* болып өзгерген), «*Меним дәптерім*» сияқты –ң әріпін ажырата алмай қолданушылық (мектеп оқушыларының сөйлеу тілінде ғана емес диктант жазу кезінде де жиі жіберетін қатесі), *қазақтың* -ұ әріпін -у дыбысымен алмастырып айту сияқты көптеген қателерді де байқауымызға болады.

Кезінде дінмен бірге араб тілі арқылы қазақ тіліне ауысып, бірақ қазақ тілінің табиғи бітім-болмысына сәйкес оның төл дыбыстық (фонетикалық)-құрылымдық (кұрылымдық) жүйесінің заңдарына лайықталып, «*Бәтимә*», «*Патима*», «*Пәридә*», «*Пазыл*», «*Базыл*», «*Бәзіл*» болып кеткен есімдер орыс тілінің «*ф*» дыбыс-әрпінің қазақ тіліне зорлықпен ендірілуіне байланысты қазіргі тілімізде «*Фатима*», *Фарида*», «*Фазыл*» болып жазылып та, айтылып та жүр. Бұны да орыс тілінің қазақ тіліне жасаған фонетикалық интеркаляциясына жатқызуға әбден болады.

Қазақ-орыс қостілділігіндегі фонетикалық интеркаляцияны (авторларда интеркаляция термині қолданылмайды) М.М. Копыленко мен З.К. Ахметжанова [67, 64 б.] өз еңбектерінде теориялық тұрғыдан сипаттайды.

Авторлар қазақтардың орыс тіліндегі фонетикалық ауытқуды көрсететін мысалдарды көркем әдебиеттерден алады.

Ал біздің мақсатымыз қостілділіктің әсерінен болған қазақ ауызекі сөйлеу тіліндегі фонетикалық ауытқушылықтарды анықтау болатын. Бақылау барысында байқағанымыздай күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде басқа деңгейдегі интеркаляциялармен бірге фонетикалық интеркаляцияның да кездесетіні байқалды. Мұндай фонетикалық интеркаляцияның қолданылатындығы байқалғанымен жиі деп айта алмаймыз.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық интеркаляция

Интерференция құбылысы тілшілердің бірқатар маңызды еңбектерінің, оның ішінде орыс-қазақ, қазақ-неміс, қазақ-ағылшын, орыс-ағылшын интерференциясының материалдары арқылы жазылған еңбектердің объектісі бола тұра, қазақ-орыс интеркаляциясы жөніндегі зерттеулер саусақпен санарлық.

Дегенмен, қостілділік пен бірінші тілдің екінші тілдегі сөйлеу қызметіне әсер ету мәселелері ерте кезеңдегі тілшілердің еңбектерінде, мысалы, чуваштардың орысша сөйлеуіндегі қателерге арналған В.А. Богорадицкийдің еңбегінде, қостілділік жайлы Л.В. Щербаның еңбегінде сөз болған. Зерттеу белсенділігінің шыңы 70-80-ші жылдарға сәйкес келеді. ТМД-ның түрлі республикаларында және облыстарындағы орыс тілінің қызмет етуін зерттеу мәселелеріне көптеген зерттеулер арналған. Бұл – «Украинадағы орысша сөйлеу мәдениеті», «Орыс тілі – халықаралық қарым-қатынас құралы», «Орта Поволжьедегі орыс тілі», «Жалпы зерттеу деректері бойынша орыс тілі», «Қостілділік және көптілділік мәселелері» және тағы да көптеген еңбектер.

Бұл кезеңде қостілділік пен интерференция мәселелері айрықша жемісті зерттелген. Бүкілодақтық конференциялар өткізіліп, интерференция мәселелері: фонетикалық (Г.А. Абдусаматова, К.М. Байбульсинова, М.К. Исаев, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, А.И. Рабинович, және т.б.), лексика-семантикалық (М.В. Никитин, К.З. Закирьянов, Р.Х. Субаева, А.Е. Карлинский, С.А. Абдигалиев, Э.М. Ахунзянов, М.Т. Тезекбаев, С.М. Эрвин және т.б.), грамматикалық (Л.Н. Ковылина, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, И.С. Невмержицкий, Л.М. Уман және т.б.) деңгейлерде зерттеліп, көптеген монографиялар, жинақтар жарық көреді. Қостілділік пен интерференция лингвистикалық (Ю.А. Жлуктенко, В.Ю. Розенцвейг, В.А. Виноградов, А.Е. Карлинский және т.б.), әдістемелік (Е.М. Верещагин, М.К. Назарова, А.Е. Карлинский, Е.Н. Ершова, және т.б.), социолінгвистикалық (Б.Х. Хасанұлы, У. Вайнрайх, М.М. Михайлов, Ф.П. Филин) тұрғыдан талданады.

Тілдің әр түрлі деңгейлерге жататындығы туралы түрлі көзқарастар бар. Бірқатар тілшілер, тілдің жоғары ұйымдастырылған жүйелірек деңгейлері

тілдердің өзара ықпалы кезінде өзгерістерге азырақ ұшырайды деп санайды. Мысалы, Н.А. Баскаков: «Тілдің фонологиялық деңгейінің жүйелік ұйымдастырылу деңгейі лексикаға қарағанда әлдеқайда жоғары, сондықтан тілдің фонетикалық, оның үстіне фонологиялық құрылымы тілдердің қарым-қатынасы кезінде төмен ықпалға ұшырайды», – дейді [84, 77 б.]. Басқа ғалымдар, интерференция бәрінен бұрын жүйелі ұйымдастырылған деңгейде айқын байқалады, ал лексика, көбіне, өзге тілден сөз алып пайдаланылады деп санайды. Екінші көзқарас сірә шындыққа жақынырақ болар. Бұған интерференцияның фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерде көптеп зерттелуі айғақ.

Л.И. Баранникова өз еңбегінде «Фонемалар, олардың позициялық нұсқалары белгілі бір жүйеде ғана болады және сол жүйеде ғана жеке қатынастары мен басқа фонемалармен қарама-қарсы қою базасында туындай алады» дейді [36, 91 б.]. Бұдан автор белгілі бір дыбыстың кірме сөздерде ғана болуы, оны бұл дыбыстық жүйенің элементі деп санауға жол бермейді деген тұжырымға келеді. Мұны мақұлдау екіталай, себебі, Л.Р. Зиндерше кірме сөздер енген тілдің лексикалық жүйесінің толық құқылы мүшелері [85]. Әлбетте, дыбыстар сөздерден тыс оңашаланған түрде енгізілмейді. Егер шеттілдік сөздер алушы тілдің фонетикалық жүйесіне емес, сөздің фонемалық жағына тән болса, бұл фонемалар сол фонетикалық позицияның барлық басқа фонемаларына қарсы қойылған соң, осы фонетикалық жүйенің мүшелері болады.

Бірліктер жиынтығы, үйлестірілуі, қолданылу ережесі жағынан алыс тілмен қарым-қатынас кезінде өзара ықпал ету ерекше айқын көрінеді. Мұны Л.И. Баранникова атап көрсетеді: «Елеулі айырмашылықтары бар тілдік жүйелердің қарым-қатынасы кезінде интерференция фактісі айқынырақ көрінеді, оларды анықтау оңай» [36, 96 б.].

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің барлығы дерлік екінші тіл ретіндегі орыс тілі мен қостілділік мәселелерін қарастырған. Аталған еңбектерде интерференцияны қатынасқа түсуші тілдердің екеуіне де тән екендігін және түрлі деңгейлерде көрінетінін айтады.

Көптеген елдердің сыртқы саяси, экономикалық, мәдени байланыстарының даму шамасына қарай, шет тілдер мамандарын дайындау жағдайларына (мектепте, жоғары оқу орнында оқыту және т.б.) қарай және осыған орай, жасанды қостілділікке көп көңіл бөлініп, жасанды жағдайлардағы лексикалық интерференция туралы жұмыстар белең алуда (Т. Альварес, 1979; Л.И. Баранникова, 1966, 1972; Т.И. Богин, 1965; В.С. Вященко, 1980; С.А. Абдигалиев, 1976; И.Н. Горелов, 1969, 1983; А.Л. Карлин, 1968; А.Е. Карлинский, 1972, 1971; Е.В. Коршук, 1987 және т.б.).

Г.И. Богин ағылшын тілін үйрену барысында орыс тілділердің белгілі бір қиыншылықтарын тудыратын ағылшын сөз тіркестерінің типологиясын жасауға тырысады. Оның үстіне, ана тілдің интерференциялайтын ықпалы қателердің туындау факторларының бірі болып табылады. Осылайша, интерференцияның заңды сипатын баса көрсетеді [86, 24 б.].

А.Л. Карлин тіл мен ойлауға сүйене отырып, интерференцияны жасанды қостілділіктің лингвопсихологиялық мәселесі ретінде қарастырады.

Салыстырмалы әдісті қолдана отырып, А.Л. Карлин тіларалық оппозицияны ашып көрсетеді, «теріс материалды» сараптайды және алған деректерінің негізінде орыс-неміс қостілділеріне арналған лексика деңгейіндегі қиыншылықтардың әдістемелік типологиясын анықтайды [87, 33 б.].

И.Н. Гореловтың еңбектерінде лексика-семантикалық интерференцияның туындауының басты себептері сарапталады (салыстырылатын бірліктердің синонимдік қатарларындағы, мәндер шеңберіндегі сәйкес келмеушілік және т.б.), интерференцияның экспрессивтік және импрессивтік түрлерін бөліп көрсетеді, алғашқысы меңгерілетін тілдегі үйлесім нормаларының бұзылуы арқылы көрінеді [88].

Лексика-семантикалық интерференция туралы жалпылама қағидалардың бірі Е.В. Коршук зерттеулерінде көрінеді, ол лексикалық интерференцияны: «бір тілдегі элементтер мен қызмет ету ережелерін басқа тілдегі сөйлеу қызметінде пайдаланудың процесі мен нәтижесі», – деп қарастырады [89, 6 б.].

А.А. Уфимцева кейбір тілдерде сөздің белгілі бір лексика-семантикалық нұсқаларының әлеуметтік мәнінің болатынын, ал басқа тілдерде олай еместігін атап көрсетеді [90, 272 б.]. Осыған орай, түрлі тілдердегі тілдік мағыналар құрылымы әртүрлі.

Тілдік қарым-қатынаста орыс және қазақ тіліне бәсекелес ағылшын тілінің белсенділігі күннен-күнге арта түсуде. Ағылшын тілін қаржы, экономика және саяси саладағы «қалаулылардың» өте жоғары деңгейде меңгергенін Ж.С. Смагулова атап көрсетеді.

Қостілділіктің орысша-қазақша типін Г.А. Досмухамбетова [91] социолінгвистикалық тұрғыдан зерттеді. Ол Астана қаласындағы студенттер тілінің материалдары арқылы студенттік микроәлеуметтік қауымдастықтағы қостілділікті сарапқа салады.

Г.А. Досмухамбетова студенттік микроәлеуметтік қостілді қауымдастық шеңберінде қостілділіктің бірқатар ерекшеліктерінің ішінен салыстырмалы түрде жоғары деңгейдегі қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділігін, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінің ауызекі тілімен (32%) салыстырғанда кодификацияланған форма (40%) рөлінің артпағанын атап көрсетеді және

мұны жуық арада осы тілдердің қызметтерін бөлуге ықпал ете алатын оң фактор деп бағалайды.

З.К. Ахметжанова мен Г.К. Кульбаеваның мақаласы – лингвистикалық тұрғыдан орыс-қазақ интерференциясының көріну түрлеріне арналған [92]. Ішкі және сыртқы лингвистика тоғысындағы тілдердің өзара әсерінің теориясына А.Е. Карлинскийдің бірқатар еңбегі арналған [66]. Б.Х. Хасановтың еңбектерінде қазақ-орыс қостілділігі социолінгвистикалық тұрғыдан зерттеледі. [14]. Қазақ-орыс жасанды қостілділігі кезіндегі фонетикалық интерференция М.К. Исаевтың еңбектерінде қарастырылады. [93]. Қазақтардың немісше сөйлеуіндегі фонетикалық ауытқушылықтардың релеванттылығына С.Н. Кимнің еңбектері арналған. Қостілділіктің баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын, тұлғаның интеллектуалды, этнопсихологиялық және этномәдени дамуының қостілділікке (оң немесе теріс) тәуелділігін қазақ-орыс қостілділігінің материалы негізінде Г.Д. Алдабергенова зерттеген. Орыс-қазақ идиоматикасы және қазақтардың орысша сөйлеуіндегі семантикалық интерференция Л.Г. Гиззатова зерттеулеріне өзек болды. Қазақ-орыс қостілділігіндегі көпмағыналы етістіктер ауқымындағы лексика-семантикалық интерференцияға Б.Н. Сүлейменова диссертация арнады. Ана тілдің екінші (басқа) тілге интерференциялаушы ықпалын зерттеумен Қазақстанның жетекші лингвисттері М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, М.Р. Сабитова, С.А. Абдигалиев, А.И. Робинович, С.У. Газиева және т.б. айналысты.

Лексикалық интерференция көп жағдайда былай түсіндіріледі: «все высказанные межъязыковыми связями изменения в составе лексического инвентаря, а также в функциях и употреблении лексико-семантических единицах, в их смысловой структуре» [13, 129 б.].

С.В. Семчинскийдің ойынша лексикалық интерференция үш бағытта іске асырылады:

- 1) лексикалық бірліктердің өз бетімен кіруі;
- 2) өзге тілдің лексикалық бірліктерінің тілдік жүйеде көрінуі;
- 3) сөйлеу жоспарының бірлігінде олардың мағынасының, байланысының кіруі [93, 34 б.].

А.Ю. Жлуктенко да өз тұрғысынан лексикалық интерференцияның үш негізгі түрін ажыратады:

- 1) кірме сөз;
- 2) калькаланған сөз;
- 3) семантикалық интерференция. Ол сонымен қоса, мынадай: «жиі қолданылатын бір тілдің лексикалық бірлігінің екінші тілдік бірліктің әсерінен өзгеруі сияқты» [13, 21 б.] мүлдем аз зерттелген интерференцияның түріне мән береді. Оларды автор бірнеше шағын түрге бөледі: біріншіден,

лексикалық бірліктің қарқындауы – дыбыс жағынан ұқсас құрамды немесе кірме сөзге мағынасы жағынан жай баламалы сөздерді кеңейтіп қолданудың әсерінен, байырғы лексикалық бірліктерді қысқартып қолдану. Мұндай қысқартудың әсерінен лексика-семантикалық жүйедегі сөздердің толық түсіп қалуы мүмкін.

В.М. Дебов өз еңбегінде «тоғысатын шағын жүйенің дифференциалды белгілерін сипаттау жоспарындағы қызығушылықты тудырады», – деп интерференцияға ерекше көңіл аударады. Біріншіден, қостілдің сөйлеу тілінде көрінетін интерференция қолайлы жағдайда тілдік деректің түйініне айналуы мүмкін екенін ескеруіміз қажет, яғни ол әрқашан нормадан ауытқушылық болып қалуы міндетті емес. Тілдің белгісіне айналғаннан кейін интерференциялық өзгешеліктің көрінісі сол немесе басқа шағын жүйенің өзгеше белгісінің қасиетіне айнала бастайды. Сондықтан да, интерференция тілдік түрдің бір негізі болып есептеледі. Екіншіден, бұл типтегі интерференцияны, тілдік қатынастағы жағдайды қарастыру, қосымшаны енгізуге мүмкіндік береді, нақтырақ айтқанда, дәл осы жағдайда қаралатын тілдердің салыстырмалы жеке жүйедегі функциялық сипаттамасының негізгі айырмашылығын қарастыру» деген пікірін айтады [94, 19 б.].

Бұл айырмашылықтар екі түрде жүзеге асады:

1) не жүйенің варианттық деңгейінде, яғни жергілікті белгіленген элемент пен байырғы элемент тепе-тең қызмет істейді;

2) не жүйенің өзінің деңгейінде. Соңғы жағдайда жергілікті белгіленген элементтің (интерференцияның әсерінен пайда болған) байырғы элементті ығыстыруы байқалады. Мұндай жағдайда, функционалды сипаттаманың бар болуы, өз кезегінде «құрылымның салдарынан» микро жүйелік айырмашылықты бақылауға мүмкіндік береді: бірінші жағдайда – бұл көрініс, үстіңгі қабаттың негізінде жататын лексика-семантикалық жүйеге және жылдам мөлшерлік сипаттамаға ие болған; екінші жағдайда – бұл қабылданған жүйенің айрықша сапалы (байырғы лексеманы өзге элементтермен ығыстыру, жаңа тұрақты мағынаны тудыратын сөз тіркесінің синонимдік жұптары мен қатарларын қайта жасау т.б.) екенін білдіруге болатын едәуір түрленуін білдіретін «терең» көрініс.

Автор лексикалық кірме сөз бен байланыстағы тіл білімінің қызығушылығын танытатын арнайы проблемаларды былай бөледі:

1) әртүрлі лексикалық топтағы салыстырмалы жеңіл кірме сөздің мәселесі (мысалы, зат есім – анықтауыш – етістік – көмекші сөз);

2) «Қабылданған» тілдегі кірме сөздің бейімделу (фонологиялық, морфологиялық және семантикалық) мәселесі

3) «кодтың араласу» көрінісі мен кірме сөздің айырмашылығындағы мәселе [94, 19 б.];

Ал Ю.А. Жлуктенконың ойынша лексикалық кірме сөздің үдерісі ең кең таралған интерференциялық көріністің түрін көрсетеді. Бұл көп нәрселермен түсіндіріледі, мысалы, кірме сөз қостілділіктің қажеті жоқ және біртүлді қоғамда қандайда бір едәуір дәрежеде болса да, жылдам таралатын интерференцияның жалғыз ғана бір түрі болып есептеледі.

Сонымен қоса, кірме сөз қабылдаушы тілдің лексика-семантикалық жүйесіне тек белгілі бір түрде өзгеріс тудырып қана қоймай, тілдің басқа деңгейлерінде (фонологиялық және грамматикалық) де интерференцияның пайда болуы нақты негізде көрінетін лексикалық интерференцияның кең таралған түрі болып есептеледі [13, 133 б.].

Интерференция мен кірме сөздің қарым-қатынасына тоқталатын болсақ, біз тіл білімінің жалпы кесапатымен бірдей және жалпы қабылданған терминнің жоқтығымен жолығамыз. Бір ерекшелігі, зерттеушілер «интерференция» терминін әрқайсысы әр түрлі қолданады. Бірі (У. Вайнрайх) интерференцияға «кірме сөз» терминін қосады, келесілері (J. Heath) бұл ұғымды қарама-қарсы қояды, үшіншілері (Р. Аппель, П. Муискен) тек қана «кірме сөз» терминін қолданады. Бөлек зерттеушілер интерференция – бұл үдеріс, ал кірме сөз болса – әрі үдеріс, әрі бұл – үдерістің нәтижесі деп түсіндіреді.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Л.И. Баранникова кірме сөз бен интерференцияның арасындағы бес түрлі айырмашылықты өте жақсы атап көрсеткен [39, 93-94 б.].

Қорыта келгенде, тілдік интерференцияны екінші тілді үйрену мен қолданудағы ана тіліндегі сөз бен ана тілінің жүйесіндегі элементтердің енуі немесе өзге тілдің элементтерінің ана тіліне енуі деп түсінеміз. Бұл ана тілінің немесе үйренуші тілдің сөздік қоры мен элементтері қостілдінің ауызекі сөйлеу тілінде әдетке айналғандықтан тасылады. Бұл жағдайда интерференция жекелік және әлеуметтік қостілдінің талаптарымен бір тілдің екінші тілге енуі деп түсініледі. «Бір тілден екінші тілге тасылған элементтер интерференттік элементтер деп аталады. Олар айтылуға, грамматикаға, лексикаға және семантикаға да әсер етуі мүмкін. Кірме сөз кейде окказионалды болуы мүмкін, ал интерференция қарқынды қарым-қатынас және көптеген кірме сөзді болжайды» [95, 50-61 б.].

Жалпы біз лингвистикалық интерференцияның барлық тілдік деңгейлерде көрінетінін айтып өткен болатынбыз. Олардың ішіндегі қиын және ауыр болатыны лексика-семантикалық деңгейдегі интерференция, өйткені барлық тілдің лексикалық жүйесі, білетініміздей-ақ, «ашық» болады, басқаша айтқанда, басқа тілдік жүйемен (фонетикалық, морфологиялық және т.б.) салыстырғанда азырақ тәртіпке салынған

Лексикалық интерференцияның пайда болуының негізгі лингвистикалық себебі лексикалық мағынаның ұлттық өзгешелігі болып табылады, ең алдымен сөз мағынасымен ұқсас, әр түрлі тілдің жағдайлары біркелкі емес және әркелкі функцияны орындайды. Осыған байланысты Л.В. Щерба бір тілдегі ұғымның аударылғандағы мағынасы екінші тілге дәл сол қалпында қабылдана алмайтындығы туралы жазады [4, 40 б.].

Екінші тілді оқытуда, әсіресе оның лексикасын оқытуда әрқашанда «қостілдің ана тіліне қарайлауымен» (Л.В.Щерба, 1945) жүзеге асатындығын айтады. Қостілді адам екінші тілде сөйлегенде өзге тілдің лексемасын іздегенде ана тіліндегі сөздің баламасынан тапқысы келеді, осыдан барып субординативті қостілдіге әкелетін сөздің араласу жоспары пайда болады. Осы тұрғыдан тілдік субстрат мәселесін зерттеген ғалым В.И. Абаев екінші тілді меңгеру құбылысына тоқтала келіп: «Жаңа тілді меңгеру құштарлығым қаншалықты биік болса да бұл ешқашан орындалмайтын арман» дей келе, еңбегінде осетин ана тілінің, 30 жылдан астам орыс тілді ортада өмір сүрсе де, әрқашан орыс тілде сөйлегенде бірен-саран қателіктерді жіберіп алатынын өзінің тілдік тәжірибесі қағидасы негізінде талдау жасайды [96, 71 б.].

Келтірілген пікірден екі тілді (эквилингвизм) мүлдем бірдей меңгеру мүмкін емес тәрізді. Екі тілді бірдей меңгергеннің өзінде де соның біреуі ғана (көбінесе ана тілі) «ақиқатты» ойды дұрыс жеткізе алады. Дүниежүзілік тілдердің арасынан біз бұрын болған және қазір бар ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба тілінде де қатынаста бірін-бірі барлық жағдайда бірдей қайталайтын екі тілді таба алмаймыз – мұндай «болмайды және болуы да мүмкін емес» [97, 24 б.].

Жоғарыда айтқандай, зерттеу жұмысымыздың мақсаты – қазақ-орыс қостілділігінде кездесетін лексикалық деңгейдегі интеркаляция құбылысын анықтау. Қостілділіктегі интеркаляцияны анықтау үшін сауалнама жүргізу және бақылау, байқау, сұрастырым әдістерін жүргіздік. Бақылау барысында жоғарыда айтылып кеткендей, ана тіл екінші тілге (үйренуші тілге) ғана өз әсерін тигізбейді, сонымен қоса, екінші үйренуші тіл де ана тілге өз ықпалын тигізетіні көрінді. Бақыланған қостілді тұлғалардың ана тілі - қазақ тілі, ал екінші тілі - орыс тілі. Екі тілде де еркін сөйлей алатын қостілділердің қазақша ауызекі сөйлеу тілінде орыс лексемасын жиі қолданатыны дәлелденді, яғни интеркаляция құбылысы жүреді. Біз осы лексикалық интеркаляцияны, екінші тіл орыс тілінің ықпал етуінің әсерінен ана тілі қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілінің нормасының бұзылуын екі түрге бөлуді жөн көрдік:

1. Жалпы халық жиі қолданатын ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық интеркаляция (Бұл интеркаляцияның аудармасы бар болғанымен, жалпы халыққа тән, сөйлеу тілінде өз ана тіліндей болып кеткен сөздер);

2. Белгілі бір қостілдінің сөйлеу тілінде сирек қолданылатын лексикалық интеркаляция.

Бірінші топтағы лексикалық интеркаляцияға күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданатын *магазин, холодильник, аптека, врач, зарплата, пробка, ремонт, очки* тәрізді зат есімдер жатады. Мысалы: «*Магазинге барып келші*», «*Жақын маңайда аптека бар ма*», «*Холодильникті өшіре салыңдаршы*» және т.б. Бұл топтың өзін де бірнеше ішкі топшаларға бөлуге болады. Мысалы:

1. Аудармасын бір сөзбен бере алмайтын, яғни түсіну үшін толық сипаттама қажет болатын лексикалық интеркаляция:

Бұл топқа «*ремонт*» сөзін жатқызуға болады. «Ремонт» сөзі – қолданыста жиі естіліп жүрген сөздердің бірі. «*Үйге ремонт жасасаң өзің шаршап, жүйкең жұқарып кетеді*», «*Бір бөлмеге толық ремонт жасау үшін 5000 доллар ақша керек деп отыр*» деген сөздер жиі кездеседі. *Ремонт* сөзінің орыс тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай екі мағынасын көрсеткен: «1. Починка, исправление. Ремонт обуви. Ремонт домов. Ремонт тракторов. Капитальный ремонт. Текущий ремонт. 2. Пополнение убыли лошадей в войсках, а также в сельском хозяйстве – пополнение стада выращиванием молодняка (спец.). / прил. Ремонтный, -ая, -ое. Ремонтная мастерская. Ремонтная бригада. Ремонтные лошади» [98, 668 б.].

Бұл сөздің қазақша аудармасы «*жөндеу, жамау-жасқау*; Ремонт домов – үйлерді жөндеу; Ремонт обуви – аяқ-киімді жамау; Ремонт сложный – күрделі жөндеу; Ремонт текущий – ағымдағы жөндеу; 2. толтыру; Ремонт поголовья скота – төлдерді өсіріп, мал басын көбейту» [99, 863 б.].

«*Жөндеу*» сөзін түсіндірме сөздіктен қарайтын болсақ екі мағынаға ие екендігін көреміз. «I. Белгілі бір заттарды жөндеп қалпына келтіретін орын. Жөндеу базасы (шеберхана, ұстахана) II. Нашарлау, жөндекілеу. Жігіттің жөндеуі екен». Бұл сөздердің бірінші мағынасы *ремонт* сөзінің аудармасы екенін көруге болады. Жоғарыдағы мысалдарды осы сөзді қойып айтатын болсақ, «*үйді жөндесең өзің шаршап, жүйкең жұқарып кетеді*», «*Бір бөлмені жөндеу үшін 5000 доллар ақша керек деп отыр*» деп айтуға болады. Алайда ауызекі тілде *ремонт* сөзін жөндеу деп қолданатын адамдар арамызда сирек кездеседі. Әрине, бұған себеп «*Үйге ремонт жасап жатырмыз*» десек жалпылама үйді ақтау, сылау, кафельдеу, салу және т.б. мағыналар осы сөздің ішіне кіреді. Бұл жалпы халыққа түсінікті. Ал «жөндеу» сөзі жалпыхалыққа түсініксіз, себебі *жөндеу* сөзінің өзі бір затты жөндеу деген мағынаны береді және «жөндеу» деген сөздің аудармасын

сөздіктерден алып қарасақ та «*исправлять, чинить, ремонтировать, поправлять*» деген баламалары ғана жазылады. «*Үйге ремонт жасап жатырмыз*» деген сөзді біз түсінікті болу үшін «*ақтап жатырмыз*», «*кафель салдырып жатырмыз*» және т.б. деп, жалпы үйге нақты не жасап жатқанымызды толық айтуымыз қажет.

Қазіргі уақытта тағы да жиі еститін, әсіресе жүргізушілердің жиі қолданатын сөзі – «пешеход». Мысалы: «*Балам, пешеходтан абайлап өт...*», «*Пешеходты өткізбесең ГАИ бірден ұстайды*» т.б. Осы «пешеход» сөзінің баламасы бір аударма сөздікте «*жаяу, жаяу жүруші*» - дорога для пешеходов жаяу (адамдар) жүретін жол» [99, 639 б.] деп берілсе, екінші бір сөздікте «*жүргінші*» деп беріліпті [100, 327 б.]. *Пешеход* сөзіне келтірілген мысалдарға қазақша баламасын қойып көрсек, «*жаяу адамдар жүретін жолдан абай бол, жүргіншілер жолынан тоқтамасаң...*» деп айтқан не бұл баламаның қолданысқа толық енбегендігінен, не ерсі естілетіндігінен болар, ешқандай адам бұлай айтуды жөн деп есептемейді.

«*Права*», «*перегар*» сияқты сөздерді де осы қатарға жатқызуға болады. Қазіргі заман көліктің көбейген уақыты болғандықтан, ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық интеркаляцияның мысалдары да көбінесе осы көлікпен байланысты жиналған. Мысалы: «*Перегармен ГАИ-ге ұсталсаң праваңды бірден лишениеге жібереді*». Бұл жердегі бір сөйлемнің өзінде үш орыс сөзі кездесіп тұр: *перегар, права, лишение*. *Перегар* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы «1. қоңырсыған иіс, күйік иісі; 2. ауыздан бұрқырап шығатын алкоголь иісі» [99, 616 б.]. *Лишение* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы «айыру; лишение права құқығынан айыру» [99, 406 б.]. «*Лишениеге жібереді*» деген сөз бұл сирек айтылатын сөзге жатады. Кей адамдар лишениеге кетеді деп жатқанымен, адамдардың көбі айырады деп жауап береді. Ал «*право*» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы «...4. куәлік, құқық; водительские права жүргізуші куәлігі...» [99, 725 б.].

Көп адамдар күнделікті өмірде «*алкоголь исімен МАИ-ге ұсталсаң жүргізуші куәлігіңнен бірден айырады*» деп таза қазақ тілінде айтып жатқанның орнына «*перегармен ГАИ-ге ұсталсаң праваңнан бірден айырады*» деп қысқа ғана айтуда.

Мысалдағы орыс сөздері қазақ тілінде ұзақ сөздермен қолданылады, әрі бұл баламалар да толыққанды қолданысқа енбеген.

Память сөзін де осы топқа жатқызуға болады. «*Памятың керемет екен*» деген сөз «*есте сақтау қабілетің керемет екен*» немесе «*зердең керемет екен*» деп қолданылады. Бірінші сөз қолдануға өте ұзақ, ал екінші сөзді көп адамдар түсіне бермейді, сол себептен ауызекі сөйлеу тілінде қысқа ғана *память* сөзін жиі қолдануда. Студенттерге қатысты сөздің бірі – *посвящения*. Барлық университеттерде бірінші курс студенттеріне арналған

кеш өткізіледі. Оны көбінесе *посвящение* деп айту үйреншікті қолданысқа енген. Себебі, *посвящение* сөзі *бірінші курсқа қабылдау кеші* деп ұзақ сөздермен қолданылатындығынан.

2. Аудармалары бар, бірақ нақты емес немесе жалпы халық ол аударманы қабылдағысы келмейтін лексикалық интеркаляция

Бұл топқа *шампунь* сөзін жатқызуға болады. Бұл сөздің баламасы аударма сөздіктердің бірінде «*сусабын*» деп жазылса, басқа бір аударма сөздікте «*сабынсу*» деп берілген. Түбірлердің орны ауыстырылғанымен, беретін мағыналары бір. Бұл екі сөз де 10 томдық түсіндірме сөздікте жоқ болғанымен, 1999 жылы шыққан «Қазақ тілінің түсіндерме» сөздігінде «*сабынсу*» сөзі жазылып, «сабынның сұйықтау, қоймалжың түрі; шампунь. Қала магазиндерінің сөрелерінде жоғары сапалы «Диона» сабынсуы пайда болды» [101] деген анықтама берілген.

«Сабын» және «су» зат есімдерінен біріккен «*сабынсу*» сөзі *шампунь* сөзіне жақсы балама болғанымен, алайда жалпыхалық оны сол қалпында *шампунь* деп қолдануды жөн санайды. Сауалнама жүргізу барысында адамдардың ешқайсысы *сусабын* немесе *сабынсу* деп қолданбайтыны байқалды.

Қазір жиі қолданылатын сөздің бірі – *смена*. Көп адамдар күзетші болсын, дәрігер болсын және т.б. адамдар бір күндік жұмысқа кетеді. Оны *сменаға кеттік, сменаға түсеміз* деп қолданып жатады. Мысалы:

- *Ертең Берік келіп бізге көмектессіңші.*
- *Берік ертең сменде*
- *Берік сменде, Ринат жұмыста сонда кім келеді өзі... (сұхбаттан)*

Смена сөзінің қазақ тіліндегі баламасы «2. кезек; ауысым; работать в утреннюю смену – таңертеңгі ауысымда жұмыс істеу» [100, 931 б.].

«*Смена*» сөзінің баламалары *кезек, ауысым* мағынасы жағынан келгенімен ауызекі сөйлеу тіліндегі «*смена*» сөзіне аударма бола алмайды, не бұл сөз де қолданысқа толық еңбеген. Мысалы:

- *Ертең Берік келіп бізге көмектессіңші.*
- *Берік ертең кезекте (ауысымда) немесе (Берік ертең кезекке түседі)*
- *Берік кезекте (ауысымда), Ринат жұмыста сонда кім келеді өзі...*

Жастардың стилінде көп айтылатын сөздің тағы бірі – *давай*. Мысалы: «*Давай асханаға барайық, давай қашып кетейік*» және т.б. Қазақ тіліндегі бұл сөздің баламасы «2. повелит. накл. *Кел, әкел; давайте играть келіңдер ойнайық; давайте пойдем, ал, жүрейік;...*» [99, 191-192 б.]. Мағыналары жағынан *кел, әкел* сөздері жоғары сөйлемде келтірілген *давай* сөзіне аударма бола алмайды.

Осы тәрізді «*укладка*», «*прическа*» сөздерін де осы топқа жатқызуға болады. Мысалы:

- *Тойға укладка жасатам зой деймін*
- *Онанда әдемі прическа жасатпайсың ба, сенің шашың ұзын зой*
- *Прическа қымбатырақ болады зой деймін*
- *Менің таныс парихмакерім бар арзандау жасайды...(сұхбаттан)*

Укладка сөзінің баламасы қазақ тілінің аударма сөздігінде «салу, төсеу, қалау» деп берілген.

Аударма сөздікте берілген «төсеу, салу, қалау» баламалары, көріп отырғанымыздай, мағынасы жағынан да, аудармасы жағынан да жоғары мысалда келтірілген укладка сөзіне еш келмейді. Мысалда айтылған укладка сөзі шашты жөндеу, әдемілеу деген мағынада айтылып тұрған сөз. Сонда, бұл бөтен сөздің қолданылуына келетін болсақ, аударманың дәл еместігінен, аударманың жоқтығынан деп айтуымызға болады.

Ал енді «прическа» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы «әдемілеп алынған шаш, сәндеп жасалған шаш; модная прическа сәндеп алынған, қойылған шаш» [99, 757 б.].

Шашымызға *прическа* жасатамыз тіркесін шашымызды сәндейміз немесе әдемілейміз деп айтуға болады. Сонда орыс тілінде қолданылатын «прическа» сөзіне *сәндеу, әдемілеу* баламасы дәл келетін тәрізді болғанымен, қостілділердің бұл сөзді осылай қолданбайтыны белгілі.

Қазақ тіліне *парикмахер* сөзінің баламасы шаштараз, шаш қиюшы, сақал-мұрт басушы, ал «*парикмахерская*» шаштараз деп беріледі.

Енді жоғарыдағы сөйлемді қарастырып көрейік:

- *Тойға укладка жасатам зой деймін (Тойға шашымды жөндетем зой деймін)*

- *Онан да әдемілемейсің бе (сәндемейсің бе), сенің шашың ұзын зой*
- *Әдемілету қымбатырақ болады зой деймін*
- *Менің таныс шаштаразым бар арзандау жасайды...*

Бұл таза қазақша берілген мысалды дәл осы қалпында қазіргі уақытта қостілділер қолданбайды.

Шаштараз сөзі кейінгі топқа жатады, яғни бір адамдар баламасын, келесі бір адамдар *парикмахер* сөзінің өзін қолданады.

3. Аудармалары нақты бар лексикалық интеркаляция;

Бұл топқа *туалет, парк, мама, папа, тамада, справка, подарок, единица, пиво* және т.б. сөздерді жатқызуға болады. Бұл сөздердің аудармалары бұрыннан бар және барлық халыққа да белгілі. Мысалы ауызекі сөйлеу тілінде жиі «*справкамды ұмытып кетіппін*», «*тамада өте жақсы жігіт екен*», «*подарка алуға көмектесші*», «*единицам жоқ*» теген тәрізді сөздерді жиі естиміз. Атобустардан «*проезд бере салыңыздар*» деген сөздер де жиі естіледі. Бұл топта лексикалық деңгейдегі интеркаляция өте жиі қолданылады.

Қоғамдық ортада тағы да жиі қолданылатын сөздердің қатарына – *пиво, вино, шашлык* сияқты сөздер де жатады. Бұл сөздердің қазақ тіліндегі баламалары *сыра, шарап, кәуап* екені қостілділердің бәріне белгілі. Осы тәрізді *единица, сообщение* сөздері де қоғамда жиі қолданылатын сөздер. Мысалы: «*единица салып жіберші*», «*сообщениемен жаза саламын*» т.б. Бұл техниканың дамуына байланысты жаңа сөздер болғандықтан, түсіндірме сөздіктерде аталған сөздердің мағынасы жоқ. Ал негізі *единица* – бірлік, *сообщение* – хат, хабар болып аударылып жүр.

Жоғарыда айтылған екінші топқа тоқталайық. Белгілі бір қостілдінің сөйлеу тілінде сирек қолданылатын лексикалық интеркаляция. Бұл топқа *пылесос, квартплата, обед, праздник, библиотека*, және т.б. зат есімдерді *точно, нормально, случайно, срочно, прямой, вообще, именно, каждый, просто, уже, всегда* және т.б. қыстырма сөздерді де жатқызуға болады.

Мысалы «*сендерде обед қаниада?*», «*библиотекаға барайықшы*», «*мен вообще оқымадым*», «*уже келіп қойдың ба?*», «*маған срочно керек*» деген сөздерді айналамызда жиі естиміз.

Көп адамдар бұл сөздерді осы қалпында қолданғанымен, кейбірі баламаларын қолданады. Бұл топты да екіге бөлеміз:

1. аудармасы бар сөздер;
2. аудармасы жоқ немесе нақты емес сөздер.

I топ. *Конкретно, всегда, случайно, вообще, именно, срочно* т.б. Мысалы: «*Конкретно айтшы барасың ба, бармайсың ба?*» «*Мен всегда бір автобуска отырамын*», «*Мен Даниярмен случайно кездесіп қалдым*», «*Мені жұмысқа срочно шақыртып жатыр*». Бұл жерде *конкретно* – нақты, *всегда* – әрқашан (мысалдағы сөзге күнде деп айтқанымыз дұрыс), *случайно* – аяқ асты, *вообще* – мүлдем, *именно* – нақ, дәл, *срочно* – шұғыл. Аталған топта лексикалық интеркаляция өте көп қолданылады. Осы топтағы кейбір сөйлемдер мен сөздерге сұхбаттардан мысал келтіретін болсақ, «*Зарплата алғанда бірінші орында бір рубашка алмасам, бірде-бір нормально рубашкам қалмапты*». Бір сөйлемнің ішінде бірнеше бөтен элементтер кездесіп тұр. Мысалы: *зарплата, рубашка, нормально*.

Тағы бір мысалдардың бірі – *маған ақыл үйрете бермеші, олай істеу привычка болып кеткен*. Бұл сөйлемдегі бөтен элемент – *привычка*. Бұл сөздің қазақ тіліндегі баламасы «*әдет, дағды; войти в привычку әдетке айналу, дағды болып кету*». *Әдет* сөзі қазақ тіліне араб тілінен енген. Қазақ тіліндегі *әдет* сөзі де *дағды* сөзі де *привычка* сөзіне жақсы балама.

- «*Кеше ішім қатты ауырды, үйдегілер «соқыр ішек шығарсың, скорый шақыртайық» деген, өзім көнбедім. Тағы алып кетіп, операция жасап тастаса не істеймін деп ойладым.*

- *Есің дұрыс па, врачтар ақымақ дейсің бе, анализдер алып, бірінші тексереді зой...» (сұхбаттан).*

Скорый сөзінің баламасы «1. шапшаң, жылдам, жүрдек, жедел; скорая помощ жедел жәрдем» [99, 920 б.]. Ал жоғарыдағы мысалда айтылған «*скорый*» сөзі «*жедел жәрдем*» деген мағынада айтылған. Ауызекі сөйлеу тілінде «*скорая помощ*» сөзі «*скорый*» деп қысқартылып айтылады. Ал *врач* сөзінің баламасы– *дәрігер*

- *Басыңыздан өткен қызықты оқиганы айтсаңыз.*

- *Дәл осындай моментте еске түспей қалады зой.*

Момент сөзі *кез, кезең, сәт, мезет* дегенді береді. Сондықтан «*Дәл осындай сәтте (кезде, мезгілде) еске түспей қалады зой*» деп қай баламаны қойсақ та мағына өзгермейді.

II топ. *Уже.* Мысалы: «*Уже тауысып қойдыңдар ма?*», «*Уже келіп қойдыңдар ма?*»

«*Уже*» сөзін қазақ тілінің аударма сөздігінде «*Та, те, енді, әлдеқашан; Уже скоро полдень – түс болып та қалыпты; он уже не маленький – ол әлдеқашан кішкене емес*» [99, 1047 б.] деп беріліпті. Алайда, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып жүрген «*уже*» сөзіне келтірген мысалдарымызға осы аудармаларды қойсақ біздің сөйлеміміз мүлдем басқа арнаға ауысып кететін тәріздес.

Сонымен қатар, «*спокойно*» сөзін де осы топқа жатқыза аламыз. Мысалы «*Спокойно шпагатка отыра ала ма?.. Таңертең мен қатты қиналып тұрам, ал Ринат болса, спокойно тұрып кете береді*» (сұхбаттан). Бұл мысалдарда айтылған «*спокойно*» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы: «*Тыныш, қозғалмай, асықпай, байсалды, жай; сидеть спокойно – тыныш отыру; вести себя спокойно – өзін байсалды ұстау; спокойно обдумать – асықпай әбден ойлау*» [99, 959 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдағы қолданылып тұрған «*спокойно*» сөзі аудармасы жағынан да, мағынасы жағынан да мүлдем сәйкес келмейді. Мысалды мағынасына қарай аударып көрсек:

- *Оңай (қиналмай) шпагатка отыра ала ма?..*

- *Таңертең мен қатты қиналып тұрам, ал Ринат болса, оңай (қиналмай) тұрып кете береді* деп айтылу қажет.

Студенттердің ауызекі сөйлеу тілін қарастырғанда «*Әсел экзаменге дайындалдыңдар ма? Жоқ жақындасын по ходу дайындаламыз*» деген мысалдар да кездесті. Бұл жердегі «*по ходу*» сөзін студенттердің кейбірі қолданады екен. Ол сөзді «*жүре дайындаламыз*» деп аударуға болады, бірақ ол аударма сөйлемнің мағынасына дәл келмейді. Сөйлемдегі «*по ходу*» сөзі *істің арасында, сонымен бірге* деген мағынада қолданылған.

Күнделікті ауызекі сөйлеу тіліндегі фонетикалық интеркаляция лексикалық интеркаляциямен қатар жүреді. Мысалы: «Қазіргі шопырлар праваны оп-оңай сатып алатын болды зой» деген сөйлемдегі «шопыр» сөзі орыс тіліндегі *шофер* сөзінің қазақшаланған түрі. Бұл сөздің баламасы – *жүргізуші*. Осы тәріздес «Мен барлық **доқтырларды доқтырлар** күнімен құттықтаймын» деген сөйлемдегі *доқтыр* орыс тіліндегі *доктор* сөзі, яғни қазақша аудармасы *дәрігер*. «Цирктың аюлары **велсебет** үйренгенде сен машина айдап үйренбейсің ба?» деген мысалда орыс тілінің *велосипед* сөзі *велсебет* болып фонетикалық өзгеріске ұшырап айтылған. Бұл сөз қазақ тілінде де *велосипед* болып айтылады. Осы тәріздес «Мына қағаздарды **мусырға тасташы**», «Не, магазинде **сәбіз сәбсім** жоқ па екен», «Маған ол қағаз **срошна** керек» деген сөйлемдерде *мусор-мусыр, совсем-сәбсім, срочно-срошна* болып айтылып тұр. *Мусор* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы *қоқыс, совсем – мүлде, мүлдем*, ал *срочно* сөзі *асығыс, шұғыл, жедел*.

Бақылау әдісі күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде төмендегідей сөздерді бұзып қолданушылықтың көп ұшырасатындығын байқатты: «Мәэ, Мақсат, **маладессің** зой өзің», «Менің қазір **срошный** жұмыстарым бар», «Біздің **врашшымыз**», т.б. Бұл сөйлемдерде *молодец - молодес, срочный - срошный, врач – враш* болып қолданылып тұр. *Молодец* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы *жарайсың, жігітсің, бәрекелді, срочно - асығыс, шұғыл, жедел, врач - дәрігер, через час - бір сағаттан кейін*. Тағы да сол сияқты *магазин, строй, смен, звук, цвет, газета* деген сөздер де қазақтардың сөйлеу тілінде баламасы бар бола тұра, осы сөздердің фонетикалық интерференцияға ұшыраған қалпында *мәгәзин, ыстрой, сімен, зывук, сівет, гәзет* болып айтылады.

Сөздердің мағынасына келетін болсақ, ауызекі сөйлеу тілінде де, телеарналарда да *ер, ер адам, ер кісі, ерлер* деудің орнына орыс тілінің ықпалымен, *мужчина, мужнины* сөздеріне баламалап *еркек, еркектер* деп сөйлейтін болып жүр. Осылай деп көбіне қыздар мен келіншектер айтады. Бұл сөз бұрынғы кезде малға, басқа да жануарларға, солардың жынысын ажырату тұрғысында, яғни *еркек мал, еркек бұзау, еркек құлын, еркек лақ, еркек күшік* дегендей қолданыстарда айтылатын. Ер адамға айтылса анайы сөз саналатын, тіпті мұны ер адамды кеміту, келекелеу деп білетін. Сонымен бірге, қазіргі уақытта *әйел-ана* деген тіркес те пайда болды. Бұл орыс тілінің *женщина-мать* дегенінің аудармасы екені белгілі. Қазақ тілінде *ана* десек оның әйел екендігі де, баласы бар ана екендігі де анық екені сөзсіз. Телераналарда кей кездерде бір ер кісіні, не бір әйел адамды сөйлетіп отырып *ата-ана* деп жазып қоятыны да бар. Орыстың *родитель* дегенінің тура аудармасы. Бір адам әрі ата, әрі ана болмайды, сондықтан да ер адам болса – ата, әке, әйел адам болса – ана деп жазылса орынды болар еді. Соңғы

жылдары *өндіру* сөзіне *производить* деген терминдік мән беріп, әдеби нормаға айналып келе жатқан тіркестердің бірі – *ет өндіру, сүт өндіру, жұмыртқа өндіру*, т.б. *Өсімдікті өндіру, ағаш өндіру* дегендер табиғи тіркес болса, *сүт, ет, жұмыртқа өндіру* дегендер жасанды тіркестер. Сол сияқты *сауда нүктесі* (торговая точка), *тірі бұрыш* (живой уголок), *тыңдаусыз бала* (непослушный мальчик) сияқты да тіркестерді ұшыратып қалатынымыз да белгілі.

Қостілділіктегі грамматикалық интеркаляцияның көрінісі

Грамматикалық интерференция – бұл өз ана тілінің грамматикасының әсерінен екінші тілдің грамматикалық нормасының бұзылуы болса, грамматикалық интеркаляция екінші тілдің әсерінен ана тілінің грамматикалық нормасының бұзылуы. Мұндай ауытқудың себебі, үйренуші тіл мен ана тіліндегі сөздердің байланысының бірдей еместігінен туындайды.

Осы уақытқа дейін грамматикалық интеркаляция туралы ғылыми зерттеулер жоқ болғанымен, ол грамматикалық интерференцияның негізінде қаралып келді. Сондықтан да біз қазақ-орыс қостілділігіндегі грамматикалық интеркаляция мәселесіне тоқталмас бұрын грамматикалық интерференцияның зерттелуіне қысқаша тоқталып өтеміз.

Грамматикалық интерференция жалпы тіл білімінде ерекше күрделілердің бірі және даулы әрі келелі мәселе болып табылады.

Грамматикалық интерференцияны ең алғаш рет бақылау Ресей тілшілердің еңбегінде жасалған [102]. Алайда, грамматикалық интерференцияға жүйеленген теориялық талдауды (фонетикалық пен лексикалықты қатар) У. Вайнрайх өзінің «Языковые контакты» атты еңбегінде жасап, [34, 60-83 б.] берілген көріністі зерттеуге жалпы бағыт-бағдар көрсеткен. Тілдік қатарлардың материалынан автор морфеманың әртүрлі грамматикалық формаларымен және бір тілден екінші тілге тасудың мүмкіндігімен байланысты морфологиялық интерференцияның жағдайын қарастырды. Грамматикалық интерференция саласының У. Вайнрайх төмендегідей негізгі типтерін белгілейді:

1. Бірінші тілдің морфемасын екінші тілдің сөйлеу тілінде қолдану;
2. Бірінші тілдің нақты грамматикалық қатынасын екінші тілдің сөйлеу тілінде қолдану немесе бірінші тілге мүлдем жақындығы жоқ, сонда да екінші тілге қатысты қатынасқа еліктеу;
3. Бірінші тілдің грамматикалық үлгісінің әсерінен екінші тілдің морфемалық функциясының (кеңею немесе тарылу) өзгеруі, яғни бірінші тілдің морфемасының екінші тілдің морфемасына еліктеуінен [34, 71 б.].

Грамматикалық интерференцияны жүйелеп оқыту кеңестік тіл білімінде 1960 жылдардың басында В.Ю. Розенцвейг пен Л.М. Уманның еңбектерінен басталды, бұл идеяны әрі қарай жалғастырғандар Л.В. Щерба, У. Вайнрайх және Э. Хауген. Орыс-француз қостілдісі материалында авторлар морфологиялық интерференцияның әсері мен ерекшелігін қарастырды.

Сонымен, В.Ю. Розенцвейг грамматикалық тіларалық қатынастың саласына У. Вайнрайхтың фонетикалық интерференциясының классификациясындағы терминдерді қолдануды ұсынады: *дифференциалды белгілер, недодифференциация, передифференциация, айырым реинтерпретациясы*. Қалай болғанда да В.Ю. Розенцвейг қатынастағы тілдердің арасындағы қатынастың құрылымдық айырмашылығының бастапқысы екенін айрықша баса айтқандай. Грамматикалық интерференцияға деген дәл осындай көзқарас және дәл осы терминология Л.М. Уманның [103] кандидаттық диссертациясында да қолданылған. Ол интерференцияның себебін бірінші тіл T^1 мен екінші тілдің T^2 дифференциалды белгілерінің араласуынан туындайды деп түсіндіреді.

У. Вайнрайх бөлген грамматикалық интерференцияның түрі мен типінің классификациясының орнына Л.М. Уман қатынастағы тілдердің жүйелерінің арасындағы негізгі құрылымдық айырмашылықтардың классификациясын ұсынады. Құрылымдық айырмашылықты үш түрге бөледі:

1. Дифференциалды белгілердің ана тіліндегі бар болуы (T^1+T^2-);
2. Дифференциалды белгілердің үйренуші тілде бар болып, өз ана тілінде мүлдем болмауы (T^1-T^2+);
3. Екі салыстырмалы тілдердің арасында, тілдік екі жүйеде әр түрлі дифференциалды белгілердің де бар болуы (T^1+T^2+).

Осыған сәйкес, автор құрылымдық айырмашылықтардың түрлеріне қарай, қосылған тілдердің арасындағы барлық грамматикалық интерференция деректерінің көріністерін үш түрге бөледі:

1. «Сверхдифференциация», дифференциалды белгілерді ана тілінен шет тілге тасу (T^1+T^2).
2. «Недодифференциация», ана тілінде жоқтығынан, шет тілдің дифференциалды белгілерін сақтамау (T^1+T^2-).
3. «Өзгешелік реинтерпретациясы», ана тіліндегі дифференциалды белгілерін шет тілдің дифференциалды белгілерімен ауыстыру (T^1+T^2-).

«Л.М. Уманның, – дейді А.Е. Карлинский – грамматикалық интерференцияның түрлерінен У. Вайнрайхтың фонетикалық интерференция терминінің анықтамаларын көрсеткенін байқау қиын емес. Біздің ойымызша, қысқаша тұжырымдардың шатасу қаупін тудырмас үшін, басқаша терминдерді қолдану орынды болар еді». Грамматикалық интерференцияны зерттеудегі сыни шолу (көбіне морфологиялық) Ю.А. Жлуктенконың [13, 44

б.] еңбегінде берілген. Әрі қарай мақала мен диссертацияның авторлары қостілдінің сөйлеу тіліндегі нақты қатынастағы тілдерде интерференцияның пайда болу аралығындағы жеке морфологиялық категорияларға көңіл аударған.

Осы тұрғыдағы көлемді зерттеу С.С. Сорокинаның диссертациялық еңбегі [104] болып табылады. Автор өз еңбегінде етістікті меңгеру материалымен орыс-неміс синтаксистік интерференциясының ерекшелігін толық қарастырады. С.С. Сорокина – грамматикалық интерференцияның нәтижесінен туған, анормативті орындаудан бастап, экстралингвистикалық фактормен байланысты (тілдік материалды білмеуден, зейін қоймаудан және т.б.) қатені айыруға әрекет жасаған алғашқы зерттеушілердің бірі. Кездейсоқ қатеден туған грамматикалық интерференцияға шек қою деректерін сынау, автордың ойынша, қостілдінің өзге тілдік сөз туындысындағы ұқсастықтың туындауындағы типті қатеге байланысты.

Қорыта айтқанда, грамматикалық интеркаляция дегеніміз – екінші тілдің әсерінен ана тілінің грамматикалық нормасының бұзылуы. Бұл үйренуші тіл және ана тіліндегі сөздердің синтаксистік байланысы мен синтаксистік құрылымның әдістерімен әр түрлі грамматикалық формаларды теңдестіруден туындайды. Грамматикалық интерференция жалпы тіл білімінде ерекше күрделі және даулы мәселе болып табылады. Грамматикалық интерференция деңгейіне сәйкес интеркаляция да морфологиялық және синтаксистік интеркаляция болып бөлінеді.

Қазақ-орыс қостілділігінде көрініс беретін морфологиялық интеркаляция мәселесіне тоқталайық. Қазақ тіліне араб-парсы тілдерінің ықпалымен енген бірен-саран қосымшалардың, яғни морфологиялық тұлғалардың кездесетінін біздің тілші-лингвист ғалымдар баяғыда дәлелдеген. Ондай морфологиялық тұлғаларға «хана» (шайхана, дәмхана, дәріхана т.б.), «кент» (Ташкент, Шымкент, Саудакент т.б.), «паз» (әсемпаз, өнерпаз, жеңімпаз т.б.) сияқты т.б. тұлғаларды жатқызып жүрміз. Сондай-ақ, тіліміздегі «бей» (бейшара, беймаза, бейдауа т.б.) деген жалғыз приставканы да парсы тілінен келгені белгілі. Осылар секілді тағы да бірталай морфологиялық тұлғалар араб-парсы тілінен біздің тілге енген болар. Бірақ олар қазақ тіліне мүлдем сіңісіп, өздерінің жат тілдік элемент екенін білдіретін сипатынан айырылып қалған.

Ал қазақ-орыс қостілділігі жағдайында екі тілдің бір-біріне ықпал-әсеріне байланысты тілімізге енген орыс тілінің морфологиялық тұлғалары бар ма дегенге келейік. Қазақ тілі мен орыс тілі табиғи бітім-болмысы жағынан бір біріне кереғар тілдерге жататыны белгілі. Алайда осы екі тілді тұтынушы халықтардың ұзақ жылдар бойы қатар тұрмыс-тіршілік етіп, тығыз қарым-қатынаста болуына байланысты бір-бірлеріне ықпалы аз болмағаны шындық. Әсіресе, орыс тілінің қазақ тіліне ықпалы айқын

сезіледі. Сол себептен орыс тілінен біздің тілге енген бірен-саран морфологиялық тұлғалар бар.

Тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайтыны белгілі жайт. Оны тілді тұтынушылардың түрлі қажеттілігі туғызады. Олардың түрлі қоғамдық іс-әрекеті барысында тілдің қолданылуы оның жүйесіндегі өзгерістердің шынайы сипатын көрсетеді. Тілдің қоғамдық қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметі әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін айқындаумен қатар сол тілдердің тілдік құралдарының дәстүрлі қолданысына да әсер етеді.

Қазір біз тіліміздің табиғи бітім-болмысына жат, бөгде тілдік дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерінен тұратын сөздерге қазақша қосымшаны қиналмай жалғап, «кентавр» сөзге айналдырып, тілімізді бұрап сөйлеп-жазумен қоймай, қазақ сөздеріне де орыс тілінің қосымшаларын жалғауды дәстүрге енгіздік. Мысалы: *апашка, әжека, ағашка, аташка (Привет, әпкешка, жағдай жақсы ма?)*. Келтірілген мысалда қазақша сөздерге сыпайылық мәнді білдіру, еркелеу мағынасында орыс тілінің - *ка, -шка* аффиксі жалғанған. Қазақ тілінде бұл сөздерді орыс тілінің жұрнағын қолданбай-ақ *апатай, әжетай, ағатай, аташым, әкетай* деп қолданса орынды болар еді. Қазіргі уақытта сөйлеу тілінде *қызымка* сөзі актив сөздердің бірі.

Сонымен бірге, аты-жөнімізге, яғни тегімізге жалғанып жүрген, кірме қосымшаға айналып кеткен орыстың «*ов*», «*ев*», «*ин*» қосымшаларын айтуға болады. Тек осы қосымшалардың өздері ғана тіліміздің ұлы заңдарын ала тайдай бүлдіріп, ойран салып жүр. Мәселен, Алматы қаласы көліктерінің билет тексерушілері: «*Келесі аялдама Сейфуллина, Байтұрсынова, Әуезова*» немесе «*Мұратбаева, Жарокова, Қалдаяқова бар ма?*» деп хабарлап-сұрап жататындарына, *Абая-Саинада тұрамын; Мұстафина көшесінен тоқтай салыңыз; Жароковадан алып кетші* және т.б. Абай Құнанбаев, Жұмат Сайын, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Мұхтар Әуезов, Шәмші Қалдыаяқов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов атындағы көшелерге орыс тілінің –*а* септік категориясын қосып қазақ тіліндегі белгілі адам аттарының бұзылып айтылып жатқанына мән бердік пе? Біздің ойымызша, бұл – мысалға келтірілген жаңағы қосымшалардың психолингвистикалық әсерінен туындап жатыр. Қазақ сөзіне жалғанған орысша қосымша өзінен кейін міндетті түрде орысша қосымшаның келуін қажет етіп, қазақтілді билет тексерушілерге «*Келесі аялдама Сейфуллин көшесі*» немесе «*Сейфуллиннен түсетін бар ма?*» дегізбей тұр.

Қазіргі уақытта сөздерге орыс тілінің анықтауыштық мағынадағы –*ский* аффиксін қосып (*Кандидатский*ңді қашан бітіресің; *Ағай жазда докторский*ін қорғап алыпты; *Мен мынауский, қатқанский* қыз көрдім; *Қыздарский, ұлдарский, жігіттерский* киім) қолданушылықпен бірге, сөйлеу

тілінде *Қай жерден?* деген сұраққа *Чимкентская, Жамбулская, Алматинская* деген жауапты да еститініміз рас.

Осы секілді тағы басқа да орыс тілінің ықпалымен тілімізге енген бірқатар морфологиялық тұлғалар бар. Олар: «*изм*» (*түркизм, тарихизм, ауылбауизм*), «*лог*» (*түрколог*), «*я*» (*Түркия, қазақия*), «*ист*» (*алтаист*), «*ят, ат*» (*акимат, жағдаят*). Әлбетте, бұлардың көбі біздің тілімізге орыс тілінен тікелей емес, орыс тілі арқылы енгені ақиқат, яғни қазақ сөзі әуелі орыс тіліне еніп, орысша қосымша қабылдап, содан соң қайтадан қазақ тіліне сол қосымшаларымен келген. Олар: *түркизм (тюркизм), Түркия (Туркия), алтаист, алтаистика* сөздері. Ал «*тарихизм*» орысша «*историзмнің*» тура аудармасы екені, «*акимат*», «*жағдаят*» деген сияқты сөздер орыс тіліне араб тілінен ауысқан, содан соң біздің оларға таза еліктеуімізден туындағаны анық.

Қазақ тіліне орыс тілінің қатты әсерінен қалыптасқан қосымшаның бірі – орыс тілінің женский род категориясының қосымшасы деуге болады. Бұл қосымша қазақ тілінің ауызша да, жазбаша да тілінде белсене қолданылып жүр. Оның негізгі қолданылу өрісі қазақ қыздарының бірқатар есімі екені барша жұртқа белгілі. Қазіргі тілімізде «*Гүлнара, Гулнура, Айнура, Аселья, Жанара, Анара* т.б.» деген есімдер де өте жиі кездеседі. Сондай-ақ, қазақ қыздарының есімдеріне орыс тілінің «ка» қосымшасын қосып сөйлеу де қазір үрдіске (тенденция) айналғаны мәлім. Осындай тек категориясын қазақ тілінің қажет етпесі айдан анық бола тұрса да, кейбір сөз қолданыста кездесіп қалған *мұғалім-мұғалима, азамат-азаматша* сөздерінің болашағы ұзақ болмағаны баршамызға белгілі. Әлбетте бұл – орысша «*учитель – учительница*», «*гражданин – гражданка*» сөздерінің тура көшірмесі екені рас. Осыған байланысты кей жерлерде *төраға* (атқару комитетінің төрағасы, жиналыстың төрағасы) сөзін, осы қызметті атқарып жүрген әйел адам болса, *төрайым* деп қолдану да бар. Егер дәл осылай қолданар болсақ, *аға инженер, аға ғылыми қызметкер, аға оқытушы, кіші лейтенант* деген термин сөздеріне де жарыспалы балама іздеуімізге тура келеді. Орыс тіліне еліктеп ер адам мен әйел адамның әрқайсысына қатысты болған атаулардың бас-басына «род» ұғымын тудырарлықтай форма іздеуге ұмтылу қазақ тілінің табиғатына жат ұғым. Қазақ тілінде тек категориясының тілдік көрсеткіші жоқ. Қызмет бабындағы атаулар тек қана ер адамдарға қатысты сияқты көрінгенімен, баршаға ортақ атаулар деп қабылдануға тиіс.

Қандай мәтін болмасын, оның аударма екені соншалықты байқалмауы үшін, біздің ойымызша, оның аудармашысы екі тілді бірдей жетік меңгеріп қана қоймай, аударма теориясымен де қаруланған шебер бола білуі керек. Бірақ аударма өнерінің бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын осы бір іс-әрекетінің екінші жағы бізде әлі олқы болып тұр. Әсіресе, бізде оның қазақ-

орыс немесе орыс-қазақ тілі салғастырмалы (сопоставительная) грамматикасына негізделген синтаксистік әдістеме-нұсқауының (практикумының) жоқтығы айқын аңғарылады. Сол себептен болар, орысша-қазақша аудармаларды жасауда синтаксистік бірлікті, яғни екі тілдің салғастырмалы сөз тіркесі, сөздердің тіркесу тәсілдері мен амалдары және олардың түрлері, сөздердің синтаксистік қызметі және олардың синтаксистік қатынастары мен байланыстары, синтаксистік күрделі құрылым мен тұтастық, сөйлем ішіндегі синтаксистік күрделі оралым деген сияқты т.б. жақтарын басшылыққа алу мүлдем қаперге алынбай, лексикалық бірлікті ғана негізгі әдіс-тәсіл ретінде ұстану үстем болып келеді. Осыны ескермегендіктен, «*Накопительный пенсионный фонд*» деген сияқты екі-үш сөзден құрылған қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемшелерді «*Зейнетақы жинақтау қоры*» деп қазақша айта салудың орнына «*Жинақтаушы зейнетақы қоры*» деп «тура» аударылып жүр. Аталған сөз тіркесіндегі «*жинақтаушы*» сөзі «*зейнетақы*» сөзінің анықтауышы болып тұр. Орыс тіліндегіде «*накопительный*» де, «*пенсионный*» да «*фонд*» сөзінің жарыспалы анықтауышы. Олардың орнын ауыстырып, қалай қолдансаң да, синтаксистік қатынас өзгермейді. Бұл оның қазақ тіліне ұқсамайтын құрылымдық өзіндік ерекшелігі.

Соңғы кезде көшелердегі жарнамалар мен газет-журналдар, кітаптар беттерінен қате жазылған сөздерді, орынсыз сөз қолданыстарды, дұрыс құрылмаған сөйлемдерді жиі ұшырастыратын болдық.

Бұрын қазақта орысшадан «*Аяқ киімді жедел жөндеу*» делініп аударылмай, жалпы халықтық қолданысқа еніп, қалыптасып кеткен «*Жедел аяқ киім жөндеу*» деген бар еді, енді бүгін «*Жедел өкпе қабынуы*», «*Жедел бүйрек жетіспеушілігі*», «*Жедел жүрек кемістігі*» деп айтылып жүр. Қазір Алматы көшелерінде «*Жаңа Қазақстандық жетінші арна*» деген сияқты жарымжан жарнамалар көбейіп кетті. Бұның дұрысы – «*Қазақстандық жетінші жаңа арна*».

Осының барлығы орыс тілінің синтаксистік интеркаляциясы деп қарастыруға болады.

Сондай-ақ, қазіргі уақыттағы кейбір сөйлемдерімізде қимыл-әрекеттің қалай жүзеге асатынын білдіретін сөздер, мәселен: «*Жоғары техникалық оқу орны*», «*Жоғары медициналық білім*», «*Жаңа асүйлік жиһаз*», «*Ыстық қатпарлы самса*», «*Жаңа Қазақстандық теле арна*» жиі кездесуде. Бұлардың дұрыс қазақшасы – «*Техникалық жоғары оқу орны*», «*Асүйлік жаңа жиһаз*», «*Медициналық жоғары білім*», «*Қатпарлы ыстық самса*», «*Қазақстандық жаңа теле арна*». Біздің ойымызша, бұндай аудармалардың көбейіп кетуінің тағы бір себебі – қазақ тілі құрылымының

(грамматикасының) орыс тілімен салғастырғанда айтарлықтай айырмашылығы бар екенін ескермеуден болып жатқан сияқты.

Орыс тілінде әр түрлі бірнеше есім сөз род тұлғасын (*форма*) қабылдап, анықталатын сөзге бәрі бірдей тең дәрежеде жарыса тіркесе алатын болса, қазақ тілінде басқаша. Туынды сын есімнен болған анықтауышы бар тіркеске, мәселен, «*медициналық білім*», «*қатпарлы самса*», «*асүйлік жиһаз*» сияқты т.б. анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестеріне тағы бір сөз, яғни сапалық сын есім анықтауыш ретінде қолданылса, әуелгі тіркес өзгеріп, мысалы, «*медициналық жоғары білім*» болып, негізгі сынды білдіретін сөз міндетті түрде анықталатын сөзді бірінші болып анықтайды. Бұлай болмаған жағдайда қайсысы қайсысының анықтауышы екенін ажыратып түсінуге қиындық келтіретін жарымжан тіркес, түсініксіз сөйлем қалыптасады. Себебі, қатыстық сын есімдер, негізінен, зат есімдерден жасалатындықтан, олар сөйлемдегі анықталатын мүшенің анықтауышы бола тұрып, өздері де анықтала алады. Қатыстық екі немесе одан да көп сын есімді анықтауышы бар, сондай-ақ сапалық және меншік анықтауышы бар сөз тіркестерінде де солай. Қай сөз анықталатын сөзді бірінші болып анықтауы керек екені ондай тіркестерде де маңызды рөл атқарады. Мәселен, «*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті*» деген атаулық тіркес, әу баста, «*Қазақтың С.Ж. Асфендияров атындағы медициналық ұлттық университеті*» болуы керек еді. Олай болмай, орысша сөйлем құрылысына негізделіп аударылып кеткен соң, «*қандай қазақ?*» деген сұраққа жауап беретін «*С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ*» деген анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі туындаған.

«Қазақ тілі сөйлеміндегі қимыл-әрекетке байланысты сөздердің ішінен, оның (қимылдың) қашан, қай мезгілде болатынын білдіретін мүшелерінің орны еркін болып келеді» деген ережені де қатаң қағида деп үнемі ұстануға болмайды. Себебі, ондай сөздер күрделенген жай сөйлемнің, яғни құрамында есімше тұлғалы оралымы бар сөйлемнің есімше тұлғалы етістіктен болған тұрлаусыз мүшесінің мезгіл пысықтауышы ретінде де жұмсалуды әбден ықтимал. Мысалы, «*Алғаш рет ақау түскен тіске шривті құрылым арқылы ем жасалды*» деген сөйлемдегі «алғаш рет» деген сөз «қашан» деген сұраққа жауап беріп, «ақау түскен» деген сөздің мезгіл пысықтауышы болып тұр. Сондай-ақ, осы сөздің орнын ауыстырып, мысалға келтірілген сөйлемнің «ем жасалды» деген баяндауышының мезгіл пысықтауышы ретінде де қолдануға болады. Мысалы: «*Ақау түскен тіске шривті құрылым арқылы алғаш рет ем жасалды*». Әлбетте, бұл сөйлемдердің құрылымдық жағынан екеуі де дұрыс, ал қисындылығы (логикалық) жағынан екіншісі дұрыс.

Ал іс-әрекеттің қалай, қайтіп жасалғанын қабыса байланысып пысықтайтын *жедел, баяу, жақсы, жаман* сияқты т.б. толып жатқан сөздер

өзі тіркесетін сөздерден алшақ тұрып қолданыла алмайды. Егер, оларды дұрыс қолданбаса, тағы да сөйлем мазмұнына теріс әсер етіп, ұғынуға қиындық келтіреді.

Ал ауызекі сөйлеу тілінде *Жаңа жылмен* (Жаңа жыл құтты болсын); *Мейрамыңмен* (*мейрамың құтты болсын*) деген мысалдарды да келтіруге болады. Адам түшкірген кезде «*сау бол*» деп айтуымыздың өзі де орыс тілінің «будь здоров» сөзінің тура аудармасы. Қазіргі теледидарда тікелей эфирде сөйлеуші қостілділердің көбісі сөздерін «*мен ойлаймын*» деп бастауда. Бұл сөз де орыс тілінің «я думаю» дегенінің тура аудармасы. Қазақ тілінде «мен ойлаймын» деп емес, «менің ойымша» деп қолданған орынды.

Терминдер мен атауларды қысқа қолданылу деген ұғымнан оқу процесіндегі кейбір сөздердің әр түрлі тұлғада қисынсыз қолданылып жүргенін байқаймыз. Жоғары оқу орындарының біреуінде *диплом жұмысы*, *курс жұмысы* десе, екіншілерінде *дипломдық жұмыс*, *курстық жұмыс* дейді. Екінші варианттың қолданылуы – орыс тіліндегі сөздердің (дипломная работа, курсовая работа) қосымшаларына сәйкес адекватты түрде аударуынан кеткен қателіктер екені даусыз. Олай дейтініміз, *классная работа* деген тіркесті *сыныптық жұмыс* демей *сынып жұмысы* деп аударамыз. Сол сияқты *диплом жұмысы*, *курс жұмысы* атаулары да осы қалпында болуы керек. Осындай орыс тіліндегі атауларды *-лық*, *-лік* жұрнақтарымен аудару арқылы жасалған сөздер драмалық (драма), политехникалық (политехника), энергетикалық (энергетика) әлі күнге дейін айтылуда.

Бақылау барысында «*Целый день очередте тұрдым*», «*каждый праздник қыдырамыз*» немесе «*полный проезд төлейсіз*» және «*может быть*», «*проста так*», «*самое главное*», «*если-что*» деген тіркестермен бірге, «*обувной магазин*», «*мягкий игрушка*», «*книжный магазин*» тәрізді тіркестер де жиі кездесетіндігі көрінді.

Осы тәрізді тағы бір тіркес балалар емханасында белгілі бір күнді «*грудной день*» деп белгілейді. Бұл *емшектегі балаларды қарайтын күн* деген мағынада. Алайда осы тіркес емханада үйреншікті тіркеске айналған. «*Ертең грудной день сіздер одан кейін келіңіздер*», «*балаңызды грудной день болған күні әкеліңіз*» деп жатады.

Бақылау бойынша тағы бір байқағанымыз қазақ тіліндегі *ету* көмекші етістігі орыс тілінің бірнеше сөздерімен тіркесіп өте жиі қолданылатындығы анықталды. Мысалы: «*поздравить ету*», «*настаивать ету*», «*телефоныңды отключать етші*», «*подводить ету*», «*таксавайт ету*», «*скидывать ету*», «*ксерить ету*», «*наблюдать ету*», «*издеваться ету*», «*оправдываться ету*», «*сохранить ету*», «*удалить ету*», «*выступать ету*» т.б.

Орыс тілінің қазақ тілі ситаксисіне жағымсыз ықпал-әсерін, яғни синтаксистік интеркаляцияның көрінісінің аударма тіл арқылы пайда бола бастағанын өткен ғасырда М. Дулатов та аңғарған екен. Ол өзінің «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» деген мақаласында сол дәуірде енді қалыптаса бастаған қазақ тілінің ресми стилінің жай-күйін баяндай келе, оның тілінің бірнеше кемшіліктеріне тоқталған. Әсіресе, орыс тілінің қазақ тіліне жасап жатқан ықпалының нақты себептерін көрсеткен. Мәселен, ол – орыс тілінен тікелей аудару барысында қазақ тілінің табиғи бітім-болмысына сәйкес келмейтін жайттарды былай баяндайды: «... сөйлеу жүйесі жағынан болатын кемшілік. Біздің жазушыларымыз сөйлем ішіндегі сөздердің алдында айтылатынын артына, артындағысын алдына әкеліп, сөздерін орысша тізеді. «Таймінер жолдас» деудің орнына «жолдас таймінер» деу де сол кемшілікке келеді...

Төртінші кемшілік – жалпы кемшілік. Бұл кемшілік жазушының орысшаны жете білгенінен болады иә орысшаға жетіктігі асқынып кетіп, білім буынына түсіп кеткенінен болады. Мәселен, «сорпаны ішемін» демей «сорпаны жеймін» деушілер бар; «бөркім жарасады» деудің орнына «бөркім жүреді» дейтіндер де жоқ емес; «өзеннен өту» дегенді «өзен арқылы өту» дейтіндер де бар. Сол сықылды «сұрады», «ұсынды», «түсіндірді» сықылды қазақша сөздердің орнына орысшалап (иә басқа бір тілмен болса да өзі біледі) «сұрау қойды», «ұсыныс қылды», («ұсыныс кіргізді»), «түсініс берді» дейді. «Сиездің қаулысынша» деудің орнына «сиездің қаулысы бойынша» дейді» [105, 89 б].

Көріп отырғанымыздай, орыс тілінің қазақ тіліне жасаған ықпалының нәтижесінде пайда болған қазіргі тіліміздегі осындай құбылыстарды синтаксистік интеркаляция деп қабылдауға болады. Мысалға келтірілген синтаксистік құрылымдардың баршасы – аударма тіл арқылы қалыптасқаны байқалады. Ондай синтаксистік құрылымдар өткен ғасырдың басында орыс тілінен біздің тілімізде жоқ синтаксистік құрылымдарды қазақшалау кезінде пайда бола бастап, кейінгі жылдары тіптен көбейіп кеткен сияқты. Қазір біз М. Дулатов атап көрсеткен «сорпаны жеймін», «бөркім жүреді», «өзен арқылы өту», «сұрады», «ұсынды», «түсіндірді» сөздердің орнына орысшалап «сұрау қойды», «ұсыныс қылды», («ұсыныс кіргізді»), «түсініс берді», «Сиездің қаулысынша» деудің орнына «сиездің қаулысы бойынша» секілді т.б. толып жатқан осындай синтаксистік құрылымдарды жазып-айтумен қатар кейбір сөздерге еш байланыспайтын баяндауыш формаларын да қиналмай қолданатын дәрежеге жеттік. Бұлардың барлығы – орыс тілінің ықпалының әсерінен аударма тіл арқылы пайда болған жасанды синтаксистік құрылымдар екені көпшілікке белгілі.

Е.Н. Ершова өз еңбегінде интерференцияның лексикалық деңгейіндегі біраз сөздер туралы айта келіп, «*Мен больничный лист алдым, Эжем, эжем, «Детский мирде» маленький лошадко бар*» деген тәрізді интерференцияның синтаксистік деңгейіне де мысалдар келтіреді. Қорыта келе, былай түйіндейді: «Мұндай мысалдардың сөйлеу тілде аз еместігі бәрімізге мәлім, алайда мынадай нәрсені есте ұстауымыз қажет, ауызекі сөйлеу тіліндегі интерференцияның мүлдем азғана түрі «азаматтық құқық» алады және тілдік жүйенің құрамына енеді» [49, 131-132 б.] деген. Қарап отырсақ, кейбір емес көптеген қате аудармалар қазақ тілінің сөз қолданысына еніп (жазба тілге де, ауызекі сөйлеу тіліне де) те үлгерген тәрізді.

Жалпы сөз соңында айтарымыз А.А. Реформатскийдің сөзі бойынша: Өзге тілді меңгеру кезінде негізгі қиындықты тудыратын «бөтен тілді меңгеру емес, керісінше өз тіліңмен күресу», «Бөтен тілді меңгеру үшін, ең алдымен өзіңнің тіліңнің дағдысын меңгеруге тиіссің, өйткені өз тіліңнің дағдысы – ол елек (сито), осы арқылы бөтен тілдің деректері бұрмалану арқылы қабылданады [106, 27 б.]

Тілшілердің, психологтардың, әдіскерлердің интерференция мәселесін белсенді зерттеп жатқанына қарамастан қостілділердің сөйлеуіндегі тіл нормаларының бұзылу мәселесі түбегейлі шешілген жоқ. Керісінше, қазақ тілінде интеркаляция құбылысы белең алуда.

Қазір интерференцияны оқыту дербес бағыт ретінде қалыптасты, құбылыстың тілдік байланыстар жүйесіндегі орны белгіленді. Осы уақытта интерференцияны зерттеу негізінен екі бағытта жүргізіледі: бірінші тілдердің өзара ықпалының қырлары сарапталады, екінші интерференция мәселелері оқыту әдістемесіне байланысты зерттеледі. Екінші бағыт арнасында интерференция қостілділердің бөтен (шетелдік) тілдерді нашар білуін анықтаушы факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Осыған қосымша, интеркаляция құбылысы да терең зерттеліп, қосымша пән ретінде енсе нұр үстіне нұр болар еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фонетикалық интерференция бірінші тілдің әсерінен болған екінші тілдегі екпін, ырғақ және тағы да басқа дыбыстырдың өзгеруін қамтыса, фонетикалық интеркаляция – екінші тілдің әсерінен болған бірінші тілдегі дыбыстар мен екпіннің бұзылуы.

Зерттеу жұмысында фонетикалық интеркаляцияға байланысты қазақ-орыс қостілділік жағдаятындағы ауызекі сөйлеу тілінде қазақ тілінің акцентуациялық ішкі жүйесіне еніп кетпесе де, орыс тіліне орынсыз еліктеудің нәтижесінде қазақ есімдерінің екпіндерін өзгертіп айту жастардың

арасында жиі кездесетіндігі жұмыста толық қаралды және қазақ есімдерін орыс тіліне бейімдеп айту жастардың да, ересектердің де сөйлеу тілінде байқалатындығы дәлелденді. Сонымен қоса, орыс тілінің (**ь**) жіңішкерту белгісімен жазылып жүргендігі, **ж** әріпінің қасына **д**-ны қосып айту сияқты құбылыстардың да осы деңгейде көрініс береді. Бақылау барысында кейбір қазақ есімдерінің алдыңғы дыбыстарын алу арқылы *Женя, Рина, Толя, Галя, Гуля* болып ауысуы да көрінді.

Зерттеу ана тілі қазақ тілі және қазақ тілі мен орыс тілін жетік меңгерген немесе орыс тілінде орташа деңгейде сөйлейтін қостілді азаматтардың қазақша ауызекі сөйлеу тілінде орыс тілі лексикалық бірліктерін өте жиі қолданылатыны анықталды. Себебі, лексикалық жүйе басқа тілдік жүйелерге қарағанда ең ашық жүйе деп есептеледі, сондықтан кірме сөздерді жылдам қабылдайды. Бұл жүйе тілге жылдам кіреді және бейімделеді. Қазақ тілінде сөйлейтін қостілділердің ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық интеркаляция бірнеше ішкі топшаларға жіктеліп, ажыратылды: 1) аудармасы бір ғана сөзбен берілмейтін, түсінуге толық сипаттамасы қажет лексикалық интеркаляция (ремонт, пешеход, студенческий, перегар, т.б.) 2) аудармалары бар, бірақ нақты емес немесе жалпыхалық ол аударманы қабылдағысы келмейтін лексикалық интеркаляция (шампунь, по ходу, смен, уже, т.б.) 3) нақты аудармалары бар лексикалық интеркаляция (парк, мама, папа, тамада, справка, подарок).

Грамматикалық интеркаляция – екінші тілдің әсерінен ана тілінің грамматикалық нормасының бұзылуы. Бұл үйренуші тіл және ана тіліндегі сөздердің синтаксистік байланысы мен синтаксистік құрылымның әдістерімен әр түрлі грамматикалық формаларды теңдестіруден туындайды. Грамматикалық интерференция жалпы тіл білімінде ерекше күрделі және даулы мәселе болып табылады. Грамматикалық интерференция деңгейіне сәйкес интеркаляция да морфологиялық және синтаксистік интеркаляция болып бөлінеді.

Ауызекі сөйлеу тілінде қазақша сөздерге сыпайылық мәнді білдіру, еркелеу мағынасында қазақ сөздеріне орыс тілінің *-ка, -шка* аффиксі жалғанып айтылатындығы, осы тәрізді, қазақ тілінде *-а* септік категориясын қосып қала көшелерінің атын бұзып айтушылық та жиі кездеседі. Сол сияқты, қазіргі уақытта сөздерге орыс тілінің анықтауыштық мағынадағы *-ский* аффиксін қосып қолданушылықпен бірге, сөйлеу тілінде *Алматылықпын* дегенді – *Алматинская* деп қолдану да көрінеді.

Орыс тілінің тек категориясына байланысты жастардың сөйлеу тілінде әйел есімдеріне орыс тілінің *-а, -я* аффикстерін қосып айту (*Ажара, Айгуля, Айнура, Аселя*) да жиі кездеседі. Осындай тек категориясына байланысты орыс тілінің «учитель – учительница», «гражданин – гражданка» сөздеріне

еліктеуден туындаған, *мұғалім-мұғалима, азамат-азаматша* сөздері, сол сияқты әлі күнге дейін қолданылып жүрген *төраға* (атқару комитетінің төрағасы, жиналыстың төрағасы) сөзін, осы қызметті атқарып жүрген әйел адам болса, *төрайым* сөздерін айтуға болады.

Ал синтаксистік интеркаляцияның көбіне аудармамен байланысты екендігі көрсетілді. Орыс тіліндегі сөздердің орысша құрылыммен аударылып, қазақ тілінің сөздік қорына тұрақталып келе жатқан *Зейнетақы жинақтау қоры, жедел аяқ киім жөндеу, ыстық қатпарлы самса, жаңа асүйлік жиһаз* сөздері қате аударылып ауызекі сөйлеу тілінде де жазба тілде де де тұрақталып келе жатқан тіркестер.

II бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тіл қабаттарындағы интеркаляция дегенді қалай түсінесіз?
2. Фонетикалық интерференцияның зерттелуіне тоқталып кетіңіз?
3. Фонетикалық интеркаляция дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
4. Лексикалық интеркаляция ғалымдардың пайымдауынша неше түрге бөлінеді?
5. Екі тілді қатар меңгеруге бола ма, сіз қалай ойлайсыз? Екі тілді қатар меңгеру туралы айтылған пікірлерді қарастырыңыздар.
6. Лексикалық интеркаляцияны қалай түсінесіз? Мысал келтіріңіз.
7. Фонетикалық интеркаляция мен лексикалық интеркаляцияның қатар қолданылуына мысал табыңыз.
8. Сөздердің мағынасының өзгеруі туралы не айтар едіңіз? Мысал арқылы дәлелдеңіз.
9. Грамматикалық интерференцияның зерттелуіне тоқталыңыз.
10. Грамматикалық интерференцияны жүйелеп оқыту қай жылдары қолға алынды?
11. Грамматикалық интеркаляция дегеніміз не?
12. Морфологиялық және синтаксистік интеркаляцияның туындау себебі не деп ойлайсыз?
13. Аталған тілдік көріністерге мысал келтіріңіздер.

ҮШІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОСТІЛДІЛІГІНДЕГІ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ИНТЕРКАЛЯЦИЯНЫҢ КӨРІНУ СИПАТЫН БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІ

Бақылау тіл біліміне арнайы зерттеу әдісі ретінде әлеуметтік лингвистикадан келгені белгілі. Бұл зерттеу әдісі сауалнама, кірістірілген байқау, сұрастырым, интроспекция, тестілеу мен бірге соңғы онжылдықтар арасында кеңінен тараған әлеуметтік-өлшеу әдістеріне жатады. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар, сондықтан олар бір бірін толықтырып, зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға мол мүмкіндік береді. Бақылау әдісінің біздің жұмысымыздың бағытына лайықтығы оның келесі сипаттамаларынан туындайды. Бақылау әдісінің ең ұтымды жағы – материалды жасанды емес, табиғи жағдаяттарда және бақылау нысанындағы сөйлеушілердің назарынан тыс, байқаусыз жинауға мүмкіндік беретіні. Осыдан келесі ұтымдылығын көреміз: жиналған мәліметтердің айқындылығы, шынайылығы, себебі олар табиғи қарым-қатынаста көрініс тапқан деректер. Сондықтан да әлеуметтік лингвистиканың осы әдісін біз масс-медиа тілінде көрініс тапқан интеркаляцияны зерттеуде қолдануды жөн көрдік.

Интеркаляция құбылысы масс-медиа тілінде

Қостілділік жағдатындағы екінші тілдің ана тіліне ықпалы және қазақ ауызекі сөйлеу тіліне орыс тілінің кері әсерін көрсету – жұмысымыздың негізгі мақсаты. Қарастырылып отырған мәселе ауызекі сөйлеу тіліне негізделіп отыр. Соның негізінде, интеркаляция құбылысының масс-медиа тілінде де көрініс беретінін көрсету негізінде «Қазақстан», «Ел арна», «Хабар» теле арналарындағы түрлі хабарларды бақыладық. Медиа сөзі: «(латын тілінде: жаппай, бұқара +media/medium құрал) ағыл. Mass-media – *Бұқаралық ақпарат құралдарымен* (БАҚ) бірдей: баспасөз, кино, телевизия, бейне және ұнтаспалар, үнпарақтар, жарнама, радио, интернет және т.б.» [106, 162 б.]. Медиа – ХХ ғасыр термині. Алғашқыда бұл термин «бұқаралық мәдениет» феноменін белгілеу үшін қолданылған. Сондықтан да, зерттеуші ғалымдар жаңа терминологияны пайдалана отырып, осы терминнің тарихы мен теориясының қайта зерттелуіне мол мүмкіндік ашты. Жаңа феноменнің пайда болуын батыстық Р. Арнхейм, А. Базен, Р. Барт, В. Беньямин, М. Фуно, Ж. Деррида, Ж. Делез, Г. Дебор, Д. Маркузе, М. Маклюэн т.б. ғалымдар зерттеген.

Бұқаралық коммуникация – әрбір елдің ішіндегі және мемлекеттік аппарат пен халық арасындағы ұғымдық қатынастардың дамуына елеулі әсер ететін қазіргі қоғамның маңызды құбылыстарының бірі. Бұқаралық коммуникация қоғамдық тұрмыс, қоғамдық санамен тығыз байланысты болғандықтан, оған әлеуметтік көзқараспен қарау тиімді.

Коммуникация дегеніміз – екі немесе одан көп адамдардың қатынасуымен болатын үдеріс, қатысушылардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы және өзара әсері, өзара қызметі.

Бақылау теледидардағы «Қазақстан» телеарнасындағы «Екі жұлдыз» мега жобасына жүргізілді. Бұл бағдарлама тұңғыш рет 2009 жылдың 26 қыркүйегінен басталып желтоқсан айына дейін өткізілді. Әр сенбі сайын 20:35 және 23:05 арасында болатын «Екі жұлдыз» жобасына біздің қазақстандық шоу бизнес жұлдыздары, саясаткерлер, спортшылар және т.б. қатысады.

Бақылауға осы тележобаны таңдау себебі: қатысушылардың қысылмай, өздерін еркін ұстап, сөйлеуі, ресми бағдарламадағыдай алдын ала дайындалған мәтінді қолданбайтындары, ауызекі сөйлеудің табиғи болуы. Бақылау барысында бірнеше қостілділердің ауызекі сөйлеу тілінде интеркаляция көрінісі айқын шықты.

Американдық «шоу» термині неміс тілінде ән айту, билеу деген ұғымдарды білдірсе, орыс тілінде «әңгіме», «пікірталас» және «көрініс», «спектакль» сияқты сөздерге аударылады. Ток-шоулық бағдарламалардың құрамында осы аталған элементтердің барлығы қамтылады. М.К. Барманқұлов өз еңбегінде [106, 127 б.] «ток-шоу» жанрына ауызша теледидарлық бағдарлама деген анықтама береді.

Ток-шоу бағдарламаларын лингвистикалық тұрғыда мынадай аспектілер арқылы зерттеуге болады: а) теледидарлық сұхбат шеңберінде коммуникацияның жасалу шынайылығын анықтау; ә) сөйлеу актілерін талдау; б) басқа елдердің ток-шоулық бағдарламасымен салыстырмалы түрде зерттеу; в) жүргізушілердің, кейіпкерлердің тілін қарастыру т.б.

Біздің бақылауымыз төртінші аспект, яғни жүргізушілердің, кейіпкерлердің тілін қарастыру болып табылады.

Шоу-думан, көбінесе, сұхбат арқылы құрылады. Осы сұхбатқа негізделген ауызекі сөйлеу тілінде интеркаляция кездескен респонденттер әртүрлі жаста, өз ана тілі қазақ тілін де, онымен қатар қолданылып жүрген орыс тілін де өте жақсы меңгерген. Бұл қостілділер алдын ала дайындалмаған, жағдаятқа сәйкес бірден жауап береді. Мысалы:

- *Мені **подводит** етпейін деп Фани аға барын салып дайындалып жүр (Т.З., әнші)*

Бұл сөйлемде *подводить етпейін деп* деген тіркесті байқауға болады. Орыс тілінің *подводить* етістігіне қазақ тіліндегі *ету* көмекші етістігі тіркесіп тұр. «*Подводить*» сөзінің осы контекстегі мағынасын білдіретін қазақ тіліндегі «*қолайсыздыққа ұшырату*» [100, 245 б.] деген баламасының әншінің аузына бірден түспеуінің түрлі себептері болуы мүмкін. Біріншіден, сахнада тұрғанда дайындалмай, сұраққа тез және есте қалатындай маңызды да, өткір де, шешендік өнеріне сай жауап беру әркімнің қолынан келе бермейді. Екіншіден, жауап берушінің жеке басындағы сөздік қорында бұл лексеманың болмауы да мүмкін, өйткені бұл ауызекі емес, жазбаша тілге жататын бірлік. Дәл осы жағдаятта автор (Т.З.) орыс тілін білетіндігін көрсеткісі келді дей алмаймыз. Сонда жоғарыда келтірілген мысалымызды *Мені қолайсыздыққа ұшыратпайын деп Ғани аға барын салып дайындалып жүр немесе Мені қолайсыз жағдайға ұшыратпайын деп Ғани аға барын салып дайындалып жүр* деп айтуға болады.

- *Бұрын Ресейлік бағдарламаларды көріп отырғанда неге жылайды екен, это же шоу деп ойлайтын едім. Шын мәнінде қимайды екенсің (С.М, әнші).*

Бұл келтірілген мысалда *это же шоу* деген синтаксистік интеркаляцияны байқаймыз. «*Шоу*» сөзі қазақ тілінің ешқандай сөздігінде жазылмаған, неологизмдерге жатады. Бірақ сөйлемде беріп тұрған негізгі мағынасы: «*жай гана сахналық көрініс қой, ойын зой*» деген мағынада. Автор (С.М.) тек «шоу» сөзін қолданса, бұл неологизмнің қазақша ұтымды баламасы әлі кеңінен тарамағандықтан дер едік. Бірақ, бұл кірме сөз орыс тіліндегі «это же шоу» деген сөйлемді ерте келді, сондықтан сөйлеуші қазақ тілінде таза сөйлеуді көздемей, жеңіл жолмен орысша сөйлемді қоса салды деп ойлаймыз. Бұл жерде *Бұрын Ресейлік бағдарламаларды көріп отырғанда неге жылайды екен, бұл жай гана шоу зой деп ойлайтын едім* деп айтуға да болады.

- *Негізінен, вообще шынын айтқанда екеуінің номері маған қатты ұнады (А.Р., ректор)*

Бұл сөйлемде қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін *вообще* сөзі қолданылған. *Вобщем* сөздікте «1. жалпы алғанда, жалпы айтқанда; 2. әрқашан, әрдайым, қашанда болса; 3. жалпы, тіпті, дұрысын (шынын) айтқанда» деп аударылған [101, 1-том]. Осы сөйлеуші (А.Р.) де сөйлеудің мазмұнына басым көңіл бөліп, оның тілдік сипаты назарынан тыс қалып отыр. Бұл сөйлемді сонда «*Негізінен, жалпы шынын айтқанда екеуінің номері маған қатты ұнады*» деп айтқан дұрыс.

- *Әрбір өлеңде әртүрлі образ жасауға тырысып жүрміз (Л.К., актриса)*

Бұл жерде *образ* сөзін көруімізге болады. Ал *образ* сөзіне тоқталатын болсақ, қазақ тіліндегі аудармасы – *бейне, өң, тұрпат* [100, 263 б.]. Айтылған сөйлемдегі «*образ*» сөзіне қазақша «*бейне*» баламасы дәл келсе де, актриса өзінің кәсіби іс-әрекетінде жиі қолданылатын кірме сөзді қолданды. Біздің

ойымызша, бұл театр саласында термин қызметін атқаратын кірме сөздің жиілігін көрсетеді. Сонда бұл сөйлемді «*Әрбір өлеңде әртүрлі бейне жасауға тырысып жүрміз*» деп қолданғанымыз өте орынды.

- *Мая, по секрету айтайын саған дайындық аз болып қалды* (Б.Т., әртіс), - деген сөйдемімізде *по секрету* деген бөтен элементті байқаймыз. *Секрет* сөзінің баламасы – құпия, жасырын, сыр [101, 2-том]. Ал *по* дегеніміз орыс тіліндегі сөздердің алдынан келетін көмекші сөз. Қазақша сөйлемде «*по секрету*» деген орысша үзіндінің кездесуі автордың өз сөзін қадағалап, таза сөйлеуге ұмтылмағанын көрсетеді. Сонда, бұл сөйлемді *Мая, құпия түрде айтайын саған дайындық аз болып қалды* деп айтсақ, сөйлемнің мағынасы еш өзгермейді немесе оның орнына сөйлемді басқаша құрып, дәл сол мағынаны білдіруге де болады: ***Шынымды айтсам, дайындық аз болып қалды.***

- *Әділқазылар алқасы біздің пляжға барып көрмегенімізді біліп қойды. Бірақ осы жобаның арқасында пляжға да, басқаға да барып жатырмыз. Жобаға рахмет!* (Б.Т., әртіс)

Ал бұл қолданылған сөйлемдегі бөтен элемент – *пляж*. *Пляж* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы – *жағажай* (суға түсуге бейімделген, шомылуға, күнге қыздырынуға қолайлы жер, құмды тайыз жаға) [101, 2-том]. «*Жағажай*» сөзі де қазақ тілінде егемендік алғалы қолданылып жүр, сондықтан кеңінен тараған лексикаға жатпайды. Оған дәлел – осы әртістің сөзінде байқалған «*жағажай*» емес, «*пляж*» қолданысы. Сонда, бұл сөйлемдегі *пляж* сөзіне *жағажай* баламасын қойып, *Әділқазылар алқасы біздің жағажайға барып көрмегенімізді біліп қойды деп* қайта қарасақ, сөйлемнің мағынасы сол күйінде қалады.

- ***Только романтикадан құралған өлең екен*** (Б.И., әртіс)

Бұл айтылған сөйлемде *только* және *романтика* деген екі орысша сөз қолданылып айтылып тұр. *Только* сөзінің баламасы сөздікте «тек, тек қана, разг. өңкей, өңшең» [99, 1013 б.] деп жазылған. Ал *романтика* сөзі қазақ тілінде де *романтика* болып қолданылады. Қазақша ауызекі сөйлеу кезінде осы үзіндінің қолданылуы, әсіресе, «тек» сөзінің орнына «только» лексеманың тұрғаны оның қазақша баламасын білмегендіктен немесе оның ұзын, шұбатылған құрылымы емес, сөйлеушінің өзін өзі қадағаламай, оңай жолға түсіп кетуі, деп санаймыз. Сонда жоғарыдағы сөйлем «***Тек қана романтикадан құралған өлең екен***» деп айтылады.

- *Жай ғн айтқан бөлек екен де, сценаға шығып выступатъ еткен мүлдем бөлек нәрсе екен* (Т.Б, депутат)

Бұл сөйлемде де екі бөлек элемент байқалады: *сцена* және *выступат ету*.

Сцена сөзінің баламасы *сахна, көрініс* [99, 990 б.]. Ал *выступать* сөзінің аудармасы «4. (көпшілік алдында) өлең айту, сөз сөйлеу, орындау; выступить на сцене – сахнаға шығу» [101, 1-том]. Интеркаляция себебі тіл байлығында, сөздік қордың жетіспеуінде емес – сөйлеушінің жеке басында. Енді сөйлемді таза қазақ тілінде «*Жай ән айтқан бөлек екен де, сахнаға шығып ән айту мүлдем бөлек нәрсе екен*» деп қолданғанымыз өте орынды.

- *Біз, жанымда отырған сіңлім екеуміз, керемет пара екенімізді білеміз және сенеміз (Л.К., әртіс)*

Бұл сөйлемдегі бөтен элемент *пара* сөзі де жиі айтылатын сөздердің бірі. *Пара* сөзінің аудармасы – *қос, жұп, екі* [99, 604 б.]. Ал жоғарыда келтірілген мысалымыздағы *пара* сөзіне *жұп* сөзі дәл балама бола алады: «*Біз, жанымда отырған сіңлім екеуміз, керемет жұп екенімізді білеміз және сенеміз*».

- *Например, маған Ләйланың өлең айтқаны ұнады / Жақсы, бірақ, почему-то, маған алдыңғы айтқан өлеңі ұнаған еді (Е.Х., әнші)*

Бірінші сөйлемде қолданылып отырған *например* сөзінің баламасы – мысалы. Ал екінші сөйлемдегі *почему-то* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы сөздіктерде *бір себептен* деп берілген. Ал жоғарыдағы сөйлемде айтылған *почему-то* сөзі *неге екені белгісіз* деген мағынада қолданылып тұр. Бірінші, қазақша баламасы жиі қолданыстағы «*напримен*» сөзінің қазақша сөйлемге кіріп кетуі, біздің түсінігімізде, автордың өз тіліне мән бермей сөйлеуі болса, «*почему-то*» сөзінің баламасы тым ұзақ болғандықтан деуге болар еді, бірақ сахнадан миллиондаған телекөрермендердің алдында сөйлеуіне қалай болса солай қарағандықтан пайда болған кірме деген ойдамыз. Мысалдарға қазақ тіліндегі баламаларды қойып, қайта қарастыратын болсақ, *Мысалы, маған Ләйланың өлең айтқаны ұнады / Жақсы, бірақ, неге екені белгісіз, маған алдыңғы айтқан өлеңі ұнаған еді* деген мағыналары еш өзгермеген сөйлемдер пайда болады.

Жоғарыда келтірілген қазақша жүргізілген тікелей эфирден алынған мысалдарда кездесіп отырған орыс сөздерінің бәрінің нақты баламалары бар, бірақ біздің белгілі адамдарымыз сахнада сөйлеу кезінде осы элементтерді қолданатыны бақылау барысында белгілі болды. Біздің пайымдауымызша, оның түрлі себептері бар: психологиялық (сахнада жылдам және орнықты, саспай жауап беру), тілдік (кейбір сөздердің баламалары жоқ: мысалы, романтика), кейбір сөздердің баламалары жаңадан пайда болып, күнделікті сөйлеу тіліне әлі кеңінен енген жоқ: мысалы, жағажай), жеке тұлғалық (баламасы болса да, әдеттегідей, өз тіліне, оның дәл, дұрыс, таза келуіне мән бермей, қадағаламай сөйлеу).

Әлеуметтік жағдаяттағы интеркаляция (кірістірілген байқау негізінде)

Қазақ-орыс қостілділігіндегі интеркаляция мәселесі – қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі. Қостілділердің қазақша сөйлеу тіліндегі кездесетін интеркаляция құбылысын зерттеу көпқырлы кешенді ыңғайды талап етеді. Тілдегі интеркаляция құбылысының қазақ тілінің «сөйлеу нормасы» болып қалыптаса бастауы о баста тілді тең тұтынбау мен тең қолданбаудан келіп шыққан құбылыс деуге болады. Қазақ-орыс қостілділігіндегі интеркаляцияны зерттеу барысында қостілділер күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде орыс сөздерін жиі қолданылатындығы байқалды. Мысалы: *Полга не төккенсіңдер? Қай остановкаға барасың? Кешке ресторанға барамын; Сенің походқаң бір түрлі көрінеді; Приглашенный билет қаншадан екен? Стиральныйды қостың ба? Последнийін жаттамадым; Бүгін таңертең страшно қатып қалдым* т.б. Жоғарыда келтірілген мысалдарды күнбе-күн әр жерлерден естуге болады. Қоғамдық ортада қостілділердің қазақша сөйлеу тілінде әр түрлі себептерге байланысты тілдік норманың ауытқулары пайда болады. Бұл құбылыстың көрінуіне белгілі бір экстралингвистикалық факторлар әсер етіп, соның есебінен тілдің қолданылуы барысында интеркаляция мәселесі туындап отыр. Аталмыш құбылыс тілдің өзіндік ішкі қасиеті болғанымен оның пайда болуына түрліше әлеуметтік себептер әсер етуі мүмкін. Сондықтан қоғамдық құбылыс болып табылатын интеркаляцияны зерттеу – тіл білімі ғылымы мен әлеуметтану ғылымының бірлесе шешетін мәселесі.

Қазақ тіліндегі әлеуметтік лингвистикалық өзгермеліліктерді зерттеуге арналған материалды жинастыруда бірнеше әдістің кешені қолданылды. Ақпаратты жинаудағы кешенді әдістеме сапа мен сыпаттылықты, жарамдылық пен сәйкестілікті анықтауға бірден мүмкіндік береді. Қолданылған әдістер төмендегідей:

1. Жартылай стандартты сұхбат әдісі;
2. «Кірістірілген байқау» әдісі;
3. «Жасырын жазбалау» әдісі.

Қазақ тілінде сөйлеушілердің сөйлеу тілінде кездесетін интеркаляциялық бірліктерді анықтауда әлеуметтік лингвистикалық ақпаратты алудың негізгі тәсілдерінің бірі кірістірілген байқау болды. «Кірістірілген байқау – байқаудың бір түрі; бұндай жағдайда зерттеуші өзі бақылайтын әлеуметтік топтың, әлеуметтік желінің, микроәлеуметтік қауымдастықтың мүшесі болады. Кірістірілген байқау белгілі бір дәрежеде байқаушы парадоксын жеңуге ықпал етеді» [107, 138 б.]. Бақылау ұнтаспаға жазу арқылы жүргізілді. Жазылған материалдар компьютерге көшіріліп, қайта тыңдалып, талданды.

Информант ретінде С. Демирел атындағы университет студенттері, А. және Қ. отбасы мүшелері және көлікте, дүкенде т.б. қоғам орындарында түрлі жағдаяттарға байланысты кездескен қостілді тұлғалар алынды. Жұмыста бақыланған қостілділердің сұхбаттары бейресмилік деңгейде құралуы мақсат етілді. Бақылау барысында сөйлеушінің бейқам, өзін-өзі қадағаламай сөйлеуінде немесе әңгіме тақырыбына сәйкес эмоционалды күй-қалпының өзгеруіне байланысты сөйлеу тіліндегі интеркаляциялық бірліктердің жиілігі анықталды.

а) С. Демирел атындағы университет кітапханасында. Жасы 50-лердегі университет кітапханашысы мен 2-курс студенті:

Студент: - Апай, сәлеметсіз бе? Есть Калкус

Кітапханашы: - Иә, бар. Берейін бе?

Студент: - Иә, беріңізші.

Кітапханашы: - Документің қайда?

Студент: - Міне апай

Кітапханашы: - Не, студенческий жоқ па?

Студент: - Есть

Кітапханашы: - Енді бермейсің бе?

Студент: - Апай, просто входта сұрайды ғой, керек болады

Кітапханашы: - Айтасың да, библиотекада деп. Әкел

Студент: - Ой, жарайды, мәңіз

Кітапханашы: - Мә, осы жерде оқуға аласың ба, үйге ме?

Студент: - Үйге, апай

Кітапханашы: - Онда, ана жерге жазып кет...

Бұл келтірілген екі адамның сұхбатынан *есть, документ, студенческий, просто вход, библиотека* деген сөздерді байқауға болады. Бұл қолданылған сөйлемдер қазақ тілінде : *есть – бар ма?*, *документ – құжат*, *студенческий билет – студенттік билет*, *просто – жай*, *вход – кіреберіс*, *библиотека – кітапхана* деп қолданылады. Енді осы сөздерді сұхбатқа қойып қарап көрейік:

Студент: - Апай, сәлеметсіз бе? Калкус бар ма?

Кітапханашы: - Иә, бар. Берейін бе?

Студент: - Иә, беріңізші

Кітапханашы: - Құжатың қайда?

Студент: - Міне апай

Кітапханашы: - Не, студенттік билетің жоқ па?

Студент: - Бар

Кітапханашы: - Енді бермейсің бе?

Студент: - Апай, жай кіреберісте сұрайды ғой, керек болады

Кітапханашы: - Айтасың да, кітапханада деп. Әкел

Студент: - Ой, жарайды, мәңіз

Кітапханашы: - Мә, осы жерде оқуға аласың ба, үйге ме?

Студент: - Үйге апай

Кітапханашы: - Онда ана жерге жазып кет...

Бұл қолданылған орысша сөздер де бұрыннан пайдаланылып келе жатқан сөздер. Бірақ бақылау барысында сөйлескен екі адам да қазақ тілінде бар сөздерді орыс тіліндегі сөздермен алмастырып қолданды.

ә) С. Демирел атындағы университеттің көшірме жасайтын жерінде. Бұл жерде тек көшірме ғана жасамайды, күнделікті сабаққа қажетті құралдар мен кітаптар да сатады. Бақылауға қатысқан қостілді адамдардың бірі көшірмеде жұмыс жасайтын қыз. Оның жасы, шамамен, 22-23-те, ал студент 20 жас шамасында. Екеуі де орыс тілін де, қазақ тілін де өте жақсы білетін адамдар.

Студент: - Апай Смирнова бар ма?

Апай: - Бар

Студент: - Сколько?

Апай: - Жеті жүз

Студент: - Дайте, и еще бір максрайтер беріңізші, көгінен

Апай: - Максрайтер только қызылы ғана бар, басқа жоқ

Студент: - Ладно, керек емес, Смирнованы ғана беріңізші, вот возьмите...

Бұл шағын ғана сұхбаттан біз бірнеше бөтен элементтерді байқаймыз. Мысалы: *сколько, дайте, и еще, только, ладно, вот, возьмите*. Бұл сөздер қазақ тілінде: *сколько* – қанша, *дайте* – беріңізші, *и еще* – және тағы да, *только* – тек, *ладно* – жақсы, *жарайды*, *вот* – міне, *возьмите* – алыңыз деп айтылады. Енді осы сөздерді қайта қойып қарап көрейік:

Студент: - Апай Смирнова бар ма?

Апай: - Бар

Студент: - Қаншадан?

Апай: - Жеті жүз

Студент: - Беріңізші, және тағы да бір максрайтер беріңізші, көгінен

Апай: - Максрайтердің тек қызылы ғана бар, басқа жоқ

Студент: - Жарайды, керек емес, Смирнованы ғана беріңізші, міне, алыңыз...

Келтірілген сұхбатқа қазақ сөздерін қойғанымен сөйлемдердің мән-мазмұны еш өзгермеді. Бұл жердегі мысалдарда қолданылған сөздер қазақ тілінде үнемі қолданатын сөздер, бірақ екі қостілді қазақша сөйлеуде орыс сөздерін араластырып қолданды.

б) Автобуста: Бақылау барысында қатысқандар 30- дардағы кондуктор жігіт пен 40 шамасындағы әйел адам:

- *Мынау двадцать седьмой ма?*

- *Иә, куда вам?*

- *Водобозарныйға бара ма? Как он едет? Бұрыла ма или...*

- *Иә, барады. Садитесь. За проезд пригатовьте, студенческийлерімізді алдын ала дайындаймыз. Показываем, ашып көрсетеміз!*

36-38 шамасындағы әйел: *Қазіргі жастарда нет ни совести, ни стыда. Орын бермейсіңдер ме? Встали бы, уступили бы место бабушке, өтірік ұйықтамай. Вообще, когда-то біз автобусқа үлкен адам кіргенде бәріміз место уступали. Сейчас, бұның бірін де көрмейміз...*

Бұл жердегі мысалда қолданылып тұрған сөздер мен сөйлемдер: *двадцать седьмой, куда вам?, как он едет, или, садитесь, за проезд пригатовьте, показываем, нет ни совести, ни стыда, встали бы, уступили бы место бабушке, вообще, когда-то место уступали, сейчас.* Мысалда қолданылған интеркаляцияның мағыналарына қарай қазақ тіліндегі сөздерді қарастырсақ: *двадцать седьмой* – жиырма жеті, *куда вам* – сізге қай жерге, *как он едет* – қалай жүреді, *или* – немесе, *садитесь* – отырыңыз, *за проезд пригатовьте-жолақысын дайындаймыз, показываем* – көрсетеміз, *нет ни совести, ни стыда* – ұят та, ар да жоқ, *встали бы, уступили бы место бабушке* – тұрып, үлкен адамға орын бермейміз бе, *вообще* – негізінде, *когда-то место уступали* – кезінде орын беретінбіз, *сейчас* – қазір. Ал енді осы сұхбатқа қазақ тіліндегі сөздерді қойып қайта қарыстырайық:

- *Мынау жиырма жеті ме?*

- *Иә, сізге қай жерге?*

- *Водобозарныйға бара ма? Қалай жүреді? Бұрыла ма немесе...*

- *Иә, барады. Отырыңыз (мініңіз). Жолақысын дайындаймыз, студенттік билеттерімізді алдын ала дайындаймыз. Ашып көрсетеміз!*

- *Қазіргі жастарда ұят та, ар да жоқ, Орын бермейсіңдер ме? Тұрып, үлкен адамға орын бермейміз бе, өтірік ұйықтамай. Негізінде бір кездері біз автобусқа үлкен адам кіргенде, бәріміз орын беретінбіз. Қазір, бұның бірін де көрмейміз...*

в) С. Демирел атындағы университеттің қазақ филологиясы факультетінің 1-курс студенттерінің дәрісханада сөйлесуі:

1-оқиға

- 1) *Сәлем, как дела?*

- 2) *Привет, жақсы! Сама как?*

- 1) *Мә, үй жұмысын жасадың ба, сегодня обязательно тексереди зой.*

- (2) *Иә! Жасадым. Бірақ бір жерін білмей қалдым да и сенен хотела сұрауға*
- (3) *Привет, қыздар! Қалайсыңдар? Что делаете?*
- (4) *Сәлем, девчонки! Қалайсыңдар? Сабақ істедіңдер ме? Дайте мне бір минутқа, жазып алайын.*
- (3) *Да! Маған да, тез көшіріп алайыншы, пожалуйста*
- (4) *Спасибо, үлкен, үлкен!*
- (3) *Рахмет, благодарю!*

Бақылауымыздың нәтижесінде студенттердің өзара сөйлесуінде де бірнеше бөтен элементтерді көреміз. Бұл қыздардың бәрі ауылдан келгендер, бірақ бір-бірімен *как дела, привет, сама как?, сегодня, обязательно и, хотела, что делаете, девчонки, дайте мне, да, пожалуйста, спасибо, благодарю* деген тәріздес орыс сөздерін өте көп қосып сөйлеседі. Айтылған орыс сөздерінің бәрінің қазақ тілінде баламалары бар, күнделікті қолданылатын қарапайым сөздер. *Как дела – қалың қалай, қалайсың, привет – сәлем, сама как – өзің қалайсың, сегодня – бүгін, обязательно – міндетті түрде, и – және (бұл мысалда и соны деген мағынада айтылған), хотела – тілеу, қалау, істегісі келу, что делаете – не істеп отырсыңдар, девчонки – қыздар, дайте мне – маған беріңдерші, да – иә, пожалуйста – өтінемін, спасибо – рақмет, благодарю – алғыс айту, ризалық білдіру, рақмет.*

Қазақ тіліндегі баламаларын қойып, сұхбатты қайта қарап көрейік:

- (1) *Сәлем, қалайсың?*
- (2) *Сәлем, жақсы! Өзің қалайсың?*
- (1) *Мә, үй жұмысын жасадың ба, бүгін міндетті түрде тексереді зой.*
- (2) *Иә! Жасадым. Бірақ бір жерін білмей қалдым да соны сенен сұрағым келіп еді*
- (3) *Сәлем, қыздар! Қалайсыңдар? Не істеп отырсыңдар?*
- (4) *Сәлем, қыздар! Қалайсыңдар? Сабақ істедіңдер ме? Маған да бір минутқа беріңдерші, жазып алайын.*
- (3) *Иә! Маған да, тез көшіріп алайыншы, өтінемін!*
- (4) *Рақмет, үлкен, үлкен!*
- (3) *Рақмет (рақмет сөзі қолданылған екі рет қайталаудың қажеті жоқ)*

2-оқиға

- *Кім вчера «2012» деген кино көрді?*
- *Блин, қыздар, күшті кино! Вообще! Шынымен көріңдер!*
- *Да ну! Сондай ма не?*
- *Конец света болады, сол туралы. Прикинь су мен вулкан бір-біріне қарама-қарсы келеді де, ужас болады.*

Бұл жердегі шағын сұхбатта да бірнеше бөтен элементтер байқалады. Мысалы: *Вчера, блин, вообще, да ну, конец света, прикинь, ужас*. Бұл жерде интеркаляциямен бірге сленг сөздер де қолданылған. Сленгтерді жастар ауызекі сөйлеу тілінен өте көп кездестіретініміз белгілі. Енді осы сөздердің баламалары мен білдіретін мағыналарына тоқталатын болсақ: *вчера – кеше, блин – бұл жерде таң қалу мағынасында қолданылып тұр, вообще – мүлдем, да ну – қойшы, конец света – ақыр заман, прикинь – бұл сөз де сленгке жатады, қызық, керемет, сенімсіз деген мағынада қолданылған, ужас – қорқынышты*. Енді мысалдағы кездескен орыс сөздерін қазақша сөздермен алмастырып қайта қарайық:

- *Кім кеше «2012» деген кино көрді?*
- *Мә, қыздар, күшті кино! Керемет! Шынымен көріңдер!*
- *Қойшы! Сондай ма не?*
- *Ақыр заман болады, сол туралы. Сенесің бе су мен вулкан бір-біріне қарама-қарсы келеді де, қорқынышты болады.*

г) Отбасындағы әңгіме

1-оқиға. Отбасындағы отағасы мен отанасының әңгімесі. Университеттерін бітіргеннен бері Алматы қаласында тұрады. Орыс тілін де, өз ана тілдері – қазақ тілін де жақсы біледі, отағасы 43 жаста, ал отанасы 40 жаста:

- *Кеше ана аптекаға барып көріп едім, дым дұрыс дәрі жоқ. Вообще аптекаға ұқсамайды да зой! Еңге келіңіз бізде лекараствалардың бәрі бар деп қояды*

- *Қай аптека? Анау Васялар тұратын дом жақта ма?*

- *Иә. Потом ол жақтан шығып, анау бір сол Васялардың домынан кейінгі переулок жақтағы аптекадан алдым*

- *Әйтеуір, алсаң болды зой. Нормально ма, бәрін қарап алдың ба? Срогын қарадың ба?..*

Отбасындағы екі адамның сөздерінің өзінде де бірнеше бөтен элементтерді байқаймыз. Мысалы: *аптека, вообще, еңге, лекараства, дом, потом, переулок, нормально, срок*. Қолданылып тұрған бөтен элементтердің бәрінің баламалары бар: *аптека – дәріхана, вообще – мүлдем, еңге – тағы, лекараства – дәрі, дом – үй, потом – содан кейін, сонан соң, переулок – тұйық көше, көлденең көше, нормально – жақсы (келтірілген мысалда дұрыс па деген мағынада қолданылған), срок – мезгіл, мерзім*.

Енді жоғарыда келтірілген сұхбаттағы бөтен элементтердің қазақ тіліндегі баламаларын қойып қайта қарайық:

- Кеше ана дәріханаға барып көріп едім, дым дұрыс дәрі жоқ. Мүлдем дәріханаға ұқсамайды да зой! Тағы келіңіз бізде дәрілердің бәрі бар деп қояды

- Қай дәріхана? Анау Васялар тұратын үй жақтағы ма?

- Иә. Содан кейін ол жақтан шығып, анау бір сол Васялардың үйінен кейінгі көше жақтағы дәріханадан алдым

- Әйтеуір, алсаң болды зой. Дұрыс па, бәрін қарап алдың ба? Мерзімін қарадың ба?..

2-оқиға

Әпкесі мен ағасы арасындағы әңгіме. Әпкесі 21 жаста, інісі 20-ларда:

- Мам, менің қара шалбарымды үтіктеп бере салыңызшы. Мен қазір встречаға барайын деп жатырмын. Мен пока жуынып алайын.

- Ой, костюмдарыңды үтіктеп свиданкаға кетейін деп жатсың ба не?

- Ой, мен сияқты деловой жігіт анау-мынау свиданкаға бармайды зой!

- Ей, серьезно қайда барайын деп жатсың?

- Жай кездесуім бар. Нормально болып тұр ма?

- Күшти, күшти! Ей не бойся қыздар қарайды

Бұл сөйлемдердегі кездескен сөздердің аудармалары Мам – анашым, ана (бірақ қазіргі уақытта көп адамдар мама сөзін қолданады), встреча – кездесу, пока – әзірге (сөйлемде оған дейін деген мағынада қолданылған), свиданкаға – қызбен кездесу, деловой – іскер, серьезно – шынымен, Нормально – жақсы, не бойся – қорықпа. Қазақ тіліндегі баламаларын қойып қарасақ, сөйлемнің еш мағыналары өзгермейді:

- Мам, менің қара шалбарымды үтіктеп бере салыңызшы. Мен қазір кездесуге барайын деп жатырмын. Мен оған дейін жуынып алайын.

- Ой, костюмдарыңды үтіктеп қызбен кездесуге кетейін деп жатсың ба не?

- Ой, мен сияқты іскер жігіт анау-мынау кездесуге бармайды зой!

- Ей, шынымен қайда барайын деп жатсың?

- Жай кездесуім бар. Жақсы болып тұр ма?

- Күшти, күшти! Ей қорықпа қыздар қарайды

3-оқиға

Әпкесі мен ағасы арасындағы әңгіме. Әпкесі 21 жаста, інісі 20-ларда:

- Блин, мына грипп надаел. Страшно мұрным бітеліп, демала алмай жүрмін. Бір какой-нибудь от гриппа дәрі или таблетка беріңдерші бар ма?

- Мынаны көрші, не знаю действовать тебе, епей ме?

- Бұл таблетканы кім принимать еткен

- Алдында папам тоже ауырды зой, сол кезде принимать еткен, по моему осы лекарствадан кейін жақсы болды,

Бұл сөйлемдердегі бөтен элементтер *блинь, грипп, страшно, какой-нибудь от грипа, незнаю действовать ете ме, принимать еткен, папам тоже, по моему, лекарства.*

Мысалда кездескен сөздер мен сөз тіркестерінің баламалары *блинь – сленг, бұл жерде шаршау мағынасында қолданылып тұр, грипп – тұмау, надаел – шаршатты, страшно – қатты, ете, какой – нибудь от грипа – қандай да бір тұмауға қарсы, или – немесе, незнаю действовать ете ме – білмеймін әсер ете ме, принимать еткен – қолданған, папам тоже – әкем де, по моему – меніңше, лекарства – дәрі.*

Енді осы баламаларды жоғарыда келтірілген сұхбатқа қайта қойып көреміз:

- *Ту, мына тұмау шаршатты. Қатты мұрным бітеліп, демала алмай жүрмін. Бір қандай да бір тұмауға қарсы дәрі немесе таблетка беріңдерші, бар ма?*

- *Мынаны көрші, әсер ете ме, етпей ме білмеймін?*

- *Бұл таблетканы кім қолданды*

- *Алдында әкем де ауырды ғой, сол кезде қолданған, меніңше осы дәріден кейін жақсы болды.*

д) Дүкенде. Сатушы шамамен 40-41 жасар әйел мен сатып алушы 20 жасар қыз арасындағы шағын әңгіме:

- *Тәте, маған бір кило морковь өлшеп беріңізші (20 жас)*

- *Қандай? Бізде Павлодарский красный марковь бар и мытый марковь бар. Қайсысын берейін, қызым? (40-41 жас)*

- *Маған мына павлодарский марковьтан бере салыңыз. Рақмет!*

- *Пожалуйста, қызым*

Бұл шағын әңгімеден де біз бірнеше бөтен сөздерді байқаймыз. Мысалы: *марковь, павлодарский красный марковь, и, мытый марковь, пожалуйста.* Бұл сөздердің қазақ тіліндегі баламасы *марковь – сәбіз, павлодарский красный марковь – павлодардың қызыл сәбізі, и – және, мытый марковь – жуылған сәбіз, пожалуйста – мархабат (бұл сөзді мархабат деп қолданатын адамдар өте сирек).* Енді баламаларды қойып қарайық:

- *Тәте, маған бір кило сәбіз өлшеп беріңізші*

- *Қандай? Бізде Павлодардың қызыл сәбізі бар және жуылған сәбіз бар. Қайсысын берейін, қызым?*

- *Маған мына Павлодардың сәбізінен бере салыңыз. Рақмет!*

- *Мархабат, қызым.*

Бақылау барысында байқағанымыздай, қазақша ауызекі сөйлеу барысында қостілді адамдардың көбі барлық жағдайда да орыс тілінің кейбір сөздерін қосып сөйлейді. Бұл сөздерді қолданудың бірнеше себептері бар:

біріншіден, қоғамға байланысты көп ұлтты ел болғандықтан, қазіргі кезде күнделікті қарым-қатынаста орыс тілі мен қазақ тілі аралас қолданылады; *екіншіден*, кейбір адамдар кей сөздердің аудармалары нақты еместігінен қолданады (мысалы: пешеход, шампунь, перегар, ...); *үшіншіден*, студент жастарымыз ауылдан енді келгендіктен, өздерінің ауылдан келгенін білдірмес үшін қалалық екенін көрсету мақсатымен тілді қатты шұбарлап сөйлей береді; *төртіншіден*, кейбір орыс тіліндегі сөздер өте ертеден қолданылып келе жатқандықтан, әдетке айналып кеткен (мысалы: *телевизор, бензин, пылесос, шашлык, пиво, самолет* т.б.)

Орыс тілінің қазақ тілінен қолданылу деңгейінің жоғары болғанына байланысты қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті мүлдем бұзылды деп айта аламыз. Ауызекі сөйлеу тілінде интеркаляциялық бірліктерді қолданбаймын деп айтатын адам жоқтың қасы. Осыдан-ақ қазақ сөйлеу мәдениетінің қаншалықты деңгейде екендігін байқауымызға болады. Аталған интеркаляция құбылысын жою үшін біз Қазақстанда ең алдымен тіл мәдениетін көтеруіміз қажет. Бұл мәдениеттің бастамасы – балабақша мен мектеп. Сөйлеу нормасын қалыптастыруды балабақша балалары мен мектеп оқушыларынан бастағанмыз орынды. Мектеп бағдарламасына сөйлеу мәдениетіне байланысты қосымша пәндер енгізілсе немесе осыған байланысты мектеп аралық, аудан аралық, тіпті республика аралық әр түрлі іс шаралар ұйымдастырылса және де жоғары оқу орындарындағы барлық мамандық иелеріне де осындай арнайы пәндер енгізілсе қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті көтеріледі.

Қостілділердің қазақша сөйлеу тіліндегі интеркаляция құбылысы

Қазіргі Қазақстан жерінде қазақ-орыс, қазақ-ағылшын, қазақ-түрік және т.б. қостілдіктің түрлі қыры даму үстінде. Аталған құбылыстың пайда болуы мен қалыптасуын сипаттап, болашағын бағдарлау үшін тіл білімі мен әлеуметтану ғылымын бірлесе қарастыруымыз қажет. Екі тілдің қарым-қатынасы негізінде тіл айырмашылықтарына байланысты тілдің нормадан ауытқуы жиі кездесетін құбылыс. Қазақстанда қазақ тілінен орыс тілінің қолданылу аясының жоғары болғандығынан, қазіргі күні де екі тілдің тең дәрежеде қолданылып жүргендігіне байланысты қазақша ауызекі сөйлеу тілінде орыс сөздерін араластырып қолдануды байқаймыз. Бұл құбылыс тіл білімінде интеркаляция құбылыс деп аталады.

Әлеуметтік лингвистиканың қарастыратын күрделі мәселесі – тілдік орта. Тілдік орта халық тілінің өмір сүруінің қажеттілігін теориялық-практикалық мәнін, әлеуметтік қызметінің сан-салалы қызметін атқарады. Осы ортадағы қостілділердің қазақша сөйлеу барысында аталған

интеркаляциялық бірліктерді қаншалықты деңгейде қолданылатындығын анықтау мақсатымен кірістірілген байқау әдісі жүргізілгендігі туралы жоғарыда көрсетілді. Осы бақылау барысында қазақша сөйлеу тілде қазақтардың интеркаляциялық бірліктерді көп қолданылатындығы анықталды. Қолданыс аясы жоғары бірліктердің қатарына *ремонт, зарплата, аптека, зонтик, магазин, остановка, шашлык, телевизор, пробка, холодильник, шампунь, очки, порошок* т.б. есім сөздерді қосуға болады. Аталған бірліктерге қосымша *конкретно, всегда, случайно, вообще, именно, срочно, пожалуйста, уже, спокойно, даже, еще, пока* тәрізді интеркаляцияға ұшыраған сөздерді де байқаймыз.

Аталған бірліктерді қостілділердің қазақша сөйлеуде сөз арасына не себепті пайдаланатындықтарын білу мақсатымен біз сауалнама жүргізуді жөн көрдік.

Әлеуметтік лингвистикада сауалнама әдісі сынақ-тексеруден өтіп, өзін тиімді зерттеу әдісі ретінде көрсеткені белгілі. Оның ұтымды жақтары: бірден көп адамнан мәлімет алуға мүмкіндігі, өткізу мерзімінің жылдамдығы, тек жауаптардың өзін ғана жинап, респонденттердің аты-жөнін анықтаудың қажеті жоқ екені және жауаптардың шынайылығы.

Сауалнаманың сұрақтарын өз жұмысымыздың мақсаты мен міндеттеріне сай қылуға және сұрақтың тым көп болмауына, жауап берушінің қиналмауына, уақыттарын көп алмауға мән бердік. Сауалнамаға жалпы 500-дей адам қатысты. Сауалнама 2009 жылы жүргізілді, респонденттер: С. Демирел атындағы университет оқытушылары және осы университеттің инженер, филология факультетінің 1-курс қазақ тобының студенттері. Сонымен қоса, Алматы қаласындағы №124 орта мектептің мұғалімдерінен және №8 балабақша қызметкерлерінен алынды. Зерттеу жұмысында бақылауға алынған А. және Қ. отбасының мүшелеріне де сауалнама қосымша таратылды.

Сауалнаманы толтыру барысында жауап берушінің көп уақытын алмайындығы және сұрақтардың қызықты екендігі байқалды. Біз ауызекі сөйлеу тілінде жиі естілетін барлық сөздерді және көптеген сұрақтарды сауалнамаға кіргізе алмадық, мысалы «Сіз көбіне қай тілде кино көресіз?», «Кітапты қай тілінде оқисыз?», «Орыс тілін қанша жасыңызда үйрендіңіз?», «Қай уақыттан бері көрсетілген сөздерді қолданасыз?» т.б. Сауалнама сұрақтары қосымшада тігілген.

Сауалнама жалпы 23 сұрақтан тұрады. Сұрақта мектепті қай тілде бітіргендігіне және орыс тілі мен қазақ тілін білу деңгейінің қаншалықты екендігіне үлкен мән бердік. Жауап берушілердің бәрі қазақ тілін өте жақсы біледі, 80 пайыз қостілді ортаға қарай екі тілде де сөйлейді. Орыс тілін мүлдем түсінбеймін деп жауап бергендер болған жоқ. Жауап берушілердің 20

пайызы орыс тілін еркін түсінемін, оқимын, сөйлеуде және жазуда қиналамын десе, 80 пайыз қостілділер орыс тілінде түсіну, сөйлеу, оқу, жазу еркін екендіктерін жазған. Сауалнамаға қатысқан қостілділердің жасаралық айырмашылықтары бар, атқаратын қызметтері де әр басқа. 17 мен 27 жас аралығындағылардың Алматыға келгендеріне 1 жыл мен 5 жыл болса, қалған жастағы жауап берушілер Алматыда тұрғандарына 10 жылдан аса уақыт болғандар.

Сауалнамада бақылау барысында байқалған күнделікті қоғамда қостілділердің ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылатын заттық мағынаны білдіретін интеркаляциялық бірліктер (*аптека, пешеход, ремонт, магазин, реклама, документ, зарплата, пробка, пиво, шашлык*) мен үстеу сөз табы және қыстырма интеркаляциялық бірлік жазылып, (*короче, вообще, или, случайно, всегда, конкретно, срочно, пожалуйста*), осы сөздердің ауызекі сөйлеу тілінде қазақша атауын атайсыз ба немесе орыс тіліндегі интеркаляциялық бірліктерді дәл осы қалпында қолданасыз ба? – деген сұрау қойылды. Интеркаляциялық бірліктерді қолданылу жиілігі сауалнамаға жауап берушілердің туылғаннан алған тәрбие мен орта мектепте алған тәрбиенің қай тілде болғандығымен тығыз байланысты. Жас мөлшері жағынан әр түрлі респонденттердің заттық мағынаны білдіретін интеркаляциялық бірліктерді қолданылу жиілігін 2-ші кестеден қарастырып көрейік.

Кесте 2 – Қазақ ауызекі сөйлеу тілінде заттардың орысша атауының қолданылуы (%)

	Жиі қолданамын				Кейде қазақша аудармасын, кейде орыс тіліндегі сөздерді араластырып қолданамын				Мүлдем қолданбаймын			
	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.
Мектепте қазақ тілінде білім алғандар	67,1	83,4	63,6	25	27,6	16,6	27,2	75	5,3	-	9,2	-
Мектепте орыс тілінде білім алғандар	80	63,7	100	50	20	36,3	-	50	-	-	-	-

Мектепте қазақша білім алғандар ішінде зат есімдердің орысша атауын жиі қолданушылар 28 бен 38 жас арасындағы қостілділер, олардың 83,4 % сөйлеу тілінде заттық мағынадағы интеркаляциялық бірліктің орысша атауын қолданады, қазақша атауын қолданамын деген жауап берушілер бұл топта өте аз.

17-27 жас аралығындағы қостілділердің 5,3 %, ал 39-49 жастағы қостілділердің 9,2 % қазақ тілінде сөйлеуде орыс сөздерін араластырмауға тырысады.

28 бен 38 жастағылар мен 50 жастан асқан қостілділер аталған интеркаляциялық бірліктердің орысша атауын не жиі қолданады, не әр кезде әрқалай қолданады, олардың арасында орысша атауын мүлдем қолданбаймын дегендер жоқ.

Ал орыс мектебін бітірген қостілділердің арасында заттық мағынадағы «кірме сөздерді» 39-49 жас аралығындағы сауалнамаға жауап берушілердің 100 % қазақша сөйлеу тілде зат есімді интеркаляциялық бірлікті араластырып сөйлейтіндерін айтты. Бұл жерде «кірме сөздердің» қазақша атауын ғана атайтын респонденттер жоқ.

3- ші кестеде респонденттердің сауалнамада берілген үстеу сөз табы және қыстырма «кірме сөздердің» жас ерекшелігіне қарай қолданылу жиіліктері көрсетілген.

Кесте 3 – Қазақ ауызекі сөйлеу тілінде орыс үстеу мен қыстырма сөздердің қолданылуы (%)

	Жиі қолданамын				Кейде қазақша аудармасын, кейде орыс тіліндегі сөздерді араластырып қолданамын				Мүлдем қолданбаймын			
	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.
Мектепте қазақ тілінде білім алғандар	62,7	62,5	63,6	25	35,1	33,3	22,7	58,3	2,1	4,2	13,7	16,7
Мектепте орыс тілінде білім алғандар	76	27,2	71,4	50	24	63,6	28,6	50	-	9,2	-	-

Қазақ тілінде білім алған респонденттер арасында интеркаляциялық бірлікті жиі қолдануы 17-27, 28-38, 39-49 жас аралығындағылардың

пайыздық мөлшері шамамен ұқсас. Бір қызығы, аталған сөздерді мүлдем қолданбаймын деп жауап берушілер жас ерекшеліктеріне қарай келтіріледі: 50 жастан асқандар 16,7 %, 39-49 жас арасындағылар 13,7 %, 28-38 жас аралығындағылар 4,2 %, ал 17-27 жас аралығындағылар 2,1 %. Осыған орай, мынадай қорытынды жасауға болады: қазақ мектебін бітіргендердің арасында үстеулік мағына мен қыстырма сөзді интеркаляциялық бірліктердің жастар тілінде қолданылуы жиі.

Мектепті орыс тілінде бітірген қостілділердің аталған сөздерді жиі қолданатындары 17-27, 39-49 жастағылар, 28-38 жастағылардың бұл сөздерді мүлдем қолданбаймын деп жауап берушілер – 9,2 %. Қалған жастағылар мүлдем қолданбаймын деп айта алмайды, жиі немесе сирек қолданады.

Сонымен қатар, сауалнамада ай атаулары (март, апрель, май...) мен апта атауларын (понедельник, вторник...) қай тілде қолданасыз деген сұрақ қойылған болатын. Осы жауаптың пайыздық көрсеткіші 5-ші кестеде берілген.

Кесте 4 – Қазақ ауызекі сөйлеу тілінде ай атаулары мен апта атауларының орысша қолданылуы (%)

	Қазақша атауын қолданамын				Орысша атауын қолданамын				Әр кезде әрқалай			
	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ.	17-27 жас	28-38 жас	39-49 жас	50-ден асқ
Мектепте қазақ т-де білім алғандар	5,3	12,5	27,2	25	22,3	16,6	9,2	-	72,3	70,8	63,6	75
Мектепте орыс т-де білім алғандар	4	-	14,2	25	16	18,2	43	25	80	81,8	42,8	50

Қазақ мектебінде білім алған қостілді мен біртілділер қазақша сөйлеу барысында ай атаулары мен апта атауларының орысша атауын жиі қолданатындар 17-27 жас арасы, ал қазақша айтуға тырысатын қостілділердің пайыздық мөлшері жоғарысы – 39-49 жас арасы, олардың 27,2 % ай аттарын қазақша қолданамын деп жауап берсе, 50-ден асқандардың 25 %, 28-38 жастағылардың 12,5 %, 17-27 жастағылардың 5,3 % үнемі қазақша атауға тырысады.

Орыс мектебін бітірген қостілділер қазақша сөйлеу барысында біразы әр кезде әрқалай деген жауап берсе, 39-49 жас арасы 43 % орысша айтамын, себебі осылай үйренгенмін дейді. Қостілділердің 50-ден асқандардың 25 %, 39-49 жас арасы 14,2 %, 17-27 жас арасы 4 % қазақша сөйлегенде ай атауы мен апта атауларын қазақша атауға тырысса, 28-38 жас арасындағылардың қазақша атаймын дегендері мүлдем жоқ.

Зерттеу барысында орыс тілінде орта білімді алғандар ғана емес, қазақ тілінде білім алған қостілді адамдар да күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде интеркаляциялық бірліктерді жиі қолданады және оларды қолдану аясының түрлі болуы тілұстарманның жас ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Мысалы: сауалнама қорытындысы бойынша қазақ тілінде білім алғандардың жас ерекшеліктеріне байланысты интеркаляциялық бірліктерді қолдану деңгейі төмендегідей:

17-27 жас аралығындар: 45 %,

28-38 жас арасы – 52,8 %

39-49 жас арасы– 51,4 %

50-ден асқандар – 25 %

Қазақ тілінде білім алған қостілділер арасында 28-38, 39-49 жас арасындағылар аталған бірліктерді жиі қолданады.

Орыс тілінде білім алған қостілділердің интеркаляциялық бірліктерді қолдану нәтижесі:

17-27 жас арасы – 53,3 %

28-38 жас арасы – 30,3 %

39-49 жас арасы – 61,8 %

50-ден асқандар – 41,6 %.

Ал орыс тілінде білім алған қостілділердің арасында интеркаляцияға ұшыраған бірліктерді жиі қолданатыны 39-49 жас арасындағылар.

Бұл жерден шығатын қорытынды қоғамда көп уақыттан бері аталған лексемалардың орысша атауы қолданылып келгендіктен, жастарға қарағанда орта жастағы қостілділер осы қалпында қолдануды әдетке айналдырған. Мысалы, *телевизор, холодильник, пылесос, самолет* сияқты сөздердің баламаларын терминком бекіткенімен сөйлеу арасында аталған қостілер баламаларын бірден айта алмайды, қажет уақытында аталған бірліктердің қазақша баламасы емес, орысша атауы бірден ойға келеді.

Ал жалпы әлеуметтік ортада интеркаляцияның көрінуі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға байланысты:

- өз тілінде лайықты баламаның жоқтығы;
- аударманың нақты және дұрыс еместігі;
- тілдегі кейбір лексикалық интерференцияның кірме сөз ретінде ана тілінде сол қалпында қалу қажеттігі;

- қоғамда орыс тілінің кең қолданылуынан «кірмелердің» сөз арасында әдетке айналып кеткендігі;
- тілді меңгеру деңгейіне байланысты;
- сөйлеуші өз сөзін бақылауға алмайтындығы;
- бөтен сөздерді қолданып сөйлеуі сол тілді меңгерудің бір кезеңі деп танылуы.

Ақпарат берушілер сауалнамада аталған сөздерді қазақ ауызекі сөйлеу тілінде орысша атауын қолдану себебін төмендегіше түсіндіреді:

- әдетке айналып кеткен – 61%;
- аудармасы нақты емес – 20%;
- аудармасын білмеймін – 11%;
- адамның өзіне талап қоя білмеуінен – 3%;
- аудармасы қолданысқа толық енбегендіктен –3%;
- еліктеуден – 1;
- себебін білмеймін – 1.

С. Демирел атындағы университеттің түрік-қазақ қостілді азаматтарына қосымша осы сауалнама жүргізілді. Олардың тәрбиесі бала кезінен түрікше және мектепті түрік тілінде оқыған. Ана тілдерін жетік біледі, қазақ тілін жақсы түсінеді және еркін сөйлей алады, ал жазудан қиналады. Орыс тілін білу деңгейлері төмен, жаңа үйреніп жүр. Отбасында және достарымен түрік тілінде сөйлеседі. Алматыда жүргендеріне 10 жылдан асқан және аталған университетте оқытушы болып қызмет атқарады. Сауалнамаға жауап беруші аталған заттық мағынадағы интеркаляцияға ұшыраған тілдік бірліктің орысша атауын кей кезде қолданамын, себебі қоршаған ортада бұл сөздер өте жиі айтылады деп жауап берді. Ал сауалнамадағы мысалда келтірілген үстеу мен қыстырма сөздердің кейбірінің қазақша баламаларын білмейтіндіктен, кей кезде қолданады екен. Күнделікті өмірде мұндай сөздерді жиі естисіз бе? деген сұраққа өте жиі естимін деген жауап айтты. Респонденттер аталған бірліктердің көбіне түрікше атауын атайды, кей кездері орысша атауын да қолданады. Бұған бірден-бір себеп интеркаляциялық бірліктердің барлық адамдар тілінде ұшырасуы және басқа қостілділердің де ортаға қарай бейімделуге тура келуімен байланысты.

Жалпы, сауалнама жүргізуіміздің мақсаты қазақ ауызекі сөйлеу тілінде орыс тілінің сөздері қаншалықты қолданысқа ие екенін байқау болатын. Жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ сөйлеу тілінде кейбір сөздердің орысшасын атайтындардың пайыз саны тек қазақ сөздерін қолданатындардың пайыз санынан көбірек және бұл сөздерді тек орыс тілін жетік білетіндер ғана емес, орыс тілін білу деңгейі төмен қостілділер де қолдана беретіндігі анықталды. Бұл бөгде элементтердің өте жиі қолданылуының бірден-бір себебі қоршаған ортада бұлардың орысша атауы

өте жиі айтылуында, яғни мысалда кездестірілген атаулардың қазақша аудармалары күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде толық қолданысқа ене қоймаған. Кейбір *шампунь, магазин, очки, телевизор, аптека, шашлык, ремонт, пробка, пешеход және т.б.* тәрізді зат есімдер қолданыстың жиілігінен қазақ тілінің сөзіне айналып кеткен тәріздес. Бұл сөздердің аудармалары дәл осы қалпында қала бергені де дұрыс деген жауап берушілер де кездесті. Әрине, бұл сөздерді кірме сөзге айналдыру үшін қазақ тілінің дыбыстық нормасына сәйкестендіруіміз қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қазақстандықтардың сөйлеу тілінде көп ұшырасатын, тіпті кейбір жағдайларда «сөйлеу нормасы» ретінде қалыптаса бастаған жаңа тілдік көріністер міндетті түрде лингвистикалық талдауды қажет етеді.

Интерференция қостілдінің сөйлеу тіліндегі бірінші тілдің T_1 әсерінен болған екінші тілдегі нормадан ауытқушылық болса, интеркаляция екінші тілдің әсерінен болған қостілдінің бірінші тіліндегі нормадан ауытқушылық.

Қостілділік мәселесіне, көп жағдайда, орыс тіліне қазақ тілінің немесе басқа тілдердің әсерін айқындау тұрғысынан келеді. Бұл, яғни ана тілінің екінші тілге әсері жалпы интерференцияға байланысты еңбектердің басым көпшілігіне тән. Ал керісінше, екінші тілдің ана тіліне ықпалы және қазақ ауызекі сөйлеу тіліне орыс тілінің тигізетін кері әсерін көрсету, нақты айтқанда, түрлі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тіл деңгейлерінде көрініс беретін қалыпты сөйлеу нормаларынан уәжді/уәжсіз ауытқулардың болуы және оны тудырушы факторлар ғылыми тұрғыдан зерттеу өзекті мәселе.

Қазақстанда тұратын халықтар арасында қостілділік түрі көп. Ең жиі кездесетіні – қазақ-орыс қостілділігі. Зерттеу жұмысында қазақ-орыс қостіліндегі ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін интеркаляцияны анықтау мақсат етілді. Зерттеу нәтижесі қазақ-орыс қостілділігіндегі ауызекі сөйлеу тілінде бірінші тілдің әсерінен екінші тілдің нормадан ауытқуы ғана емес, екінші тілдің де әсерінен бірінші тілдің нормадан ауытқуы кездесетіндігі, яғни орыс тілінің әсерінен қазақ тілінің тілдік нормасы өрескел бұзылып жатқандығы анықталды. Екі тілдің қарым-қатынасы негізінде тіл айырмашылықтарына байланысты тілдің нормадан ауытқуы заңды құбылыс. Бірақ Қазақстандағы тілдік жағдай, яғни орыс тілінің қазақ тілінен үстем болып келгендігінен және қазіргі уақыттың өзінде тең дәрежеде қолданылуына байланысты қазақша ауызекі сөйлеу тілінде орыс тілінің «кірме элементтерін» қосып сөйлеуі жиі байқалады. Мұның бірден-бір себебі – орысша да, қазақша да – екі тілді қатар жұмсап үйренгендіктен, олардың

біріне-бірінің ықпал ететіндігі, әрі қоғамда көп уақыттан бері аталған лексемалардың орысша баламаларының қолданылып келуі және кейбір қостілді азаматтардың өз сөзін бақылауға алмауы. Жұмыста қазақ-орыс қостілділігіндегі ауызекі сөйлеу тілінде интеркаляцияға ұшыраған бірліктер интерференцияның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық түрлеріне сәйкес фонетикалық, лексикалық және грамматикалық деңгейдегі интеркаляция болып бөлініп, бұл құбылыстың әр деңгейде әр түрлі қырынан көрінетіндігі қаралды. Сонымен қатар, ауызекі сөйлеу тіліндегі интеркаляцияның көрінуі түрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға байланысты екендігі де ашып көрсетілді.

Тілде интерференцияның бәрін бір тілдің екінші тілге тигізетін жағымсыз әсері деп қана емес, интеркаляциялық бірліктердің кейбірін тілдік қорды байыту үшін қолданылатын кірме сөз ретінде де қабылдауға болады. Мысалы, әдеби тілге басқа тілдің тигізген ықпалы жалпыхалықтық қасиетке ие болып, нормаға, ана тілінің байлығына айналса, ол үлкен табыс. Осындай қазақ ауызекі сөйлеу тілінде «кірме сөз» ретінде жарыспалы қолданылып жүрген интеркаляциялық бірліктер де бар. Мұның себебі, біраз сөздердің баламалары нақты берілмеген болса, кейбір бірліктерді аударуға болмайды. Қазақ тілінде жалпы халық толығымен қолданатын *шампунь* [шампұн] сөзін *сусабын, сабынсу* демей, *смена* [сімен] сөзін *ауысым, кезек* демей (осы сияқты: *порошок, шуба, помидор, варенье, шашлык* т.б.) қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіріп осы қалпында қалдыру да қажет.

Керісінше, кейбір дұрыс аударылмаған сөз тіркестерінің біразы қазіргі уақытта кірме сөзге айналып сөз қолданысқа нақтыланып еніп кеткен. Осындай тіркестер мен жеке адамның тілінде жиі ұшырайтын, оның жеке басының сөйлеу нормасына айналған интеркаляциялық бірліктердің кері әсері жалпыхалықтық әдеби тілдің нормаларынан жөнсіз ауытқу болатындықтан, мұндайды жөнге салу қажет. Бұл жағдайдан шығу үшін ең алдымен біз қазақ тілінің сөйлеу мәдениетін көтеру керекпіз. Сөйлеу нормасын қалыптастыруды алдымен мектеп оқушыларынан бастағанымыз орынды болар еді, оларға сөйлеу мәдениетіне байланысты қосымша пәндер немесе осыған байланысты әр түрлі іс шаралар ұйымдастырылса және де жоғары оқу орындарындағы барлық мамандық иелеріне де осындай арнайы пәндер енгізілсе, қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті көтеріледі. Синтаксистік интеркаляция мәселесі көбіне аудармамен байланысты болғандықтан, қазақ-орыс немесе орыс-қазақ тілі салғастырмалы грамматикасына негізделген синтаксистік әдістеме-нұсқауларды көптеп шығарсақ дұрыс болады.

Жұмыста аталған интеркаляцияға ұшыраған бірліктерді қолдануда қостілділердің жас ерекшеліктеріне де қатысты екендігі көрсетілді.

Сауалнама нәтижесі бойынша жастарға қарағанда орта жастағы (28-38, 39-49) костілділер интеркаляциялық бірліктерді жиі қолданатындығы байқалды. Мұндай айырмашылықтың болуына басты себеп – аталған бірліктердің орысша атауы осы күнге дейін ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып келуінен.

Зерттеудің болашақтағы бағдары ретінде интеркаляциялық бірліктердің тілде бар екендігі, олардың себептері, уәждері, жасалу тәсілдері дәлелденіп қана қоймай, тіл білімінде интеркаляциялық бірліктерді жүйеге түсірудің, ретке келтірудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін, тілде қолданылу амалдарын зерттеу – алда тұрған өзекті мәселердің бірі деп белгіленді.

III бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бақылау әдісі дегеніміз не? Оның ұтымдылығы неде деп ойлайсыз?
2. Әлеуметтік тіл білімінде басқа қандай әдістер қолданылады?
3. Масс-медиа дегенді қалай түсінесіз?
4. Тележобада белгілі адамдардың интеркаляциялық бірліктерді жиі қолдануы неге байланысты деп ойлайсыз?
5. Өздеріңіз бір бағдарламаға бақылау жасап, кездескен орыс сөздеріне талдау жүргізіңіздер.
6. Кірістірілген байқау әдісі дегеніміз не?
7. Қазақша сөйлеу тілде бөгде элементтерді қолдануға не себептер бар деп ойлайсыз?
8. Сөйлеу нормасын, тіл мәдениетін көтеру үшін қандай іс-шаралар жасаған жөн?
9. Сауалнама жүргізу әдісі қай жағынан қолайлы?
10. Интеркаляциялық бірліктерді жас ерекшелігіне қарай әр түрлі қолдануының себептерін түсіндіре аласыз ба?
11. Сауалнама қорытындысы бойынша әлеуметтік ортадағы орыс сөздерін қолдану туралы пікіріңіз қандай?
12. Өздеріңіз де сауалнама жасап интеркаляциялық бірліктердің қолданылу пайызын анықтап көріңіздер.

Тест сұрақтары:

1. Интерференция дегеніміз:

А) Қостілді тұлғаның екінші тіліндегі тілдік нормадан бірінші тіл әсерімен ауытқушылықтары

Ә) Қостілді тұлғаның бірінші тіліндегі тілдік нормадан екінші тіл әсерімен ауытқушылықтары.

Б) Ататілдің уақыт өте келе екі бөлек жеке тілге бөлініп кету процесі.

В) Соңғы шешуші этап ретінде екі тілдің араласып, тілдік айырмашылықтардың жойылып, сіңісіп кетуі.

2. Интерференция мен интеркаляцияны тіл білімінде ең алғаш ара жігін ажыратқан ғалым:

А) Л.Джекобовиц Ә) В.Ю.Розенцвейг

Б) А.Е.Карлинский В) У.Вайнрайх

3. Интеркаляцияның түрлерін көрсетіңіз:

А) Инвентарлық, фразалық; Таза, түрленген.

Ә) Инвентарлық, фразалық; Айқын, жасырын.

Б) Таза, түрленген; Сыртқы, ішкі.

В) Айқын, жасырын; Тікелей, жанама.

4. Номенклатуралық интеркаляция дегеніміз:

А) Екінші тілдің (T^2) жеке сөздері бірінші тілдің (T^1) сөйлеу туындысына енуі:

Ә) Қостілдінің бірінші тілінде (T^1) белгілі бір сөзге лайық аударма жоқ уақытта сол тілде сөйлегенде екінші тілдің (T^2) лексикалық элементтерінің енуі.

Б) Бірінші тілге (T^1) екінші тілдің (T^2) элементі артықшылық болып енеді.

В) Қостілді сөйлеушінің бірінші тіліне өзге тілдің нақты мағыналы зат есімдердің енгені

4. Редундаттық интеркаляцияны табыңыз:

А) А у вас колбаса бар ма? Киноға барайық, вместе с Данкой.

Ә) Ол библиотекаң қай жақта? Бүгін далаға шығып, тағы да снеговик жасайық

Б) Құжаттарды архивтен қарау керек. Шашыма укладка жасатсам деген едім.

В) Может, бүгін кешке казиноға барсақ қайтеді, егер свободный болсаң.

5. Фразалық интеркаляцияны табыңыз:

А) А у вас колбаса бар ма? Киноға барайық, вместе с Данкой.

Ә) Ол библиотекаң қай жақта? Бүгін далаға шығып, тағы да снеговик жасайық

Б) Құжаттарды архивтен қарау керек. Шашыма укладка жасатсам деген едім.

В) Может, бүгін кешке казиноға барсақ қайтеді, егер свободный болсаң.

6. Референционды интеркаляция дегеніміз:

А) Қандайда бір көріністің атауымен байланысты емес, бір нәрсеге қатынасты білдіруімен байланысты. Негізінде, бұл зат есім емес, сөйлеушінің эмоционалды жағдайын суреттейтін, көңіл-күйін білдіретін сөздер. Олар көбінесе зат есім емес, басқа сөз таптарына жатады.

Ә) Екінші тілдегі (T^2) бүтін қалыптағы сегменттің бірінші тілге (T^1) енуін білдіреді және бірінші тілдің (T^1) күрделі сөйлемінің құрамына екінші тілдің екі бөліктен тұратын сөз тіркесінен бастап толық пікірге дейін бірнеше типтік тармақтарынан тұрады.

Б) Қостілді сөйлеушінің бірінші тіліне өзге тілдің нақты мағыналы зат есімдердің енгені

В) Қостілдің бірінші тілінде (T^1) белгілі бір сөзге лайық аударма жоқ уақытта сол тілде сөйлегенде екінші тілдің (T^2) лексикалық элементтері енеді. Бұл элементтер – атау септіктегі тұрмыстық заттардың атаулары мен ғылыми терминдер.

7. Таза интеркаляция дегеніміз не?

8. Фонетика-графикалық түрленген интеркаляцияны белгілеңіз:

А) «Басқа светі бар ма?», «Магазиннен «Караванның» свежий номерін алдым».

Ә) «Бір новый общий тетрадь бар болса, берші», «Записной книжканың ішінде Гүлнұрдың адресі болу керек».

Б) «Менің номеріме скидывать етші, сохранить етейін», «пожалуйста, маған рефератты скачай!».

В) «Жақсы клейлейтін клей қарау керек», «пылесостауға не мешай деп қояды».

9. У.Вайнрайхтың интерференцияға берген анықтамасын көрсетіңіз:

А) «Қостілділердің сөйлеуіндегі көп тіл білуінің нәтижесінде, яғни тілдік қатынас салдарынан кез келген тілдің нормасынан ауытқу жағдайлары».

Ә) «Бір тілден екінші тілге немесе меңгерілетін тілдің ішіндегі дағдыларды теріс тасымалдау үрдісі және нәтижесі».

Б) «Қостілдің сөйлеуіндегі нормадан ауытқуы арқылы байқалатын қатынасқа түсуші тілдердің ара қатынас ережесін бұзуы».

В) «Басқа тілдің ықпалынан тіл нормаларынан ауытқу».

10. Жалпы тіл білімінің зерттеу нысандары:

А) Тіл білімі тарихы, тіл теориясы, лингвистикалық әдістер мен тәсілдер, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.

Ә) Тіл білімі тарихы, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.

Б) Тіл теориясы, тілдің өзіндік сипаттары, тіл білімі тарихы, тілдің таңбалық, жүйелік сипаттары.

В) Тіл теориясы, лингвистикалық әдістер мен тәсілдер.

11. Әлеуметтік лингвистика нені зерттейді:

А) Тілдің құрылымы мен жүйесін.

Ә) Сөздің құрылысын, сөз таптарын, сөйлем мүшелерін зерттейді.

Б) Тілдің шығу тарихын және оның дамуын.

В) Тіл мен қоғам арасындағы байланыстарды және өзара әсерлесуін.

12. Тілдердің тоғысуы дегеніміз:

А) Көркем әдебиеттің аударылуы.

Ә) Бір тілдің жеңілуі.

Б) Араласу нәтижесінде бір тілдің жеңуі.

В) Қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде араласып кетуі.

13. Ұлттық тіл саясатының компонентіне жатады:

А) Мемлекеттік статус алу.

Ә) Қостілділікті болдырмау.

Б) Диалектілерді көптеп қолдану.

В) Тілдердің бір-біріне әсер етудегі заңды регламентациясы.

14. Қазақстандағы қазіргі қостілділік жағдай қандай?

А) Діни қостілділік.

Ә) Функционалды қостілділік.

Б) Тарихи қостілділік.

В) Әлеуметтік қостілділік.

15. Басқа тілдің ықпалымен әлсіз тілде сөздік қателіктердің байқалуы қалай аталады?

А) Интеграция.

Ә) Интеркаляция.

Б) Перстрат.

В) Интерференция.

16. Тарихи даму негізінде тілдердің бір-біріне алғаш жақындасуы:

А) Интерференция.

Ә) Интеграция.

Б) Адстрат.

В) Перстрат.

17. Билингвизм деген не?

А) Тілді түсіну.

Ә) Қостілділік.

- Б) Тілді түсінбеу.
- В) Үш тілді меңгерту.

18.Тілдердің бөліну процесі лингвистикада қалай аталады?

- А) Интеграция.
- Ә) Дифференциация.
- Б) Аффиксация.
- В) Флексия.

19.Тілдердің бірігу процесі лингвистикада қалай аталады?

- А) Билингвизм.
- Ә) Интерференция.
- Б) Интеркаляция.
- В) Интеграция.

20.Билингвизм нені білдіреді?

- А) Тілдегі сөздерді қабылдау.
- Ә) Екі не одан да көп тілді меңгеру.
- Б) Тілдік жүйені зерттейді.
- В) Тілдегі сөздерді қалыптастыру.

21. Жалпы кеңес және шетел тілшілерінің еңбектерінде тілдік қарым қатынас мәселелері түрлі тұрғыдан қарастырылады:

- А) 2 Ә) 4 Б) 3 В) 5

22. Көп нүктенің орнына ережеге сәйкес қостілділіктің түрін жазыңыз:

..... жағдайында жеке тұлға сөзді екінші тіл арқылы түсінуге мүмкіндігі бар (пассивтік қостілділік деп аталады).
меңгерген адам естіген сөзін басқа тілде айта алады. дегеніміз өз сөзіне мағына беріп, шығармашылық жағынан құрастыруы.

23.Сөйлеу механизмдерінің ара қатынасы негізіндегі қостілділіктің түрлері:

- А) таза және аралас.
- Ә) рецептивтік, репродуктивтік және продуктивтік.
- Б) тура қостілділік, аралас қостілділік және тура емес қостілділік.
- В) Субординативтік, координативтік (таза) және аралас қостілділік.

24.«Интерференция» термині тіл біліміне қай саладан ауыстырылды?

- А) физика Ә) психолнигвистика Б) психология В) лингводидактика

25.Тіл білімінде интерференция проблемаларын зерттеу, қай ғалымның монографиясы жарық көргеннен кейін қарқынды дами бастады?

- А) Б.Хасанұлы Ә) А.Е.Карлинский
- Б) У.Вайнрайх В) Л.И. Баранникова

26. А.Е. Карлинскийдің саралауында интерференцияның неше түрі айқындалады?

А) 2 Ә) 4 Б) 3 В) 5

27. Кірме сөз бен интерференцияның арасындағы айырмашылықты ажыратқан ғалым:

А) Б.Хасанұлы Ә) А.Е.Карлинский
Б) У.Вайнрайх В) Л.И. Баранникова

28. Төменде интерференцияның типтері көрсетілген. Көп нүктенің тұрған жерді толықтырыңыз:

- 1) қалыптасуына қарай – *сыртқы* және.....;
- 2) ана тіл дағдыларының тасымалдану сипатына қарай –және *жанама*;
- 3) көріну сипатына қарай – *айқын* және
- 4) тілдік табиғатына қарай –, *грамматикалық, лексика-семантикалық* (лексикалық және семантикалық)

29. А.Е. Карлинский парадигматикалық интерференцияны неше түрге бөлген?

А) 2 Ә) 4 Б) 3 В) 5

30. Реинтерпретацияның мысалын көрсетіңіз:

- А) лицо-литсо, птица-птитса;
Ә) брат – младший брат, старший брат – қазақ тілінде аға – «ст. брат»; іні – «млад. брат»);
Б) фильмы-пильмы, часто-шасто;
В) что-так што, че та-шо та, шофер-шопыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Якобсон Р., Фант Г., Халле М. Введение в анализ речи // Новое в лингвистике. – М.: Прогресс, 1962. – Вып. 2. – С. 173-230.
- 2 Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков и проблема интерференции: автореф. ... докт. филол. наук. – Киев, 1980. – 48 с.
- 3 Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра (қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
- 4 Щерба Л.В. О понятии смешанных языков // Избранные работы по языкознанию и фонетике. –Л., 1958. – Т.1. – С. 153.
- 5 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. –М.: Наука, 1974. – 428 с.
- 6 Беликов В.И., Крысин Л.П. Социоллингвистика. – М., 2001. – С. 56-57.
- 7 Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1969. – С. 49.
- 8 Алтынбекова О. Билингвизм типологиясы туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – №6. – Б. 115-122.
- 9 Таджикско-русское двуязычие (социоллингвистический аспект). – Душанбе, 1986. – 247 с.
- 10 Сүлейменова Э., Шаймерденова Н. Словарь социоллингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – С. 36.
- 11 Залевская А.А., Медведева И.Л. Психоллингвистические проблемы учебного двуязычия. – Тверь: Твер. гос. ун-т, 2002. – 194 с.
- 12 Исаев М.К. Фонетическая интерференция при казахско-английском искусственном двуязычии. – Алматы, 1986. – С. 289.
- 13 Жлуктенко Ю.А. Лингвистические аспекты двуязычия. – Киев: Высшая школа, 1974. – С. 21.
- 14 Хасанов Б.Х. Казахско-русское двуязычие: социально-лингвистический аспект. – Алматы: Наука, 1987. – 200 с.
- 15 Ахмедина Б.К. Қостілділіктің психоллингвистикалық және лингводидактикалық сипаттамасы // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2006. – №5. – Б. 46-47.
- 16 Серикова А.А. О социоллингвистической типологии двуязычия // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – Алматы, 2005. – №5(87). – С. 98.
- 17 Дешериев Ю.Д. Развитие национально-русского двуязычия. – М., 1976. – С. 13
- 18 Ханазаров К.Х. Решение национально-языковой проблемы в СССР. – М.: Издательство полит. лит-ры, 1982. – 224 с.

- 20 Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. – Алматы: Ғылым, 1990. – 181с.
- 21 Саина С.Т. Возраст и двуязычие // Русский язык в школе. – 1996. – №4. – С. 5-11.
- 22 Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 508 с.
- 23 Большой энциклопедический словарь. Языкознание. / гл. ред. В. Н. Ярцева. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685 с.
- 24 Большая Медицинская Энциклопедия / гл. ред. Н. А. Семашко. – М., 1959. – Т.11. – 927 с.
- 25 Биологический энциклопедический словарь / гл. ред. М.С. Гиляров. – М.: Советская Энциклопедия, 1986. – 893 с.
- 26 Физическая энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – Т.2. – 288 с.
- 27 Гавранек Б. К проблематике смещения языков // Новое в лингвистике. – М., 1972. – Вып. 7. – С. 94-111.
- 28 Шаповалов А.И. Семантическая интерференция в условиях искусственного билингвизма: дис. ...канд.филол.наук. – Саратов, 1989. – С. 158.
- 29 Ильященко Т.П. Языковые контакты. На материале славяно-молдавских отношений. – М.: Наука, 1970. – С. 47.
- 30 Богородицкий В.А. Неправильности русской речи у чувашей. – Казань, 1933. – С. 106-112.
- 31 Щерба Л.В., Бодуэн де Куртенэ. Известия по русскому языку и словестности. – Л., 1930. – Т. 3. – 316 с.
- 32 Щерба Л.В. Восточнолужицкое наречие. – Спб.: Тип. А.Е. Коллинс, 1915. – 194 с.
- 33 Поливанов Е.Д. Избранные работы // Статьи по общему языкознанию. – М.: Наука, 1968. – С. 187-205.
- 34 Вайнрайх У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования / перев. Ю.А.Жлуктенко. – Киев, 1979. – 263 с.
- 35 Розенцвейг В.Ю. Основные вопросы теории языковых контактов // Новое в лингвистике. – М., 1972. – Вып.6. – С. 4.
- 36 Баранникова Л.И. Сущность интерференции и специфика ее проявления // В кн.: Проблемы двуязычия и многоязычия. – М, 1972. – С. 88-98.

- 37 Виноградов В.А. Лингвистические аспекты обучения языку. – М.: Высшая школа, 1972 – С. 614.
- 38 Бабов К. Проблемы интерференции в процессе обучения русскому языку в болгарской школе. – София, 1974. – 165 с.
- 39 Баранникова Л.И. Проблемы интерференции и вопросы взаимодействия языков // В кн.: Вопросы методики преподавания иностранных языков в связи с проблемой языковой интерференции. – Саратов, 1966. – С. 4-23.
- 40 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М, 1981. – 586 с.
- 41 Карлинский А.Е. Принципы исследования лексической интерференции в методических целях // В кн.: Зарубежная языкознания и литература. – Алматы, 1971. – Вып.1. – С. 62.
- 42 Верещагин Е.М. Понятие «интерференция» в лингвистической и психологической литературе // В кн.: Иностранные языки в высшей школе. –М., 1968. – Вып. 4. – С. 103-110.
- 43 Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма) – М.: МГУ, 1969. – 160 с.
- 44 Григорьев В.П., Исаев М.И., Махароблидзе Г.А. Вопросы культуры русской речи у нерусского населения СССР // Тез. докл. конференции, посвященные вопросам взаимодействия и взаимообогащения языков народов СССР. – Казань, 1964. – С. 27.
- 45 Верещагин Е.М. Заметки о монографии У. Вайнрайха «Языковые контакты» // Сб. Вопросы порождения речи и обучение языку. – М.: МГУ, 1967. – С. 118-140.
- 46 Степкина Т.Н. Проблемы интерференции с позиций коммуникативно-функционального подхода // В кн. Методика обучения иноязычной речи. – Воронеж, 1977. – С. 99-105.
- 47 Затовканюк М. Классификация явлений языковой интерференции (на материале лексики и грамматики) // Русский язык за рубежом. – 1973. – №2. – С. 74-77.
- 48 Дешериев Ю.Д., Протченко И.Ф. Основные аспекты исследования двуязычия и многоязычия // В кн. Проблемы двуязычия и многоязычия. –М., 1972. – С. 72.
- 49 Ершова Е.Н. О некоторых формах лингвистической интерференции и о возможностях их использования в методике преподавания языков // В кн. Проблемы двуязычия и многоязычия. – М., 1972. – С. 130-139.
- 50 Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Новое в лингвистике. – М.: Прогресс, 1972. – Вып. II. – С. 25-60.
- 51 Агишев Х.Г. Лексико-семантическая интерференция в условиях двуязычия // РЯНШ. – 1975. – №1. – С. 11.

- 52 Ким О.М. Особенности русской речи корейцев Уз.СССР (фонетико-морфологический очерк): автореф. ...канд. филол. наук. – Ташкент, 1964. – С. 5.
- 53 Касымова С.Д. Грамматическая интерференция в русской речи таджиков: дис. ...канд. филол. наук. – М., 1985. – 171 с.
- 54 Закирьянов К.З. Двухязычие и интерференция. – Уфа, 1984. – С. 80.
- 55 Щерба Л.В. О аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании // Хрестоматия по истории советского языкознания. – М., 1990. – 98 с.
- 56 Джусупов М.Ж. Звуковые системы русского и казахского языков. Слог. Интерференция. Обучение произношению. – Ташкент: Фан, 1991. – 214 с.
- 57 Ахметзиянова Ф.С. Интерференция родного и русского языков при контакте с немецким в условиях национально-русского двухязычия: дис. ...канд. филол. наук. – Тобольск, 2005. – 182 с.
- 58 Дарбеева А.А. Русско-монгольские языковые контакты в условиях двухязычия. – М: Наука, 1984. – 191 с.
- 59 Уман Л.М. Проблемы грамматической интерференции: автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1964. – 23 с.
- 60 Розенцвейг В.Ю. Языковые контакты. – М., 1972. – С. 80.
- 61 Ахунзянов Э.М. Двухязычие и лексико-семантическая интерференция. – Казань, 1978. – 187 с.
- 62 Степкина Т.Н. Актуальные средства английского языка. – Воронеж., 1983. – 112 с.
- 63 Карлинский А.Е. Типология речевой интерференции // Зарубежное языкознание и литература. – Алма-Ата, 1972. – Вып.2. – С. 9-16.
- 64 Абдыгалиев С.А. Пути преодоления лексической интерференции: автореф. ...канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1976. – 23 с.
- 65 Закирьянов К.З. Двухязычие и интерференция. – Уфа, 1984. – С. 80.
- 66 Карлинский А.Е. О некоторых основных понятиях теории взаимодействия языков // В кн.: Зарубежное языкознание и литература. – Алма-Ата, 1975. – Вып.3. – С. 5-6.
- 67 Копыленко М.М., Ахметжанова З.К. Фонетическая интерференция в речи казахов. – Алматы: Наука, 1984. – С. 65.
- 68 Любимова Н.А. Фонетическая интерференция: учеб. пособие. – Л., 1985. – С. 18.
- 69 Рабинович А.И. Принципы исследования фонетической интерференции при контактировании разносистемных языков: автореф. ...канд. филол. наук. – Алматы, 1970. – 32 с.

- 70 Мелик Г.И. Проблемы фонетической и фонологической интерференции в межъязыковом контактировании: автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1971. – 23 с.
- 71 Тринив Д.Н. Динамика изменения фонологической системы одного языка под влиянием другого при их контактировании (на мат. нижненемецкого диалекта территории СССР): автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1972. – 24 с.
- 72 Розенцвейг М.Ю. Проблемы языковой интерференции: дис. ...канд. филол. наук. – М., 1975. – С. 12.
- 73 Виноградов В.А. Лингвистические аспекты обучения языку // К проблеме иноязычного акцента в фонетике. – М., 1976. – Вып. 2. – 284 с.
- 74 Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков и проблема интерференции: автореф. ...докт. филол. наук. – Киев, 1980. – 48 с.
- 75 Исаев М.К. Фонетическая интерференция при казахско-английском искусственном двуязычии: учеб. пособие. – Алматы, 1986. – 121 с.
- 76 Исаев М.К. Лингво-контрастивное исследование речей деятельности в условиях искусств двуязычии: автореф. ...докт. филол. наук. – М., 1992. – 49 с.
- 77 Любимова Н.А. Фонетический аспект общения на неродном языке (в условиях финско-русского двуязычия). – Л., 1988. – С. 177-178.
- 78 Любимова Н.А. Фонетическая интерференция и общение на неродном языке (экспериментально-фонетическое исследование на материале финско-русского двуязычия): автореф. ...докт. филол. наук. – Спб., 1991. – 33 с.
- 79 Интерференция звуковых систем / отв. ред. Л.В. Бондарко, Л.А. Вербицкая. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1987. – 278 с.
- 80 Тринив Д.Н. Динамика изменения фонологической системы одного языка под влиянием другого при их контактировании (на мат. нижненемецкого диалекта территории СССР): автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1972. – 24 с.
- 81 Сапожникова И.А. Вариативность фонетической интерференции: социолингвистическое исследование устной русской речи киргизов: автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1991. – С. 18.
- 82 Досмұхаметұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 145-148.
- 83 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 395.

- 84 Баскаков Н.А. Двухязычие и проблема взаимопроникновения различных уровней при взаимодействии языков (на мат. тюркских языков) // Проблемы двухязычия и многоязычия / жауапты ред. П.А. Азимов. – М.: Наука, 1972. – С. 74-82.
- 85 Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. – 312 с.
- 86 Богин Г.И. Трудности употребления лексики в устной речи и основные пути их преодоления (на мат. представления английского языка в восьмилетней школе): автореф. ...канд. пед. наук. – М., 1965. – 24 с.
- 87 Карлин А.Л. Явление лексической интерференции при контакте русского и немецкого языков и пути ее преодоления: автореф. ...канд. пед. наук. – М., 1968. – 33 с.
- 88 Горелов И.Н. О значении и методике исследования интерференции // В кн.: Интерференция в устной и письменной речи студентов и школьников. – Оренбург, 1969. – С. 14.
- 89 Коршук Е.В. Психолингвистическая типология межъязыковой лексической интерферентности: дис. ... канд. филол. наук. – Минск, 1987. – 186 с.
- 90 Уфимцева А.А. Слово в лексико-семантической системе языка. – М.: Наука, 1968, – 272 с.
- 91 Досмухамбетова Г.А. Функционирование казахского и русского языков в микросоциальной общности: автореф. ...канд. филол. наук. – Алматы, 2002. – 25 с.
- 92 Ахметжанова З.К., Кульбаева Г.К. Русско-казахская интерференция // Проблемы контрастивной лингвистики: межвузовский сборник научных трудов. – Алматы, 1995. – С. 49-52.
- 93 Семчинский С.В. Семантическая интерференция языков: дис. ...докт. филол. наук. – Киев, 1973. – С. 17.
- 94 Дебов В.М. Лексическая специфика французского языка в Алжире. – Иванова: изд. Иванов. ун-та, 1992. – С. 71.
- 95 Багана Жером Языковая интерференция в условиях франко-конголезского билингвизма: дис. ...докт. филол. наук. – Саратов, 2004. – 345 с.
- 96 Абаев В.И. О языковом субстрате // В кн.: Доклады и сообщения Института языкознания АН СССР. – М., 1956. – Вып. 9. – С. 57-69.

- 97 Филин Ф.П. Современное общественное развитие и проблемы двуязычия // В кн.: Проблемы двуязычия и многоязычия. – М., 1972. – С. 24.
- 98 Ожегов С.И. Словарь русского языка (53 000 сөз қамтылған) – М.: Советская энциклопедия, 1964.
- 99 Орысша-қазақша сөздік / жауапты ред. Н.Т. Сауранбаева, Г.Г. Мусабаева, Ш.Ш. Сарыбаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –1146 б.
- 100 Орысша-қазақша сөздік (30000 сөз қамтылған) / құрастырғандар: Б. Исмағұлова, Е. Ережепова, Г. Абдижапбарова. – Алматы: Аруна, 2002. – 415 б.
- 101 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986. – 1-10-том.
- 102 Ковылина Л.Н. Синтаксическая интерференция и способы ее изучения.: дис. ...канд. филол. наук, Алматы, 1981. – 176 с.
- 103 Уман Л.М. Проблема грамматической интерференции: автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1964. – С. 16.
- 104 Сорокина С.С. Пути предупреждения и преодоления грамматической интерференции синтаксических подтипов в немецкой речи студентов I курса языковых факультетов (на материале подтипа управления): автореф. ...канд. пед. наук. – Л., 1971. – 26 с.
- 105 Тіл тұғыр» журналы.– 2010. – №1. – Б. 89.
- 106 Сүлейменова Э. Д., Шәймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі // Словарь социолингвистических терминов. – Астана : Арман-ПВ, 2008. – Б. 391.
- 107 Барманқұлов М.К. Жанры печати радиовещания и телевидения. – Алматы, 1974. – 127 с.

Мазмұны:

Кіріспе.....	3
ҚОСТІЛДІЛІК ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ	
Қостілділік – әлеуметтік лингвистикалық құбылыс.....	6
Интерференция – қостілділік жағдаятындағы тілдік құбылыс.....	15
Қостілділер тіліндегі интерференцияның типологиясы.....	24
Интерференция мен интеркаляция.....	32
Қорытынды.....	41
I тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.....	43
ТІЛ ҚАБАТТАРЫНДАҒЫ ИНТЕРКАЛЯЦИЯ	
Қазақ-орыс қостілділік жағдаятындағы фонетикалық интеркаляция.....	45
Ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық интеркаляция.....	50
Қостілділіктегі грамматикалық интеркаляцияның көрінісі.....	64
Қорытынды.....	73
II бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.....	75
ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОСТІЛДІЛІГІНДЕГІ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ИНТЕРКАЛЯЦИЯНЫҢ КӨРІНУ СИПАТЫН БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІ	
Интеркаляция құбылысы масс-медиа тілінде.....	76
Әлеуметтік жағдаяттағы интеркаляция (кірістірілген байқау негізінде)	81
Қостілділердің қазақша сөйлеу тіліндегі интеркаляция құбылысы.....	89
Қорытынды.....	96
III бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.....	98
Тест сұрақтары.....	99
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	104

Оқу құралы

Абнасырова Райхан Жалғасбайқызы

ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОСТІЛДІЛІГІНДЕГІ ИНТЕРКАЛЯЦИЯ КӨРІНІСІ

Басуға 2014 жылы қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 6,8. Таралымы 100 дана